

А.Әбдірахманов

ҚАЗАҚСТАН  
ЭТНОТОПОНИМИКАСЫ

17 2009

1999 к





ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
ТІЛ ҒЫЛЫМЫ ИНСТИТУТЫ

А. ӘБДІРАХМАНОВ

ҚАЗАҚСТАН  
ЭТНОТОПОНИМИКАСЫ  
(ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН)



Қазақ ССР-інің «Ғ ы л ы м» баспасы  
А Л М А Т Ы — 1979

Қазақстан этнопонимикасы (Зерттелу тарихынан).  
Әбдірахманов Айтым. Алматы, Қазақ ССР-інің  
«Ғылым» баспасы, 1979.

127 бет.

Еңбекте этнопонимдер мен этнонимдердің арақатынасы сөз етіледі. Еңбектің зерттеу объектісі этнопонимдер болғанымен, мұнда олар, екінші жағынан, этноним ретінде де қарастырылады. Этнопонимдік және тарихи материалдарға сүйене отырып, автор Қазақстандағы және көршілес аймақтағы көне тайпалардың орналасуын, қалыптасуын баяндайды және олардың аттарына тарихи-этимологиялық талдау жасайды. Қазіргі социалистік ұлт болып қалыптасқан қазақ халқының этногенезі тарихи тұрғыдан қаралады.

Кітап тюркология мамандарына, ғылыми қызметкерлерге, жоғары оқу орындарының мұғалімдеріне, аспиранттарға, сол сияқты осы мәселеге қызығушы жұртшылыққа арналған.

Жауапты редактор

Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор  
Ф. Ф. МҰСАБАЕВ

А 70103—057  
407(07)—79 136.79.4602000900

© Қазақ ~~Т.Т.Т.Т.Т.~~ «Ғылым» баспасы. 1979 ж



## КІРІСПЕ

Осыдан 15—20 жыл бұрын топонимика лексикологияның жер-су аттарын зерттейтін бір саласы деп танылып келсе, соңғы жылдары ол география, тарих және лингвистиканың түйіскен жерінде пайда болып, жеке ғылым ретінде қалыптасып келеді. Қазіргі талап тұрғысынан ономастиканы, соның ішінде топонимиканы бір ғылымның әдістерімен зерттеу жеткіліксіз, өйткені атаулардың шығу, даму тарихы айналаны қоршаған табиғатпен, түрлі әлеуметтік-тарихи өзгерістермен тығыз байланысты. Осыдан келіп атаулардың мағыналық және этимологиялық құпияларын ашу үшін бірнеше ғылым салалары деректерінен хабардар болып, оларды жете пайдалану қажеттігі туып отыр.

Топонимиканың кесек бір саласы — *этнотопонимика*, яғни ру, тайпа, халық аттарынан қойылған географиялық атауларды зерттеу бөлімі. Ал этнонимдерден қойылған жер-су аттары — *этнотопонимдер* делінеді.

Этнотопонимдердің негізін құрайтын компонент — этноним. *Этноним* дегеніміз ру, тайпа, халық аты, ал оны зерттейтін білім саласын

этнонимика деп атаған жөн. Бұл еңбек «Қазақстан этнотопонимикасы» (Зерттелу тарихынан) деп аталғанымен, мұнда көп мәселелер этнос және этнонимдер тұрғысынан қаралады, өйткені сол этнотопонимдердің негізін этнонимдер құрағанын ескермей болмайды.

Ру, тайпа, халықтардың және оның аттарының әр түрлі қоғамдық формацияларда шығуын, дамуын, олардың қоғам құрылысымен байланысты т. б. мәселелерін Ф. Энгельс «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы»<sup>1</sup> деген еңбегінде марксизм ілімі тұрғысынан жете сипаттап берді. Этносты және этнонимдерді зерттеуде бұл еңбек әрқашанда басшылыққа алынып келеді және солай болмақ та.

Ф. Энгельстің аталған еңбегінде семья мен рудың арасындағы қарым-қатынас, рудың адам қоғамының алғашқы қауымы есебінде семьядан тууы, дамуы көрнекті түрде баяндалған<sup>2</sup>. Сонымен қатар ру және тайпа категорияларына анықтама беріледі, конкретті дәлелдермен суреттеледі.

Ру болуы үшін оның көп шарттары бар. Ф. Энгельс Морганның еңбегіне сүйене отырып, тайпа руларға бөлінетінін, ал олардың өз әдет-ғұрыптары бар екенін көрсетеді. Соның бірі мынау: «Рудың белгілі бір есімдері немесе бірнеше есімдері болады, ол есімдермен бүкіл тайпа ішінде сол рудың өзі ғана пайдалана алады, сондықтан әрбір ру мүшесінің есімі де оның қай рудың адамы екенін көрсете-

---

<sup>1</sup> Энгельс Ф. Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы. Алматы, 1967.

<sup>2</sup> Сонда, 29—70-б.

ді. Рудың праволары да ру есімімен тығыз байланысты болады»<sup>3</sup>. Бірнеше ру фратрия құрайды, ал бірнеше фратрия тайпа жасайды. Ал кейбір әлсіреген тайпаларда орта бунақ фратрия жетпей жатады, мұндай жағдайда бірнеше ру тайпа бола береді.

Америкадағы жеке үндіс тайпасы дегеніміз не деген сұраққа Ф. Энгельс былай деп жауап береді: «Олардың өз территориясы мен өзіне бөлек есімі болды»<sup>4</sup>. Тайпалар территориясының арасында бейтарап алқаптар жатады. Егер тілдері туысқан болса, онда бұл алқап — кіші де, тілдері түсініксіз болса, алқап — үлкен. Ал тайпа атаулары туралы Ф. Энгельс былай дейді: «Тайпалардың алып жүрген аттары саналы түрде таңдап алғаннан гөрі көбіне кездейсоқ түрде пайда болған деу дұрысырақ болар; бертін келе мынадай жағдай бола беретін болған: немістерге өздерінің «германдықтар» деген ең алғашқы жалпы тарихи атын кельттердің таққаны сияқты, іргелес тайпалар маңайындағы тайпаға сол тайпаның өзін-өзі атап жүрген атынан өзгеше ат беріп отыратын болған»<sup>5</sup>. «Осы тайпаның өзіне ғана тән ерекше диалекті болды. Шындығында тайпа мен оның диалектісі бір жерден шығып отырады; бөліну арқылы жаңа тайпалар мен жаңа диалектілер Америкада осы жақын арада ғана жасалды және осы кезде де ол мүлдем тоқтала қойды ма екен»<sup>6</sup>.

Ф. Энгельс тайпаның бұл көрсетілгеннен

---

<sup>3</sup> Сонда, 100-б.

<sup>4</sup> Сонда, 104-б.

<sup>5</sup> Сонда.

<sup>6</sup> Сонда, 105-б.

басқа алты белгісі бар екенін көрсетеді, соның ішінде тайпаға кіретін адам санын да сипаттайды.

Қорыта келгенде Ф. Энгельстің жоғарыда аталған еңбегі—ру, тайпа топтарын және оның аттарын зерттеуде марксистік ілім тұрғысынан басшылыққа алатын және үлгі тұтатын қағидалар жиынтығы.

Қазақ халқының ертедегі тарихын, халық болып қалыптасқанға дейінгі ру, тайпа, тайпа одақтары тарихын, этносы мен этнонимдерін революцияға дейін А. Левшин,<sup>7</sup> Г. Потанин,<sup>8</sup> В. В. Радлов,<sup>9</sup> А. Харузин,<sup>10</sup> Н. Аристов,<sup>11</sup> В. В. Бартольд,<sup>12</sup> Ш. Уәлиханов<sup>13</sup> т. б. ғалымдар зерттеді. Бұл ғалымдар өз еңбектерінде көне замандардағы және орта ғасырлардағы грек, қытай, араб, парсы, көне түркі, көне славян нұсқаларын, түркі халықтарының және қазақтардың шежіресін пайдаланды.

Революциядан кейінгі дәуірде түркі халық-

---

<sup>7</sup> Левшин А. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. Ч. III. Спб., 1832.

<sup>8</sup> Потанин Г. Очерки Северо-Западной Монголии... Спб., 1881, вып. 1.

<sup>9</sup> Радлов В. В. Этнографический обзор турецких племен Сибири и Монголии (перевод с нем. проф. Н. Н. Козьмина). Иркутск, 1929.

<sup>10</sup> Харузин А. Киргизы Букеевской орды (антрополого-этнографический очерк). Вып. 1, 2. М., 1889—1891.

<sup>11</sup> Аристов Н. Опыт выяснения этнического состава казахов Большой орды и каракиргизов. — «Живая старина», вып. 3, 4. Спб., 1894; *Он же*. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. — «Живая старина», вып. 3, 4. Спб., 1896.

<sup>12</sup> Бартольд В. В. Сочинения в 9-ти т. М., 1963—1975.

<sup>13</sup> Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в 5-ти т. Алма-Ата, 1961—1972. Киргизское родословие. Т. 1, с. 203—219.



тарының этногенезі, этностық құрамы, кейбір этнонимдердің этимологиясы жөнінде С. П. Толстов<sup>14</sup>, А. Н. Бернштам<sup>15</sup>, А. Н. Кононов<sup>16</sup>, Л. П. Потапов<sup>17</sup>, Т. А. Жданко<sup>18</sup>, С. М. Абрамзон<sup>19</sup>, Р. Кузеев<sup>20</sup>, Д. Е. Еремеев<sup>21</sup> т. б. совет ғалымдары жазды.

Жоғарыда көрсетілген еңбектердің ішінде Л. П. Потаповтың, Т. А. Жданконың, С. М. Абрамзонның, Р. Кузеевтің еңбектері алтай, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт халықтарының шежірелерін сыни көзбен қарап, кеңінен пайдалану арқылы жазылған. Академик А. Н. Кононовтың еңбектерінен басқаларының баршасы тарихи-этнографиялық бағытта. Аталған этнографиялық еңбектерде этимология туралы деректер аз, ал бары тарихи-лингвистикалық тұрғыдан дәлелденбеген этимология қатарында.

---

<sup>14</sup> Толстов С. П. Генезис феодализма в кочевых скотоводческих обществах. — «Известия гос. Академии матер. культуры», 1934, вып. 103.

<sup>15</sup> Бернштам А. Н. Проблемы распада родовых отношений у кочевников Средней Азии. — «Советская этнография», 1934, № 6; *Он же.* Древнетюркские элементы в этногенезе Ср. Азии. — «Советская этнография», 1947, № 6, 7.

<sup>16</sup> Кононов А. Н. Опыт анализа термина турк. — «Советская этнография», 1949, № 1; *Он же.* Родословная туркмен. М. — Л., 1958.

<sup>17</sup> Потапов Л. П. Этнический состав и происхождение алтайцев (историко-этнографический очерк). Л., 1969.

<sup>18</sup> Жданко Т. А. Очерки исторической этнографии каракалпаков. М. — Л., 1950.

<sup>19</sup> Абрамзон С. М. Формы родо-племенной организации у кочевников Средней Азии. — В кн.: Родовое общество. М., 1951.

<sup>20</sup> Кузеев Р. Очерки исторической этнографии башкир. Уфа, 1957; *Он же.* Башкирские шежере. Уфа, 1960.

<sup>21</sup> Еремеев Д. Е. Этногенез турок. М., 1971.

Ал А. Н. Қононовтың жоғарыда айтылған еңбектері тарихи тіл білімі тұрғысынан тынғылықты зерттелген. Біз бұл зерттеулерді кеңінен пайдалануға тырыстық.

Революциядан кейінгі дәуірде қазақ халқының этногенезі, тайпалық құрамы және кейбір этнонимдердің этимологиясы жөнінде жазған авторлардан М. Тынышпаев<sup>22</sup>, С. Аманжолов<sup>23</sup>, Ә. Марғұлан<sup>24</sup>, І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақов<sup>25</sup>, В. В. Востров пен М. Мұқанов<sup>26</sup>, С. Мұқанов<sup>27</sup> т. б. еңбектерін атауға болады.

Қаралып отырған мәселеге М. Ақынжанов, Х. Әділгереев, Ю. Зуев, В. Юдин, С. Ибрагимов, Б. Көмеков т. б. тарихшылардың еңбек-мақалалары да қатысты<sup>28</sup>.

---

<sup>22</sup> *Тынышпаев М.* Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925.

<sup>23</sup> *Аманжолов С. А.* Вопросы истории и диалектологии казахского языка. Алма-Ата, 1959.

<sup>24</sup> *Марғұлан А.* Комментарии к 5-ти т. Ч. Валиханова. Алма-Ата, 1961—1972.

<sup>25</sup> *Кеңесбаев С. К., Жанұзақов Т. Д.* О лексических пластах ономастики казахского языка. — «Советская тюркология», 1976, № 3, с. 78—88; *Жанұзақов Т. Д.* Основные проблемы ономастики казахского языка. Автореф. на соиск. учен. степени докт. филол. наук. Алма-Ата, 1976; *Соныкі.* Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. Алматы, 1965; *Соныкі.* Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы, 1971.

<sup>26</sup> *Востров В., Мұқанов М.* Родо-племенной состав и расселение казахов. Алма-Ата, 1968.

<sup>27</sup> *Мұқанов С.* Халық мұрасы. Алматы, 1974.

<sup>28</sup> *Ақынжанов М.* Қазақтың тегі туралы. Алматы, 1957; *Адилгереев Х. М.* К истории образования казахского народа. — «Вестник АН КазССР», 1951, № 1; *Зуев Ю.* Тамги лошадей из вассальных княжеств. — «Труды ИИАЭ АН КазССР», т. 8, 1960; *Он же.* Из древнетюркской этнонимии. — «Труды ИИАЭ АН КазССР», т. 15, 1962; *Юдин В.* О родо-племенном составе

Жоғарыда келтірілген деректер Одақ көлемінде де, Қазақстанда да халықтардың этногенезі, этносы және этнонимдері мәселелерімен көбіне-көп тарихшылар мен этнография мамандары шұғылданып отырғандығын көрсетеді. Ал тіл білімі тұрғысынан академик А. Н. Кононов пен С. Аманжоловтың еңбектері құнды да бағалы.

Алайда жеке этнонимнің шығуы, тарихи нұсқалардан орын алуы және оның этимологиясы туралы бұл авторлар да арнайы шұғылданған жоқ. Этнонимдердің тарихы, дамуы және шығу төркіні сияқты мәселелерді тарихи, этнографиялық мағлұматтармен толықтыра отырып, тіл білімі тұрғысынан ретке келтіру және зерттеу совет тіл мамандарының міндеті деп білеміз.

Этнонимдерді зерттеуге сын елегінен өткізсе, шежіренің де келтірер пайдасы бар. Шежіре деген не, ол қалай, қашан пайда болады деген мәселелер жөнінде К. Маркс пен Ф. Энгельс былай деп жазды:

«Морганның бұл мәселеге берген жауабын Маркс мына сөздермен қорытып өтеді: «Рудың алғашқы түрінде соған сай келетін қандас туыстық системасы,— басқа да қарапайым жай адамдардағы сияқты гректерде де бір кездерде рудың сондай алғашқы түрі болған,—

---

ве могулов Могулистана и Могули и их этнических связях с казахским и другими соседними народами. — «Известия АН КазССР, Серия общественная», 1965; вып. 3; *Ибрагимов С.* «Михман наме и Бухара» Рузбехана как источник по истории Казахстана XV—XVI вв. — «Труды ИИАЭ», т. 8, 1960; *Кумеков Б.* Государство кимаков IX—XI вв. по арабским источникам. Алма-Ата, 1972.

барлық ру мүшелеріне өздерінің бір-біріне туыстық қатынастарын білгізе алды. Олар бала жасынан-ақ өздері үшін өте маңызды бұл мағлұматтарды тәжірибе жүзінде біліп алатын болды... Рудың аты ру шежіресін жасады, ру шежіресімен қатар қойғанда жеке семья шежіресінің маңызы болмай шықты. Осы ру аты енді оның иелерінің бір тектен тарағандығына айғақ болуға тиіс еді; бірақ ру шежіресінің әбден алыс заманға кететіндігі сонша неғұрлым бертінірек кездегі ортақ ата-бабалары болған біраз реттерде болмаса, ру мүшелері енді өздерінің арасындағы шынымен болған туысқандық дәрежесін дәл анықтай алмады. Ру атының өзі тұқымның ортақ бір тектен тарағандығының дәлелі болды, дәлелі болғанда бөтен адамды ру адамы етіп алу реттерін санамағанда, даусыз дәлелі болды»<sup>29</sup>.

Сөйтіп, марксизм классиктерінің бұл қағидаларынан шежіре рулық қоғам заманында адамдардың бір-біріне туыстық қатысын білу үшін пайда болғанын байқаймыз. Күні кешеге дейін қазақтардың баласына жеті атасына дейін жаттататынын еске түсірсек, жоғарыдағы қағидалардың дұрыстығы растала түседі.

Осылайша туып дамыған қазақ шежірелері де таптық, немесе діни тұрғыдан өңделіп отырды. Қазақ шежіресінің басы үш варианттан басталады. Бірі — қазақтың арғы атасы Мұхаммед пайғамбардың сахабасы Әнестен тараған екен деп келеді<sup>30</sup>. Бұл шежіре ислам

---

<sup>29</sup> *Энгельс Ф.* Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы. 118-б.

<sup>30</sup> *Жданко Т.* Очерки исторической этнографии каракалпаков. 106—107-б.; *Мұқанов С.* Халық мұрасы. Алматы, 1974, 20-б.

дінін таратушылар мен қошеметтеушілердің пиғылынан туғанын аңғару қиын емес.

Екінші варианттағы шежіре—қазақтың арғы тегін төрелер тұқымына, яғни тарихта кеше болған Шыңғыс хан әулетіне жабыстыра салады<sup>31</sup>. Бұл шежірені де ғасырлар бойы қазақты билеген төре тұқымы — Шыңғыс хан әулеті идеологтарының ойлап шығарған әрекеті екені көрініп-ақ тұр.

Ал үшінші варианттағы шежіре — көне заманнан күнгірт тартып, ақиқаты бағзы заманда ұмытылып кеткен, тек ру, тайпа аттарының өзі ғана туыстықты білдіретін шежіре. Бұған XIX ғ. жазып алған ақын Н. Наушабаев пен XX ғ. басында жарыққа шығарған Кәрім Батишевтің шежірелері жатады<sup>32</sup>.

Бұл шежірелердің таптық, діни және идеологиялық үстемелерін сын көзімен қараса, олардың берер пайдасы аз болмаса керек. Тегінде шежіре мәліметтері түркі халықтарында ерте орта ғасырдан бар. Мәселен, түркілердің шығуы жөнінде екі аңыз VI—VII ғасырдағы қытай нұсқаларында сақталған<sup>33</sup>. Бұл аңыздардағы шежіре элементтері мифологиялық түсініктермен ұштасып жатады.

Ал көне түркі жазуларында да шежіре сюжеттері бар. Мәселен, Кюль-Тегин ескерткішінің үлкен жазуы былай басталады: «Жоғарыда көк аспан, төменде қара жер пайда болған-

---

<sup>31</sup> Қононов А. Н. Родословная туркмен. М.—Л., 1958, с. 185; Мұқанов С. Көрсетілген еңбегінің 16—17 беттері; Валиханов Ч. Собрание сочинений. Т. 1, с. 213—216.

<sup>32</sup> Бұл туралы деректерді С. Аманжоловтың аталған еңбегінің 29—30-беттерінен қараңыз.

<sup>33</sup> Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники. М., 1964, с. 105.

да, екеуінің арасында адам баласы пайда болды. Адам баласына ата тегім Бумын қаған, Естеми қаған хан болды».

Осы шежірені тарихшы Л. Н. Гумилев өзінше түсіндірді. Бумын 545 жылы, ал Естеми 554 жылы хан болған. Ал Кюль-Тегин 731 жылы өледі. Сонда Кюль-Тегин заманының түркілері адам баласының пайда болғанына 200 жыл болды, ал оның алғашқы хандары — Бумын мен Естеми деп түсінген<sup>34</sup>.

XI ғасырдың атақты тілші, этнограф ғалымы М. Қашқаридің еңбегінде<sup>35</sup> қаншама рулар тарихы мен олардың тұрағы айтылады.

Бұдан кейін түркі тайпаларының тарихы, шежіресі XIII ғасырдың аяғы, XIV ғасырдың басында 10 жыл бойы жазылған (1300—1310//11 ж.) Рашид-ад-диннің «Джами атауарих» (Сборник летописей) атты еңбегінде<sup>36</sup> молынан орын алған. Біздің байқауымызша Рашид-ад-дин еңбегі I томының I-ші кітабының бас жағында айтылатын шежіре, тайпалар тарихы ауызша айтылып жүрген шежіреден алынған болуы керек. Осы кітаптың бірінші бөлімшесін автор былай деп атайды: «Раздел первый относительно истории и **народных рассказов** об Огузе и двадцати четырех вышеупомянутых племенах, происшедших от его потомков и от некоторых его родных и двоюродных братьев, присоединившихся к не-

---

<sup>34</sup> Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М. — Л., 1951, с. 28, 36; Гумилев Л. Н. Древние тюрки. М., 1967, с. 340.

<sup>35</sup> Қашқари М. Девону луғатит түрк. Т. I—III, Ташкент, 1960—1963.

<sup>36</sup> Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. I—II. М. — Л., 1952—1960.

му. От них произошли племена: уйгуры, кыпчаки, канлы, карлуки и калачи. [Все это излагается] согласно тому, что сообщают мудрые люди [этих народов] (выделено мною.— А. А.) и на чем все они сходятся»<sup>37</sup>.

Міне, бұл тақырыпта айтылып тұрған «халық әңгімелері», «дана адамдардың айтуынша» деген сияқты автор сөздері Рашид-ад-дин еңбегінің бір нұсқасы халық аузында айтылып жүрген шежіре, аңыз-әңгімелер екенін көрсетеді. Ендігі шежіренің бір жазба нұсқасы — «Огуз-наме»<sup>38</sup>. А. М. Щербактың ойынша бұл шығарма XV ғасырда Жетісуда жазылған. Ал өзінің сюжеті және мазмұны жағынан «Огуз-наме» ертерек сияқты. Өйткені мұнда Огузхан адам мен жылқыны жеп шыдатпаған қиятпен (единорог) соғысады, Огузханды жорықтарда көк бөрі бастап жүреді<sup>39</sup>. Міне, бұл оқиғалар шығарманың ертелігін және мифтік бағытта екенін дәлелдейді. Осыған қарағанда Огуз-наме кеш жазылғанымен, мазмұны ертеректе. Бұл мәліметтер проф. Ф. Ф. Мұсабаевтың — «Огуз-наме» ерте орта ғасырда туған деген пікірін растай түсетін тәрізді.

Түркі тайпаларының шежіресі 1659—61 жылдары жазылған Абулғазының «Шәджәрә-и тәракімә» атты еңбегінде де баршылық<sup>40</sup>. А. Н. Кононовтың зерттеулеріне қарағанда бұл еңбек Рашид-ад-диннің кітаптарын пайдаланып жазылған<sup>41</sup>.

---

<sup>37</sup> Там же, т. I, кн. 1, с. 80.

<sup>38</sup> Щербак А. М. Огуз-наме. М., 1959.

<sup>39</sup> Там же, с. 81.

<sup>40</sup> Кононов А. Н. Родословная туркмен. М.—Л., 1958.

<sup>41</sup> Там же, с. 22.

Түркі және қазақ тайпаларының, хандарының тарихы мен шежіресі (авторы қазақ) Қадырғали Жалаиридің «Жамиат-тауарих» атты еңбегінде кездеседі. Темшік Бахадурдың немересі, Қошымбектің ұлы Қадырғали (бек) тарақ таңбалы жалайыр руынан. 1588 жылы Ораз-Мухаммед және Сейдақпен Ертісте қаршыға салып жүргенде, Қадырғали үшеуін Чулков воевода тұтқынға алып, Москваға жөнелткен. Қадырғалидің аталған еңбегі XVI ғасырдың аяғында Москвада жазылған және орыс патшасы Борис Годуновқа арналған.

Зерттеушілердің пікіріне қарағанда, Қадырғали Рашид-ад-диннің еңбегін аударып қана қоймай, Қазан, Астрахань, қазақ хандықтарының құрылуын, яғни XIV—XV ғасырлар оқиғаларын т. б. жазған. Қадырғали еңбегінің үлкен бөлімін Ш. Уәлиханов орыс тіліне аударған және жоғары бағалаған<sup>42</sup>.

Міне, бұл аталған тарихи нұсқа еңбектердің асса түркі халықтарының, қалса қазақ халқының этностық құрамын, көне тайпалардың тегін анықтауға пайдасын тигізері сөзсіз. Бұл нұсқаларда кейбір этнонимдердің халықтық этимологиялары да берілген. Соларды сын көзбен қарап, ғылым қажетіне жарату да тіл мамандарының міндеті деп білеміз.

Этнонимдер (сол сияқты этнотопонимдер де) қалай зерттелуі керек? Этнонимдерді зерттеу үшін тарих, этнография және тіл мамандарының ізденістерін бірлестіру қажет. Этнонимнің, оның иесі этностың пайда болу, даму, тарихтан орын алуы сияқты мәселелерін тари-

---

<sup>42</sup> *Валиханов Ч.* Собрание сочинений. Т. I, Алма-Ата, 1961, с. 142—168, 637, 645—646.



хи этнография және тарих мамандары қарастыруы керек. Ал олардың қай тілдің сөзінен шыққанын, қай тілде сөйлегенін анықтау — тіл мамандарының міндеті. Міне, осы екі саланың басын қосып зерттеу жүргізу сол халықтың этногенезін, халықтың этностық құрамын анықтауға зор пайдасын тигізбек»

Осы жағдайларды ескере отырып, біз еңбегімізде қазақ халқының этностық құрамына енген ең ірі компоненттердің — ұлыстардың, тайпа одақтарының тарихын және сол атаулардың шама келгенше этимологиясын ашуды алдымызға мақсат етіп қойдық. Мұнда жоғарыда аталған еңбектерді және көне, орта ғасырдағы грек, шығыс, араб, парсы нұсқаларын пайдалануға тырыстық.

Негізгі зерттеу методдымыз тіл білімінің табыстары тұрғысынан болғанымен, ретіне қарай тарихи және этнографиялық деректерді де молынан іздестірдік. Көптеген көне этнонимдердің этимологиясы осындай аталған ғылымдар жиынтығынан туатын комплексті методты қолданғанда ғана дұрыс ашылмақ. Сол этнонимдердің төркіні де тілдегі көне түбірлер мен көне құбылыстардың негізінде анықталады. Енді тарихи-лингвистикалық тұрғыдан қарастырылған зерттеулерімізді баяндауға көшейік.





ТҮРКІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЭТНОТОПОНИМДЕРІ  
МЕН ЭТНОНИМДЕРІ БОЙЫНША  
ТАРИХИ-ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ  
ЗЕРТТЕУЛЕР

<sup>1</sup> АШИНА. Көп зерттеушілердің пікіріне қарағанда көне қытай нұсқаларында кездесетін этнотопоним. Бірақ біз этноним ретінде зерттедік. Көне түркілердің арғы атасы бұл нұсқаларда *ашина* деп аталған. Көне түркілер және олардың негізгі бір руы *ашина* хундардан шыққанына қазір ешкім шүбәланбайды<sup>43</sup>. *Ашинаның* шығу тарихы және этимологиясы туралы көптеген авторлар жазған болатын. Біз солардың ішінен С. Аманжолов, Л. Гумилев, С. Кляшторный және Ю. Зуевтің пікірлеріне ғана тоқталамыз. /

Проф. С. Аманжолов Кіші жүздің құрамына кіретін алшын тайпа одағы мен көне түркілердің *ачин//ашин* тайпасын байланыстыра қарайды. Автор алшындардың көне қонысы Алтай болған, сондықтан Алтайды ертеден мекендеген найман тайпасы мен алшындардың таңбасы бірдей екенін ескертеді. С. Аманжолов алшындардың Алтайдан батысқа, қазіргі

---

<sup>43</sup> *Потанов Л. П.* Этнический состав и происхождение алтайцев. Л., 1969, с. 7.

аймаққа қарай жылжуы X ғасырда болса керек деп жобалайды <sup>44</sup>.

*Ашина* сөзінің этимологиясы туралы екінші автор Л. Н. Гумилев былай деп жазды: «С этим языком (древнемонгольским. — А. А.) *ашина* в 439 г. перешли на северную окраину Гоби. Слово *ашина* значило «волк». По-тюркски волк — «бури» или «касқыр», а по-монгольски *шоно/чино*. *А* — префикс уважения в китайском языке. Следовательно, *ашина* значит «благородный волк». Не подвергшееся китаизации слово сохранилось в арабской записи этого имени — *шанэ*» <sup>45</sup>.

!Бұл этимологияның осал жағы мынада: бір сөздің ішіндегі екі компоненттің бірін қытай, екіншісін монғол тілінен іздеушілігінде. Қытайдың бір дыбыстан тұратын *а* сөзі монғол сөзіне қосылды деу тым жасанды сияқты!

С. Қляшторныйдың еңбегінде *ашинаға* қатысты көне түркілердің шығуы жөніндегі екі легенда келтірілген. Бұл аңыз VI—VII ғасырларда жазылған қытай нұсқаларында сақталған.

Бірінші аңыз бойынша, кең батпақты алқаптың жиегінде өмір сүрген түркілердің арғы аталарына көрші тайпаның әскерлері тұтқиылдан шабуыл жасап, құртып жіберген. Түркі әулетінен тек он жасар ұл бала ғана тірі қалған. Ессіз жатқан аш баланы ұрғашы қасқыр тауып алып асыраған. Кейін бала осы қасқырға үйленген. Бірақ жаулары баланы тауып алып өлтірген. Осы баладан жүкті болған қас-

---

<sup>44</sup> Аманжолов С. Вопросы истории и диалектологии..., с. 41.

<sup>45</sup> Гумилев Л. Н. Древние тюрки, с. 23.

қыр Гаочанның терістік жағындағы тауға тығылып, сол жердегі үңгірде босанып, он ұл тапқан. Бұлардың бәрі де Гаочан аймағындағы қыздарға үйленіп, өз руларын құрайды.

Осы ұлдың бірі Ашина аталып, одан тараған ру да осындай атқа ие болады. Өзге ағайындарынан мықты да жүректі болған Ашина басқа тайпалардың да көсемі болады. Кейін ру көбейіп, адам саны бірнеше жүзге жетеді. Ашинаның мұрагерлерінің бірі Асянь-шад қасқырдың ұрпақтарын Гаочан тауынан ертіп шығарып, Алтай тауына орналастырады. Мұнда олар жуань-жуаньға бағынышты болып, темір заттар жасап беріп тұрады. Алтайда Ашина түрк деген атқа ие болады, өйткені бұл сөз Алтай тауының атымен байланысты.

Екінші аңыз бойынша түркі тайпасының арғы аталары Со деген аймақтан шыққан. Бұл тайпаның басшысы Абанбудың он жеті інісі болған. Оның бірі — Ичжинишиду (қасқырдың ұлы) деп аталған. Со аймағын жау шабуылдап құртып жіберген, ал аман қалған рулар бытырап қашып кеткен. Әлгі «қасқыр ұлының» балалары әкесінің қуаты арқасында бар пәледен аман қалған. Бір ұлы — аққу болған, екіншісі Афу мен Гянь (Абакан мен Кем, яғни Енисей) өзендерінің арасында мекен еткен, үшінші ұл Чжучже өзенінде билік жүргізген, ал үлкен ұлы Нодулу-шад Цзянсы Чжучжеши деген жерді мекендеген. Нодулу-шадтың он әйелі болған, олардан туған ұлдар аналарының атымен аталған. Оның ең кіші тоқалынан туған ұл Ашина деп аталған. Нодулу-шад қайтыс болғасын, ұлдары ең күштіміз көсем болсын деп келіседі. Өткізілген жарыста Ашина бәрінен мықты болып шығып, көсем болып

сайланады, одан соң ол Асянь-шад аталады. Одан Туу деген ұл туып, мұрагері болады. Одан түркі қағанатын құрған Тумын (Бумын қаған) туады <sup>46</sup>.

Осы келтірілген екі аңыздың негізінде С. Г. Кляшторный *ашина* руы 265 жылы Ганьсуға көшкен болуы керек, ал 460 жылы Алтайдың оңтүстік тармағына қарай қашып, жуаньжуаньдардың қол астында болған және осыдан кейін оларға түрк деген ат берілген, ал бұрынғы ашина аты билеуші түркі тайпаларының династиялық атына айналған деп қорытынды жасайды <sup>47</sup>.

*Ашина* сөзінің этимологиясы туралы С. Г. Кляшторный былай деп жазды: «Особый интерес вызывают обстоятельства, при которых возникло имя *ашина*. Тюркская генеалогическая традиция свидетельствует, что *ашина* было родовым именем матери основателя племени. В это же время другой вариант этой традиции указывает на местное восточно-туркестанское происхождение вождя племени *ашина* по материнской линии. Как уже отметил С. В. Киселев, указание на наследование имени по роду матери заслуживает «особого доверия». Но именно это указание заставляет искать исходную форму имени не в тюркских языках, а в иранских и «тохарских» диалектах Восточного Туркестана. В качестве одного из гипотетических прототипов имени можно выделить сакское *а̄шапа* «достойный, благородный», отраженное в агнийском *а̄шат*, кучанском *а̄шат*, но

---

<sup>46</sup> Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники, с. 105.

<sup>47</sup> Там же, с. 110—111.

окончательное решение вопроса, видимо, еще преждевременно»<sup>48</sup>.

Сөйтіп, С. Кляшторный *ашина* аналық ру атынан алынуы мүмкін деген пікірді қуаттай келеді де, сөз этимологиясын иран тілінен іздейді. Сақ тіліндегі *ашапа* агний, кучан тілдерінде *ашат* түріне қалайша көшкеніне де автор дәлел келтірмейді. Оның үстіне иранның *ашапа* сөзі түркі тілдерінің ру-тайпа атына енген болса, осы мағынадағы сөз көне түркі тілінде болуы керек емес пе еді? Бірақ көне заманда да, орта ғасырда да, қазіргі кезде де түркі тілдерінде бұл мағынадағы сөз жоқ. Қазақ тіліндегі *ашына* (мысалы *ашына болу*) сөзіне мұның қатысы жоқ. Сол себептен С. Кляшторныйдың өзі де «осы этимологиямен мәселе шешіліп қалды деп есептеу әлі ерте» деп мойындаған сөзін жоғарыда айттық.

Енді Ю. Зуевтің пікіріне тоқтайық. Ол өз баяндауларында көне түркі тарихы туралы қытай нұсқаларында көңіл аударылмай жүрген мына бір деректі келтіреді: «Известия о ранних тюрках встречаются и в ряде других китайских сочинений. Два из них, «Юанская смесь» (Юань цзацзу) и «Пространные записки, составленные в годы тайпин» (Тайпин гуанцзи), содержат варианты преданий, резко отличающиеся от классических летописных по сюжету и действующим лицам. Главным персонажем их является Белый олень с золотыми рогами, обитавший в пещере тюркских предков. Он был убит старейшиной племени аши во время облавной охоты. Тюркский предок Имо-шэли в

---

<sup>48</sup> Там же, с. 112.

гневе собственноручно обезглавил виновника убийства, и с тех пор у тюрков вошло в обычай во время жертвоприношения перед волчьим знаменем использовать для этого представителей племени *аши* (*ач*). Здесь все ново: олень Золотые рога, пещера тюрков и пещера ашидэ, находившаяся на востоке от пещеры ашина, ареал распространения ранних тюрков и человеческие жертвоприношения. Несмотря на понятную важность известий, эти предания ни разу не были привлечены в качестве источников для изучения проблемы и происхождения тюрков»<sup>49</sup>.

Ю. Зуев бірінші рет көне қытай нұсқасынан келтіріп отырған осы тарихи деректе тайпаның аты *аши* деп аталған. Ал *ашина* сөзінің этимологиясын талдағанда зерттеуші оны қытай нұсқаларындағы *усун* (*үйсін*) этнонимімен бір сөз деп қарайды. Оған мынадай дәлелдер келтіреді. Біздің эрамызға дейінгі 139 жылы усун жерінде саяхатта болған Чжан Цянь үйсіндердің шығу тегі жөніндегі аңызды жазып алған. Бұл аңыз бойынша үйсіндер сюннудің (хундардың — А. Ә.) батыс аймағы болып саналған. Үйсіндерді көршілес тайпалар түгел қиратып кеткенде, бір ғана ұл бала тірі қалған. Балаға рулық тотемдер көмекке келеді: қасқыр емшегін емізеді, көк тәңірісінің өкілі — қарға ет әкеліп беріп тұрады. Үйсін бала Шаньюдің тәрбиесінде болады. Біраз уақыт өткесін үйсіндер көршілері юечжилермен (юеди) соғысып, оларды жеңіп шығады. Үйсіннің осы жас қағаны сол-

---

<sup>49</sup> Зуев Ю. А. Древнетюркские генеалогические предания как источник по ранней истории тюрков. Автореф. на соиск. учен. степени канд. ист. наук. Алма-Ата, 1967, с. 8.

түстік-батысқа қарай көшеді. Оның негізгі жайлауы Жетісуда болады да, бір орталығы (қонысы) Алтайдың оңтүстік бетіндегі Бешбалық деген жер болады. Үйсіндердің Жетісудағы жері кең аймақты алып жатады. Оның бірі — сә (сақ) алқабы. Осы өлкеге иелік еткен Үйсіннің ең алғашқы ұрпағы Нань-Доудың он ұлы болады. Ю. Зуев осы келтірілген аңызды жоғарыда айтылған қытай нұсқаларындағы екі аңызбен қатар қойып, ашина-түркілер мен үйсіндер шығу тегі жағынан туысқан, сондықтан да *ашина* атауы мен *усун* (*үйсін*) этнонимінің этимологиясы да бір арнадан тарайды деп қарайды. Автор бұдан әрі былай дейді: көне түркілер (*үйсін*, *ашина*) өздерінің арғы атасы деп *көк* (*небо*) тотемін есептеген, бірақ оның атын атауға тыйым салынған. Сол себептен *көк* деген сөзді білдіретін үнді-иран сөзі *асман* және *ашан* түркілердің атына айналған. Бұл екеуі *усун* мен *ашина* этнонимдерінің негізі болған<sup>50</sup>. Ю. Зуевтің пікірі бұрмаланбауы үшін өз жазғанын дәл келтірейік.

«Ассоциация с усунями неизбежно возникает и при разборе слова *ашина* (среднекитайское звучание /â — /si — nâ/ < \*asapa ~ \*asna), имени одной из жен Дулу, фамилии ее сына, основавшего династию тюрков — *ашина*. Оно безусловно сопоставляется с упомянутым хотано-сакским *asapā* «синий», «небесный», представляющим несомненный вариант этнонима *асман*, скрывающегося под транскрипцией *усунь*. Правомерность данного сопоставления надежно поддерживается текстами древне-

<sup>50</sup> Сонда, 8—14-б.



тюркских рунических надписей, в которых династийные тюрки каганата (известные у хронистов под именем ашина) обозначены термином *көк* «синий», «небесный», являющимся калькой разнообразных *асман* и *ашана* (*ашна*)»<sup>51</sup>.

Сөйтiп, Ю. Зуев түркілер *көк* тотемін айтуға болмайтындықтан иран тілдеріне жататын хотан-сақ тілінің *асман* > *ашана* (*аспан*, *көк* мағынасында) сөзінен *ашина* және *усунь* (*үйсін*) этнонимдері алынған деп қарайды. Бұл арада автор мұндай табу сөздерді түркі тілдерінде екінші бір синоним түркі сөзімен ауыстыру дәстүр екенін ескермейді. Мәселен, қазақтар қасқырды *ұлыма*, пышақты *жоныма* деп те қолданған. Автор өз зерттеуінің бір жерінде түркілер *көк* тотемін айта алмай *асман* — *ашан* сөзін ираннан алды десе, соңғы келтірілген цитатада ол түркінің *көк* сөзі *асман* және *ашана* (*ашна*) деген хотан-сақ сөзінің калькасы (аудармасы) деп қарайды. Сонда түркілер *көк* сөзін иран тілінен аударып алған бә? Ю. Зуевтің *көк* (кейде *тәңірі*) тотемін айтуға тыйым салынған деген пікірі де бекершілік, өйткені Кюль-Тегиннің ескерткішінде *көк түрк* атауы кездесетіні айдан анық<sup>52</sup>. Егер *көк* тотеміне тыйым салынса, оны мұндай атакты ескерткішке енгізе ме? *Көк түрк* тіркесінің ескерткіштен орын алуы, керісінше, бұл сөздің жиі қолданылғанын дәлелдейді. Оның үстіне Кюль-Тегинге қойылған үлкен ескерткіш «*жоғарыда көк тәңірі, төменде жер пайда*

---

<sup>51</sup> Сонда, 10-б.

<sup>52</sup> Малов С. Е. Памятник древнетюркской письменности. М. — Л., с. 29.

болғанда»<sup>53</sup> деп басталатынын автор қалай ұмытқанына таңымыз бар.

Ал Ю. Зуевтің *ашина* мен *усунь* этнонимдерін жақындастыруына ешбір негіз жоқ екенін С. Кляшторный дәлелдеген<sup>54</sup>. Олай болса, *ашина*, *үйсін*, *көк түрк* бұлар түркі тайпаларына жататын жеке-жеке тармақтар болса керек. Сөйтіп, осы келтірілген дәлелдердің негізінде біздіңше *ашина* этнонимінің этимологиясын иран тілдерінен шығаратын С. Кляшторный мен Ю. Зуевтің пікіріне қосылуға болмайтын сияқты.

Біздің ойымызша /*аши*//*ашина* — көне түркі сөзі. Сөз этимологиясына тоқталмас бұрын осы этнонимнің пайда болу жағдайындағы тарихи деректер мен факторларға тағы бір көз салып өтейік.

Жоғарыда С. Кляшторныйдың еңбегінен келтірілген бірінші аңызда қасқырдан туған ұл Ашина аталған, ал Ашинаның ұлы Асянь-шад аталған. Ал екінші аңызда Нодулу-шадтың он әйелі болған. Осы әйелдерінен туған ұлдар шешелерінің атымен аталған. Оныншы тоқалының аты — Ашина, одан туған ұлдың аты да Ашина, ал Ашинадан Асянь-шад, одан Туу, одан Тумын (Бумын) туады. Ал Бумын — 552 жылы жужаньдарды жеңген алғашқы түркі қағаны.

Сөйтіп, мұнда бірінші аңызда қасқырдан туған ұл, екінші аңызда Нодулу-шадтың тоқалынан туған ұл шешесінің атымен Ашина аталады. Осы кездейсоқ па? Біздіңше кездейсоқ емес. Мұнда анадан туған ұл да, одан тараған

<sup>53</sup> Сонда, 28-б.

<sup>54</sup> Сонда, 111—112-б.

ру да ана атымен аталатынын айтып отыр. Бұл жағдай Ф. Энгельстің еңбегінде дәл айтылған<sup>55</sup>. Ендеше бұның өзі матриархаттың қалдығы болуы керек.

Ю. Зуевтың зерттеулеріне қарағанда, түркі қағанаты құрылғанға дейін түркілерді басқарушылар екі бағытта болған: қаған (император) және қатын (императрица) ең жоғары билік жүргізген. Қағанатта қаған руы *ашина*, ал қатын руы *ашидэ* деп аталған<sup>56</sup>. Сөйтіп, бұл кезде матриархат пен патриархат әлі қатар жүрген кезең болған.

С. Кляшторный *ашина* сөзінің этимологиясы туралы жазған П. Будберг, Ю. Зуев, З. В. Тоган сияқты авторлардың пікірін сынай келіп былай дейді: «Однако для объяснения этимологии слова *ашина* эти сближения вряд ли имеют значение: они лишь подтверждают уже установленную близость китайской транскрипции слова к его возможному произношению в древнетюркском языке»<sup>57</sup>.

Мұнда қытай транскрипциясымен берілген сөз түркі тілдерінде осылай айтылуы мүмкін екені айтылған. Ендеше түркі тілінде этноним дәл қалай айтылғаны әлі анықталған жоқ, бірақ *аши*, *ашина* деп айтылуына жақын екені даусыз.

Осы тарихи жағдайларды және басқа толықтырма дәлелдерді келтіре отырып, біз *ашина//ашидэ* этнонимдерінің түбірі түркі тілдеріндегі фонетикалық варианттардағы *ача//ачи//ачы//әж//әже//ажын* — (бабушка, мать,

---

<sup>55</sup> Энгельс Ф. Жоғарыда аталған еңбегінің 95-беті.

<sup>56</sup> Зуев Ю. Көрсетілген авторефератының 16-беті.

<sup>57</sup> Кляшторный С. Аталған еңбегінің 112-беті.

старшая сестра, тетя по отцу, старший родственник) сөздерімен түбірлес деп ойлаймыз.

Бұл сөз Кюль-Тегин ескерткішінде <sup>..v..</sup> *асу* түрінде үш рет <sup>v</sup> *aci* түрінде де үш рет кездеседі <sup>58</sup>. Бұл сөздердің жазылу формасы мен мағынасын ашудың принциптік маңызы болғандықтан, біз С. Е. Малов, Ф. Ф. Мұсабаев және Ф. Айдаров еңбектерін салыстыра отырып, төмендегідей таблица жасадық. Жақшаның ішіндегі цифрлар бағана ретін білдіреді. Басшылыққа С. Е. Малов нұсқасы алынды.

С. Е. Малов та

<sup>..</sup> <sup>..</sup>  
*ачу*

1) <sup>..</sup> <sup>..</sup> <sup>..</sup> <sup>..</sup> *уза ачум апам* — мои предки

(13) <sup>..</sup> <sup>..</sup> *ачум апам* — мои предки

(19) <sup>..</sup> <sup>..</sup> *ачүміз апамыз* — наши предки

<sup>..</sup>  
*ачі*

(5) <sup>..</sup> *ачі* — старший брат

(16) <sup>..</sup> <sup>..</sup> <sup>..</sup> *уза ачим* — мой дядя

<sup>..</sup>  
*ачім* — мой дядя

(26) <sup>..</sup> *ачіміз* — наш дядя

Ф. Ф. Мұсабаев та

(1) *өзі ечим, апам* — отцы наши, предки мои

(13) *Ечум, апам* — предки мои (старшие мои) братья

(19) *Ечіміз, апамыз* — наши отцы и матери (предки)

<sup>58</sup> Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности, с. 28—31.



Кісі оғлынта ұза ачум апам Бумын қаған, Истеми қаған олурмуш (Над сынами человеческими воссели мои предки Бумын-каган и Истеми каган). Бұл тексте хан тағына Кюль-Тегиннің ачу-апалары (қазіргі түсінікше аталары) Бумын және Истеми қаған отырғаны айтылып тұр. Ғ. Айдаров бұл сөзді екіге бөліп, ачу сөзін «бабушка» деп, апа сөзін (КТб 1, 13, 19, 26) «старший родственник» деп аударыпты<sup>62</sup>.

Қорыта келгенде, Кюль-Тегин ескерткішіндегі ачум-апам қос сөзі сол кезде «арғы тегіміз» (қазір солай түсінеміз) деген мағынада қолданылған. Ең алғашқы түркі қағаны 552, кейінгі Истеми қаған 576 жылы, ал Кюль-Тегин 731 жылы қайтыс болғанын ескерсек, Кюль-Тегин өзінен 150—180 жыл бұрын өмір сүрген Бумын мен Истеми қағандарды «ачум-апам» (қазіргіше бабам, атам яғни арғы тегім деген сөз) деуі әбден орынды. Бірақ Кюль-Тегин өзінің арғы аталарын «ата, баба, әке» демеі, неге ачу-апа деген? Не себептен бұл қос сөзді С. Малов «предки» деп аударып отыр? Ачи сөзін ол не себептен «старший брат, дядя» деп аударған? Біздіңше, мұнда әрі тарихи, әрі лингвистикалық үлкен сыр бар. Ең алдымен, түркілердің қаған қойылуы аналық право жолымен болғанын жоғарыда айттық. Мәселен, анасының аты Ашина, одан туған түркі қағанының аты да Ашина. Сонда ол кездегі туысқандық ұғым аналық жолмен жүрген. Сондықтан рудың негізін салған ананы ачу деп ата-

<sup>62</sup> Айдаров Ғ. Аталған еңбегінің 75-беті.

ған да, одан тараған кейінгі ұрпақтар ана жағынан арғы тегін *ачу-ана*, ал ағаларын *ачі* деген. Ендеше *ачу//ачі* сөзінің алғашқы мағынасы «бабушка, мать», кейінгі мағына «ана» тармағынан тараған «жасы үлкен кісі, аға» т. б.

Бұл фактілерді қорыта келіп, жоғарыда айтылған аңыздардағы түркілердің рулық анасы (қазіргі түсінікте атасы) *аши//ашина* сөзінің этимологиясы осы *ачу//ачі* («мать», «бабушка», «старший родственник» по линии матери) сөзімен түбірлес болуы керек деген жорамал айтуға болады.

Бұл пікірді қазіргі түркі-монғол және кең мағынадағы алтай тілдерінің деректерімен толықтыра кетейік.

*Ача//әже* сөзінің фонетикалық варианттарымен түркі тілдерінде қолданылуын Л. А. Покровская толық зерттеген болатынды. Біз соның ең қысқа түрін келтірейік: *ача*-тува тілінде: «отец», өзбек тілінде (обл): «бабушка», «прабабушка», ұйғырша: «старшая сестра», хакасша: «старший брат», «дядя» (по отцу), шорша: «старший брат» или «старшая сестра». *Ачы* хакас тілінде «племянник по отцу», алтайша: 1) «младший брат отца», 2) «дочери, сыновья и внуки брата».

*Әже* — қазақша (бабушка), *әже* — қырғызша (старшая сестра, тетя по отцу), ист. «старшая жена по отношению к младшей» (қазақша — бәйбіше), *әже* — түрікменше: 1) «мама» (при обращении), 2) «тетя со стороны отца», «старшая сестра», *әсә* — башқұрша (мать), *ичем, иджем, ижем, ишем* — орта чулым түркі

тілдерінде (мать), *адье* — алтайша 1) «тетка», 2) «старшая сестра» и т. д.<sup>63</sup>.

*Ача//ачы* сөздерінің тува, шор, хакас тілдерінде әр адамдарға қолданылуы ана тармағынан тараған туысқандықты білдіретін мағынаны сақтап қалған. Ал қалған тілдерде *ача//әже* сөзі тек «ана, әже, апа» дегенді білдіретін әйел қауымының мағынасын сақтаған.

*Ачү//ачы//ача//әже* т. б. толып жатқан фонетикалық варианттағы бұл сөздің «ана, әже» мағынасы өте көне екенін монғол тілдерінен де көруге болады: бурят-монғол тілінде *ажаа*— 1) уст. «матушка»; 2) почтительное обращение к матери отца: *эжы* — «мать, мама, матушка»<sup>64</sup>, монғол тілінде *аажий* — «бабушка»<sup>65</sup>, қалмақ тілінде *когшн ээж* — «бабушка» (обращение)<sup>66</sup>. Нанай-ульча тілінде *аш* — «жена». Монғол және нанай-ульча тілдерінде бұл сөздердің, «әже, шеше, әйел» мағыналарын беруі олардың өте ертеден алтай тілдерінде бар екенін дәлелдейді.

Түркі тілдерінде *й//ж//ж//з//д//ч//с//с* дыбыстарының кеңінен алмасатыны белгілі<sup>67</sup>. Осыған орай қазақ, қырғыз, алтай, тува т. б. түркі тілдерінде қолданылатын «*ай дейтін әже (ажә, ача) жоқ, „қой“ дейтін қожә жоқ*» деген

<sup>63</sup> Покровская Л. А. Термины родства в тюркских языках. — В кн.: История развития лексики тюркских языков. М., 1961, с. 28—29.

<sup>64</sup> Бурят-монгольско-русский словарь. М., 1951, с. 35, 725.

<sup>65</sup> Орос-монғол толь. Улан-батор. 1967, с. 28.

<sup>66</sup> Краткий русско-калмыцкий словарь. М., 1969, с. 39.

<sup>67</sup> Дмитриев Н. К. Фонетические закономерности..., ИСГТЯ, 1. Фонетика, М., 1955, с. 266.



мәтелдегі *эже* (*ажа*) сөзін проф. К. К. Юдахин «старшой» деп аударарды<sup>68</sup>. Бұл мәтелде аналық дәуірдің ізі жатыр. Ру басы *эже* (эйел басшы) болғанда айтылған сөз болуы керек. Мұндай мақал-мәтелде, тұрақты тіркестерде сөздің көне мағынасы көбірек сақталатыны лингвистикада белгілі құбылыс. Бурят-монғол тіліндегі *эжэн//эзэн* — «хозяин, владелец», қалмақ тіліндегі *ээн* — «хозяин» сөздері де осы сөзге жақын, бір арнадан сияқты.

Қазақ, қырғыз тілдеріндегі абысын-*ажын* (өзара туыс адамдардың әйелдері) қос сөзіндегі *ажын* жоғарыдағы *ашин(а)* сөзіне дәл келіп тұр емес пе? Сөз жоқ, бұлардың байланысы бар.

Жоғарыда С. Г. Кляшторный «*ашина* — рудың негізін салушы ананың аты» дегенін, ал проф. С. В. Киселев «рудың аты ананың атымен аталуы үлкен сенім тудырады» деген пікірлерін келтірдік. Ендеше, *ашина* аты, яғни ананың аты ұлдарына және руға берілуі көне түркілер қоғамында матриархаттың әлі жойылмаған кезінде жүзеге асырылған.

Адамзат тарихының матриархаттық ру құрылысы кезеңін Ф. Энгельс былай суреттейді: «Өзінің алғашқы түрінде рудың құрамының қандай болғанын біз жоғарыда пуналуалы семьяны қарастырған кезімізде қарап өттік. Ол ру — пуналуалы неке арқылы және ондағы сөзсіз үстем болып отырған түсініктер бойынша белгілі бір ру басы әйелдің — руды негіздеушінің танымалы ұрпақтарын құрайтын барлық адамдардан құралады. Семьяның бұл түрінің кезінде баланың әкесін шын анықтау

---

<sup>68</sup> *Киргизско-русский словарь*. М., 1965, с. 23.

мүмкін болмайтындықтан әйел жолы ғана мойындалады. Ағалы-інілі адамдар өздерінің апа-қарындастарына үйлене алмай, тегі басқа әйелдерге ғана үйлене алатын болғандықтан олардың сол бөтен әйелдерден туған балалары аналық право бойынша сол рудан тыс қалады. Сонымен, әрбір ұрпақтың қыздарының тұқымдары ғана өз одағының ішінде қалады; ұлдардың тұқымдары өз аналарының руына көшеді»<sup>69</sup>.

Ф. Энгельс бұдан әрі Морганның зерттеулеріне сүйене отырып, алғашқы рудың классикалық формасы ретінде ирокездердің сенекатайпасының рулық үлгісін мысалға алады. Мұнда әр рудың белгілі бір немесе бірнеше атқа ие болатынын, ол атпен тек осы рудың өзі және оның мүшелері ғана пайдаланылатыны айтылады. Жеке кісінің аты да осы ру атымен аталады, сөйтіп ол кісі қай руға жататыны аты арқылы белгілі болады<sup>70</sup>. Америка үндістерінің аналық ру қоғамы кейінгі уақытқа дейін сақталған. Ол туралы Ф. Энгельс: «Американы ашқан кезде бүкіл солтүстік Американың индеецтері аналық право негізінде руларға ұйымдасқан еді»,<sup>71</sup>—дейді.

Аналық ру аттарының ұзақ сақталатыны жайында Ф. Энгельс былай дейді: «Солтүстік американың индеецтерінің мысалынан біз мыналарды көреміз: алғашындағы тұтас бір тайпа бірте-бірте ұлан-байтақ материкке тарап отыр; тайпалар бөліне-бөліне келіп, халықтарға, толып жатқан тайпа топтарына айналып отыр,

---

<sup>69</sup> Энгельс Ф. Аталған еңбегінің 97-беті.

<sup>70</sup> Сонда, 100-б.

<sup>71</sup> Сонда, 101-б.

тілдердің бір-біріне түсініксіз болғаны былай тұрсын, сонымен қатар алғашқы тіл бірлігі дегеннің жұрнағы да қалмай тілдер өзгеріп отыр; мұнымен қабат тайпалар ішінде кейбір рулар бірнеше руларға бөлініп отыр, бұрынғы аналық рулар фратриялар түрінде қалып отыр, ал оның бержағында сол бұрынғы рулардың аттары бірінен-бірі аулақ жатқан, бірінен-бірі әлдеқашан бөлініп кеткен тайпаларда сонда да болса бірдей — «қасқыр» мен «аю» деген аттар барлық индеец тайпаларының көпшілігінде әлі де болса рулық аттар болып келе жатыр. Жоғарыда суреттеліп өткен қоғамдық құрылыс бүтіндей жалпы алғанда индеец тайпаларының барлығына тән, айырмашылығы тек сол ғана — олардың бірсыпырасы туысқандас тайпалар одағын жасарлық дәрежеге жете қоймады»<sup>72</sup>.

*Ачын* ру атының түркі халықтарының атында сақталуы Ф. Энгельстің бұл пікірін дәлелдей түседі. Мәселен, проф. С. Аманжолов Сібірдегі қызыл тайпасының құрамында *ачын* деген рулар бар екенін көрсеткен болатын<sup>73</sup>.

Ф. Энгельстің еңбегінде алғашқы ру, ру аттарының рулық қоғамдағы ролі, алғашқы қоғамдағы ру шежіресі, оның кейін жоғалуы сияқты мәселелерге К. Маркстің көзқарасы келтірілген<sup>74</sup>.

Сонымен алғашқы матриархат, одан кейінгі патриархат заманында рулық қоғам дамыды, рудың аты сол рудың туыстық эмблемасы болды. Рулық қоғамдағы адамдардың туыстығын білдіретін шежіре де сол кезде жасалды.

---

<sup>72</sup> Сонда, 109—110-б.

<sup>73</sup> Аманжолов С. Аталған еңбегінің 41-беті.

<sup>74</sup> Энгельс Ф. Аталған еңбегінің 118-беті.

Қытай нұсқаларындағы *ашина* туралы аңызды біз шежіренің басы деп қараймыз. Ал бұл аңыздағы түркінің атасы — ұл баланың қасқырға үйленуі қазақ аңыздарында осы күнге дейін сақталған. Бұл туралы зерттеуші А. Махмұтов былай деп жазады: «Жігіт пен өнерлі қыз» (Қазақ ертегілері, I-т. Алматы, 1957, 96-бет) деп аталатын қазақ ертегісінде жігіт ақ қаншық қасқырды әйел етіп алады. Жігіттің қасқыр қалыңдығы мен қасқыр енесі оған адам баласының қолынан келмейтін жақсылықтар істейді»<sup>75</sup>.

А. Махмұтов матриархат заманының қалдығы көне түркі жазуларында сақталғанын, әйел образы тас дәуірінде мүсін болып жасалғанын, үрім-бұтақ, туыстық белгілер әйел есімімен тығыз байланысты болғанын атап көрсетті<sup>76</sup>.

Бұл келтірілген пікірлер мен фактілер түркілердің «түрк» атанғанға дейінгі *аши*//*ашина* аты бұл қоғамда аналық ру құрылысының соңғы кезінде қойылғанын дәлелдейді. Түркі қағандары кейін тек осы рудан ғана қойылатын болған. Сондықтан Ашинаның мұрагері болып есептелетін Асянь-шад, Ашидэ деген хандардың аты да Ашинаның варианттары болып табылады. *Аши(н)* жекелік түрі де, оның ұрпағы *Ашидтің* атындағы *д* дыбысы түркі-монғол тілдеріндегі ертедегі көптік жалғауын білдіруі мүмкін.

|ҮЙСІН. Этнотопоним. Тарихта біздің эрамызға дейін белгілі. Жетісуды ертеден жайла-

<sup>75</sup> Махмұтов А. Эпиграфиялық мұраларды зерттеу тарихынан. — Қит. Қазақстан эпиграфикасы. Алматы, 1971, 34-б.

<sup>76</sup> Сонда, 41—42, 77-б.

ған «Ұлы жүз үйсін елі» атанған тайпа одағы және ел аты. Біздің эрамызға дейінгі III ғасырдан белгілі үйсіндердің шығу тегі туралы тарихи еңбектерде әр түрлі көзқарас орын алып келді. Мәселен, Абель-Ремюза, Клапрот, Г. Е. Грумм-Гржимайло сияқты ғалымдар үйсіндер үнді-гот тұқымдас халық десе, Ф. Гренар финн-угор тектес деп таласты. Бұдан кейінгі Дегин, В. В. Григорьев, Г. Вернадский, А. Н. Бернштам, С. П. Толстов сияқты ғалымдар үйсіндерді біздің эрамызға дейінгі II ғасырдан белгілі асиандармен бір халық, ендеше үйсіндер иран тілдес деп қарады.

Ал Н. А. Аристов, К. Сиратори, Х. Хирт, И. Маркварт сияқты ғалымдар үйсіндердің түркі тілдес екендігін дәлелдеу жағында болды<sup>77</sup>. Қазақ авторларының ішінен үйсіндердің өте ертеден осы Жетісуда өмір сүргені, олардың түркі тілдес болғаны және қазақтың халық тілі осы үйсін тілінің негізінде жасалғаны туралы пікір айтқан Ф. Ф. Мұсабаев болды<sup>78</sup>.

Ал ертедегі үйсіндердің тілі түркі тобына жатқандығын, шығу тегі жағынан түркі тұқымдас гундарға жақындығын дәлелдеген автор Ю. Зуев<sup>79</sup>. Көне үйсіндердің (біздің заманымызға дейінгі III ғ. және біздің заманымыздың III ғ.) тілі жөнінде жазған мақаласында Ю. Зуев көне қытай нұсқаларындағы үйсіндер-

---

<sup>77</sup> *Үйсін* жөніндегі бұл деректер мына еңбектен алынды: Зуев Ю. К этнической истории усуней. — «Труды ИИАЭ АН КазССР», т. 8, 1960, с. 5—7.

<sup>78</sup> *Мусабаев Г.* Становление и развитие казахского языка. Алма-Ата, 1951.

<sup>79</sup> *Зуев Ю.* К вопросу о языке древних усуней. — «Вестник АН КазССР», 1957, № 5, с. 61—74; *Он же.* К этнической истории усуней. — «Труды ИИАЭ АН КазССР», 1960, т. 8, с. 5—25.

ге байланысты титулдар мен атауларға талдау жасайды, соның нәтижесінде мынадай түркі сөздерін табады: *күн бег, бұғу, ябғұ, кун бей (би), ұлығ, тархан, кунчай (күнше, қанша), сыпу, сохан, чаян, Ақсай, бөрі, Эршак ери, тығ бей(би), беркү (т), эркин, ерліг, чериг бей* т. б.

Сөйтіп, ол үйсіндердің өте ертеден түркі тілдес екенін бірінші рет нақтылы фактілермен танытты. Ю. Зуев жоғарыда көрсетілген екінші мақаласында да үйсіндер тегі жағынан да гундармен, яғни түркілермен жақын екенін сипаттады. Бірақ осы соңғы мақаладағы оның үйсіндер Ордос аймағынан Жетісуға көшіп келген (22—23-б.) деген пікірінің ешбір негізі жоқ. Өйткені үйсіндердің біздің заманымызға дейінгі III ғасырларда Жетісуда өмір сүргенін археологиялық материалдар бұлтартпай дәлелдеп отыр<sup>80</sup>. Үйсіндердің тегі де, тілі де түркі тұқымдас екенін С. Аманжолов, В. В. Востров, М. С. Мұқанов сияқты авторлар да айтқан болатын<sup>81</sup>. Үйсіндердің тарихы жөніндегі деректер осы көрсетілген еңбектерде толық айтылғандықтан, біз оларға тоқталмаймыз.

Енді *үйсін* этнонимінің этимологиясын сөз етейік. Бұл атаудың этимологиясы туралы алғаш рет IV ғасырда Цинь дәуірінің тарихшысы Сун Юньнің еңбегінде кездеседі. Ол *усунь* сөзі монғол тілінен шыққан, монғолша *усунь* — «су» деген сөз дейді<sup>82</sup>. Бұл этимология бізге

<sup>80</sup> Акишев К. А., Кушаев Г. А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата, 1963, с. 139.

<sup>81</sup> Аманжолов С. Вопросы истории диалектологии..., с. 32—33; Востров В. В., Муканов М. С. Родо-племенной состав и расселение казахов... Алма-Ата, 1968, с. 30.

<sup>82</sup> Сичуй цзунтун шилию. Цз. 12. 1-б.; Зуев Ю. К этнической истории усуней, с. 14.

сенімсіздеу көрінеді, өйткені «су» (*усун*) сол сияқты «тау», «жер» деген сөздер халық атына өтуі тарихта кездеспейді.

Үйсін этнонимінің этимологиясын Ю. Зуев үнді-иран тілдерінен іздейді. Ол былай деп жазды: «Транскрипция *у-сунь* звучали в древнетюркском языке *aḥsməp* (Э. Пуллибланк). Следовательно, она могла соответствовать

лишь туземному *asman* (*аман*) или *asmaḡ* (*асмар*), а не асиан, как думали ранее (Де Гинь, В. В. Григорьев, Т. Кингсмилл, С. П. Толстов и др.). Слово в таком виде лучше всего воспринимается на индоиранской почве, где мы имеем

ав. *asman* сскр. *áśman*, *aṣmagas* зенд. *aśman* др.-ир. *asman-*, *ásan-*, *aśan* (*aśn*), *asmaḡá* в значении «небо», хотано-сак. *aśanā* «синий», «небесный». Индоиранское звучание имени в данном случае, видимо, не отражает этнической принадлежности его носителей и является, возможно, переводом некоего самоназвания»<sup>83</sup>.

Автор бұдан әрі көне түркілердің арғы атасы *ашина* этнонимінің этимологиясын талдағанда, оны көне қытай нұсқаларындағы *усунь* (*үйсін*) этнонимімен қатар қойып, екеуі бір арнадан шыққан деп қарайды. Бұл пікірге автор көне қытай нұсқаларындағы *усунь* және *аши* (*ашина*) атауларының шығуы жөніндегі аңыздар мазмұнының ыңғайластығына, ұқсастығына қарап келген.

Ю. Зуев бұдан әрі былай дейді: көне түркілер (*усунь*, *ашина*) өздерінің арғы атасы деп

<sup>83</sup> Зуев Ю. А. Древнетюркские генеалогические предания как источник по ранней истории тюрков, с. 5—6.

*көк* (небо) тотемін есептеген, бірақ оны атауға тыйым салынған. Сол себептен *көк* деген сөзді білдіретін үнді-иран сөзі *асман* және *ашан* түркілердің атына айналған<sup>84</sup>.

Сөйтіп Ю. Зуев түркілер *көк* тотемін айтуға болмайтындықтан, иран тілдеріне жататын хотан-сақ тілінің *асман* > *ашана* (аспан, көк) сөзінен *ашина*, *усунь* (*үйсін*) этнонимдері алынған деп қарайды<sup>85</sup>. Автор айтқандай *көк* тотемі түркілердің тыйым салынған сөз болса, онда оны ауыстыратын басқа сөзі табылмағаны ма? Біздіңше *көк* сөзіне тыйым салынған деген Ю. Зуев пікірі көңілге мүлде қонымсыз. Өйткені *көк түрк* этнонимі орхон-енисей жазуларында бар<sup>86</sup>.

Ю. Зуевтің *ашина* мен *усунь* этнонимдерін жақындатуына ешбір негіз жоқ екенін С. Кляшторный да дәлелдеген<sup>87</sup>. Олай болса *ашина*, *үйсін*, *көк түрк* — түркі тайпаларына жататын жеке-жеке этнонимдер болса керек. Сондықтан Ю. Зуевтің *усунь*, *ашина* этнонимдері иран тілінен шығуы керек деген пікіріне қосыла алмаймыз.

*Үйсін* этнонимінің этимологиясы туралы І. К. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақов та жазды. Олар Т. Жанұзақовтың бұрынғы зерттеулеріне сүйене отырып, сөз этимологиясын былайша талдайды: «...этноним *үйсун* состоит из двух самостоятельных компонентов. Первый компонент его *уй/ой*, второй компонент *сын/син*.

<sup>84</sup> Сонда, 8—14-б.

<sup>85</sup> Сонда, 10-б.

<sup>86</sup> Малов С. Памятники древнетюркской письменности, с. 29.

<sup>87</sup> Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники, с. 111—112.



Компонент *уй/ой* сопоставляется с компонентами *ойғыр ~ уйгир, ойрат, оймаут*, а второй компонент *сын ~ син* с компонентами этнонимов *алшын, байсын»* <sup>88</sup>.

Авторлар мұның бірінші бөлімі *ой* «лес», «роща» дегенді білдіреді, ал екінші сыңары түркі-монғол тілдеріндегі *зон* (монғол, бурят, тунгус-маньчжур, якут тілдерінде — «халық»), *чон* (туваша — «халық», «тайпа»), *сын* (чувашша — «кісі», «халық») сөздерімен түбірлес дейді. Сөйтіп *уйсун-ойсон* этнонимі «орман халқы», «орман адамдары» деген мағынаны береді деген қорытынды жасайды <sup>89</sup>.

Авторлар *үйсін, қаңлы, арғын, алшын* т. б. атаулар этимологиясын талдар алдында былай деп ескертеді: «Считаем необходимым отметить здесь, что предлагаемые нами этимологии не являются окончательными и, возможно, нуждаются в дальнейших уточнениях» <sup>90</sup>. Біз зерттеушілердің осы пікірін ескере отырып, өз ізденістерімізді баяндамақпыз.

Біздің ойымызша *үйсін* этнонимі екі компоненттен тұрады: *оғ > уй + сун//сін*. Көрнекті совет тюркологі А. Н. Кононовтың пікірі бойынша *оғ* (род, племя) сөзінің түбірі *өг* (мать) болып табылады. Сөзіміз тиянақты болуы үшін оның пікірін толық келтірейік: «Исходной основой собирательного этнического имени огуз является *оғ* (*оқ*) «род», «племя» (а не «стрела», как у Лигети), которое, в свою очередь, находится в прямой связи со старотюркским

---

<sup>88</sup> *Кенесбаев С. К., Джанузаков Т. Д.* О лексических пластах..., с. 81.

<sup>89</sup> *Там же.*

<sup>90</sup> *Там же.*

словом *өг* «мать»; к той же основе восходят слова *оғул* «потомство», «сын» и *оғуш* «сородич»... Слово *оғ* (*оқ*) «род», «племя» получило оформление аффиксом множественного числа — (*у*)з... Таким образом, слово *оғуз* первоначально могло значить просто «племена», «объединение племен»<sup>91</sup>.

А. Н. Кононов мұнда *оғуз* этнонимінің түбірі *оғ* (*оқ*) (род, племя) оған (*у*)з көптік жалғауы қосылып жасалғанын, сонымен бірге *оғ* сөзінің түбірі — *өг* (мать) екенін дәлелді айтқан. Біздің ойымызша, *өг* (ана) сөзінен мағынасы жақын екі сөз жасалған:

$\begin{array}{l} \nearrow \text{оғ (ру, тайпа)} \\ \text{өг} \\ \searrow \text{үй (дом; жилище рода, племени)} \end{array}$

Алғашқы матриархат кезінде ру да, семья да әйелдер (аналар) тарапынан басқарылғаны белгілі. Ол туралы Ф. Энгельс былай дейді. «Коммунистическое домашнее хозяйство, в котором все женщины или большинство их принадлежит к одному и тому же роду, тогда как мужчины принадлежат к различным родам, служит реальной основой того повсеместно распространенного в первобытную эпоху господства женщин...»<sup>92</sup>. Бұл кездегі рулық қоғамда және семьяда әйелдердің ру басы ролін атқарғанын Ф. Энгельс айқын көрсеткенді<sup>93</sup>. Міне; бұл айтылғандардан ру мен семья аты

<sup>91</sup> Кононов А. Н. Родословная туркмен. М. — Л., 1958, с. 84.

<sup>92</sup> Энгельс Ф. Происхождение семьи, частной собственности и государства. М., 1965, с. 51.

<sup>93</sup> Там же, с. 92.

ру анасын (қожасын) белгілейтін атпен тығыз байланысты болуы да заңды.

Белгілі тюрколог А. М. Щербак «дом», «жилище» деген сөздің көне қалпына келтірме формасы *ög* деп көрсеткен<sup>94</sup>. Олай болса, мұның өзі *og* формасына тым жақын келеді. Ендеше *үй* (дом) сөзі *өг* (мать) → *of* (род) сөздерінен дамып шыққан деуге әбден болады. Түркі тілдерінің тарихи даму барысында *f/g* дыбыстарынан *й* дыбысы өрбігенін анық білеміз: көне түркіше — *согул* (бородавка), башқұрша — *сөйел*, қазақша — *сүйел*; көне түркіше — *мугуз* (рог), *сығыр* (корова), *кигіз* (войлок), қазақша — *мүйіз*, *сиыр*, *киіз*<sup>95</sup>.

*Уқ* сөзі «род, имя, происхождение» мағынасында кейбір Сібір түркі тілдерінде сақталған<sup>96</sup>. Сөйтіп бұл этнонимнің түбірі *үй* біздіңше, *өг* (ана, ру) сөзінің бір варианты ғана. Этноним ертеде *үйсүн* болып қалыптасқанда, *үй* сөзі «ру», «тайпа» мағынасында қолданылған болуы керек. Ал *үй* сөзінің «семья», «дом» деген мағыналары бұдан кейін қалыптасса керек.

Ал сөздің екінші компоненті *-сун//сін алышын* этнонимінің құрамындағы *-шын* жұрнағымен бір тектес және оның фонетикалық варианты болуы керек. Біз сол *-чын* жұрнағының 2-ші рулық жинақтау тобына осы *-сун//сін* аффиксін де қосамыз. Бұл тектес жұрнақ алтай тілдерінде кеңінен тараған<sup>97</sup>.

<sup>94</sup> Щербак А. М. Сравнительная фонетика..., Л., 1970, с. 195.

<sup>95</sup> Там же, с. 178.

<sup>96</sup> Радлов В. В. Опыт словаря..., т. 1. Ч. 2.

<sup>97</sup> Рамstedт Г. И. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, с. 210—211.

Ал *-сун//сін* формалары жаңа сөз жасайтын жұрнақ есебінде ХІ ғасырда М. Қашқари еңбегінде көптеп кездеседі. Оның индекс-лұғатын жасаушылар бұл жұрнақты былай берген: «*-сін* от суц. *түгсін* — *түрт бурчакли қилиб шуғиладиган бір турли туғун* — *узел с четырьмя концами*»<sup>98</sup>. — «*суң ахсуң эр* — *мастлиқта туполон қиладиган киши* — *человек, поднимающий скандал в пьяном виде*»<sup>99</sup>.

Сөйтіп, *-чын//чін//сун//сін* дыбыстық варианттағы жұрнақтар ерте кезде түркі-монғол тілдерінде рулық-жинақтау аффиксі болып, *алшын*, *үйсін* сияқты этнонимдерді жасаған. *Үйсін* этнонимінің этимологиялық схемасы: *өг→үй* (ана, ру, семья) + *сун//сін* (ру атын жасайтын жинақтау жұрнағы) *-үйсін*.

Біздің бұл этимологиямызды монғол халқының құрамына енген *үйшіндердің* Санан Сенен шығармасында *укушин* аталуы да дәлелдей түседі<sup>100</sup>.

**ҚАҢЛЫ.** Тарихи этнотопоним. Біздің эрамызға дейінгі ІІ ғасырдан біздің эрамыздың ІV—V ғасырларына дейін Сырдарияның орта аймағы осылай деп аталған.

Қаңлы тайпа одағы жөнінде Н. Аристов, В. Бартольд, С. Толстов, А. Бернштам, С. Аманжолов, І. К. Кенесбаев пен Т. Жанұзақов, Ә. Қайдаров, С. Қляшторный, В. Востров пен М. Мұқанов, т. б. авторлар жазды. Қаңлылардың тарихы жөнінде Н. Аристов былай деген пікір айтты: «Қаңлы являются не менее древ-

---

<sup>98</sup> Қашқари М. Индекс. Ташкент, 452-б.

<sup>99</sup> Сонда.

<sup>100</sup> Аманжолов С. Вопросы истории и диалектологии..., с. 32—33.

ним тюркским племенем, чем дулаты. Вероятно, именно они упоминались в «Авесте» и «Махабхарате» под именем Канка».

Бұдан әрі былай деп жазады: на Сыр-Дарье находилось обширное владение Кангюй, которому подчинялись мелкие оседлые владения на Зеравшане и в нижнем течении Аму-Дарьи. В 25—221 годах канглы покорили аланов между Аральским и Каспийским морями <sup>101</sup>.

Бұдан кейін Н. Аристов қаңлы мен дулат атаулары түркі (алтай) тілдерінен және Чарыш өзендерінің салалары Қан мен Тулати аттарынан қойылған болуы керек деп қарайды. Қаңлылар өте ерте уақытта осы Алтай бойынан көшкен болуы керек деп қорытады автор <sup>102</sup>.

Өзге деректер акад. В. Бартольдтың еңбегінде айтылады: «Тождество команов с кипчаками и близкое родство последних с канглами не подлежит сомнению, мусульманские писатели XII и начала XIII вв. употребляют слово канглы и кыпчак почти как синонимы»<sup>103</sup>.

Мұның өзі, біздіңше, XI ғасырда қаңлылардың қыпшақ ұлысына тәуелді болуынан туған болуы керек. Сол себептен М. Қашқари еңбегінде қаңлы дербес тайпа есебінде айтылмайды. Ал М. Қашқаридың «Девону луғотит турк» атты еңбегін аударған проф. С. Муталлибов

---

<sup>101</sup> Аристов Н. Опыт выяснения этнического состава казахов большой орды и кара-киргизов. — «Живая старина», вып. 3—4. Спб., 1894, с. 403—404.

<sup>102</sup> Сонда.

<sup>103</sup> Цит. по кн.: Аманжолов С. Вопросы истории и диалектологии, с. 71.

қаңлыларды қыпшақ ұлысының үлкен бір тайпасы деп қарайды <sup>104</sup>.

М. Қашқаридың өзі *қаңлы* этнонимін былай деп түсіндіреді: «*Қаңлы* — қыпшақтардың үлкен бір адамының аты» (XIII, 389). Оның осы айтқанын *қаңлы* қыпшақтардың бір үлкен тайпасы деп түсіну керек. *Қаңлы* сөзі М. Қашқари еңбегінде екі рет кездеседі. Екінші жерде автор «*қаңлы* — ауыр жүк артылған екі доңғалақты арба»<sup>105</sup> деп түсіндіреді.

Тарихи әдебиетте қаңлылар жөніндегі деректер XIV ғ. авторы Рашид-ад-диннің еңбегінде кездеседі. Онда автор қаңлыны Оғуздың тікелей ұрпағы ретінде емес, оғузға қосылған ағайындас інілері ретінде береді.

Қаңлылардың жүрген жері жөнінде Рашид-ад-дин еңбегінде былай делінеді: «В конце концов Огуз победил и захватил власть от Таласа и Сайрама до Бухары; она стала неоспоримо принадлежать ему. Когда та область покорилась Огузу и закрепилось над нею господство, он разбил золотой шатер и устроил великое празднество: почтил родственников и эмиров, обласкал всех воинов, всем дадьям и родам, которые к нему присоединились, он дал имя *уйгур*, так как значение этого слова на тюркском языке *соединяться* и *помогать*. Все племена уйгуров [происходят] от их рода. Другое племя он назвал *канлы*»<sup>106</sup>.

Рашид-ад-диннің еңбегінде *қаңлы* сөзінің этимологиясы да айтылады. Онда былай делі-

<sup>104</sup> Қашқари М. Диван лугат турк. Т. I. Ташкент, 1960, с. 495.

<sup>105</sup> Сонда.

<sup>106</sup> Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. I, кн. I, с. 83.

неді: «В то же самое время, как Огуз воевал со своим отцом, дадьями, братьями и племянниками, делал набеги и грабил их страны, те из всего народа, все те из его родственников, которые присоединились к нему и стали с ним заодно, по соображению собственного ума сделали повозки и нагружали на них [все] награбленное, другие навьючивали добычу на животных (повозку по-тюркски называют *канлы*), по этой причине и они были названы именем *канлы*. Все ветви *канлы* [происходят] от их потомства»<sup>107</sup>.

*Қаңлылар* жөніндегі бұдан кейінгі тарихи деректер «Огуз-намеде» кездеседі. Белгілі тюрколог А. М. Щербактың зерттеуі бойынша «Огуз-наме» XV ғасырда Жетісуда дж диалектісінде жазылған<sup>108</sup>.

Қаңлылар тарихы «Огуз-намеде» Огуз қаннның шүршіттерді (джуржут) жеңуіне байланысты айтылады: «После битвы Огуз-кагана его нукерам и народу досталась такая большая добыча, что для погрузки и перегрузки ее мало было лошадей, мулов и быков. В войске Огуз-кагана был ловкий, дородный, хороший собой муж. Его звали Бармаклук Иосун Виллиг. Этот красавец вырубил телегу. На телегу погрузили добро, а в нее впрягли живую добычу..., нукери и весь народ видели это и поспешили, вырубил еще [много] телег. Телеги в пути выскрипывали слово «*канга*». Поэтому дали им имя *канга*. Огуз-каган увидел *канги* и засмеялся. Молвил: «Пусть живая добыча телегами волочет

---

<sup>107</sup> Сонда, 84-б.

<sup>108</sup> Щербак А. М. Огуз-наме, Мухаббат-наме. М., 1959, с. 105.

добро. Имя, данное тебе,—«*Кангалуг*,— пусть напоминает о *канге*»<sup>109</sup>.

*Қаңлы* жөніндегі тарихи дерек көрнекті тюрколог А. Н. Қононов зерттеген «Түрікмен шежіресі» атты нұсқада да кездеседі. Мұнда Огуз-қаған джуржуттерге көрші тұрған татарларға шабуыл жасайды және жеңіске жетеді. Мұнда да бір шебер кісі арба жасайды. Ол арба жүргенде, «қаңқ» деп дыбыс шығарады. Оған дейін арбаның өзі де, аты да болмаған еді. Сондықтан арбаны «қаңқ», ал оны жасаған адамды «қаңқлы» деп атады. Барлық *қаңлы* деп аталатын ел осы кісіден тарайды,<sup>110</sup>— деп көрсетіледі бұл ескерткіште. Бұл нұсқадағы деректерде *қаңлы*, қыпшақ, қарлық, қалач Огуз-қаған руынан тараған емес, тойға қатысқандықтан ғана олардың аттары кітапқа жазылған<sup>111</sup>.

Ал енді М. Қашқари еңбегінде *қаңлы* сөзінің этимологиясы берілмейді, тек оның екі түрлі мағынасы түсіндірілетінін жоғарыда айттық.

*Қаңлы* тайпа одағының аты тарихи топонимдерде кездеседі. I ғасырда Ташкент қаласының жанындағы Ангрэн деген жердің қасындағы қала Қаңқа аталған. С. П. Толстовтың зерттеуіне қарағанда осы қаланың жанында Қанарық деген канал болған. С. П. Толстов Амударияның көне тармағы Сарыкамыштың оң саласы Қанга-дарияның аты да осы этнонимге қатысты деп қарайды<sup>112</sup>.

---

<sup>109</sup> Сонда, 53-б.

<sup>110</sup> Қононов А. Н. Родословная туркмен, с. 42—43.

<sup>111</sup> Сонда, 51-б.

<sup>112</sup> Толстов С. П. Древний Хорезм. М., 1948, с. 25, 30.



Ерте замандағы қытай нұсқаларында кездесетін кангюйлардың өмір сүрген аймағы жөнінде көптеген авторлардың бір-біріне қайшы пікірлері бар. Біз оларға тоқтамай, С. П. Толстов пен С. Г. Кляшторныйдың пікірлерін салыстырумен шектелеміз.

С. П. Толстов қытай нұсқаларындағы Кангюй мен «Авестадағы» Қаңқа және көне Хорезм бір нәрсе деп қарайды. Бірақ бұл пікірге соңғы кезде басқа авторлар қарсы болды<sup>113</sup>. Бұлардың ішінде С. Кляшторныйдың дәлелдері көңіл аударарлық. Ол көне түркі, қытай, парсы, араб нұсқаларын және ертелі-кеш авторлардың еңбектерін мұқият зерттей келіп, мынадай тұжырым айтады:

«И территорию усуней, и земли Кангюя Чжань Цянь, лично посетивший оба владения, помещает в одном широтном поясе. Страна усуней (II в. до н. э. — IV—V в. н. э.) сейчас определена достаточно точно — это Семиречье и Тянь-Шань. Следовательно, восточные или юго-восточные земли Кангюя, граничившего с усунями, были расположены к западу от Семиречья, т. е. области Средней Сыр-Дарьи. Эта локализация Кангюя стала основой весьма распространенной в исследовательской литературе гипотезы о совпадении основной территории кангюйских племен с районами между Таласом и низовьями Чуй на востоке, Ташкентским оа-

---

<sup>113</sup> *Ставиский Б. Я.* О северных границах Кушанского государства. — «Вестник древней истории», 1961, № 1, с. 113; *Бергер А. К., Болтунова А. И., Ковалев С. М., Мерперт Н. Я.* Рец. на «Всемирную историю», т. II. М., 1956; «Вестник древней истории», 1957, № 3, 183; *Кляшторный С. Г.* Древнетюркские рунические памятники, с. 170—174.

зисом — на юге, низовьями Сыр-Дарьи — на севере. Археологические наблюдения последних лет еще более укрепили эту точку зрения. Все исследователи кангюйской проблемы исходят также из положения, незыблемость которого не подвергалась сомнению, — о тождестве Кангюя Чжан Цяна с Кангхой Авесты<sup>114</sup>.

Ертедегі Қаңқа мен Қангюйдің көне территориясы жөнінде мұндай ғылыми пікір таласы болғанымен, олардың қаңлыларға қатысы бар екендігіне ешбір шүбә жоқ. Бұл жағдайды С. П. Толстов жақсы дәлелдеп берді<sup>115</sup>.

*Қаңлы* этнонимінің этимологиясы жөнінде С. П. Толстов, С. Г. Кляшторный, С. М. Абрамзон т. б. жазды.

Бұл туралы С. П. Толстовтың пікірі мынадай: «Характерно, что у Нувейри (Тизенгаузен. Сб. материалов по истории Золотой Орды. 1, с. 541) среди кипчакских племен фигурирует и племя кангу-оглы, или кангар-оглы, откуда, видимо, стяженная форма *канглы*»<sup>116</sup>. Эннувери 1279 жылы туып, 1333 жылы қайтыс болғанын ескерсек, жоғарыдағы мәлімет XIII ғасырдың аяғы XIV ғасырдың басына жатады. С. П. Толстовтың бұл пікірін С. Г. Кляшторный қолдап, былай деп жазды: «Эти два свидетельства позволяют считать оправданной гипотезу С. П. Толстова о происхождении *канглы* из «кангу-оглы» (или «кангар-оглы») в результате

---

<sup>114</sup> Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники, с. 171.

<sup>115</sup> Толстов С. П. Среднеазиатские скифы в свете новейших археологических открытий. — «Вестник древней истории», № 2, 1963, с. 42.

<sup>116</sup> Толстов С. П. Города гузов. — «Советская этнография», 1947, № 3, с. 93.

стяжения, и добавим, в результате контаминации конечного *лы* < *оглы* с показателем локально-родовой принадлежности в тюркских языках на основе народной этимологии, зафиксированной у Рашид-ад-дина»<sup>117</sup>. С. П. Толстов пен С. Г. Кляшторныйдың этимологиясы негізінен дұрыс болғанымен, этноним жасалған сөздің түбірі ашылмай қалған. Сол себептен оны ашу үшін әуелі мына моменттерге көңіл аудара кеткіміз келеді.

Қаңлы этнонимінің көне Қангха, кангюй, канка, кангар, кангу түрлерінің түбірі — *кан*//*//канг* (қан). Бұл түбірдегі сөз ертеде бірде географиялық атау, бірде мемлекет аты есебінде қолданылған. Тек кейінірек, яғни ерте орта ғасырда *оғлы* > *лы* сөз жұрнағы қосылған да, үлкен түркі тайпа одағының атына айналған. Біздің ойымызша сөз түбірі *қан*//*кан* Сібір халықтарының тілінде «өзен» деген мағынада кең тараған сөзбен түбірлес болса керек. Э. М. Мурзаев *қан, кам, кем*//*хем* сөздері Азия елдерінің гидронимдерінде жиі ұшырайтынын айта келіп, индоевропа тілдерінен тарауы мүмкін деп қарайды<sup>118</sup>. В. Н. Никонов Енисейдің оң сағасы Қан өзені тунгус-манчжур тілдеріндегі *кан* (река, приток) сөзінен қойылған болуы ықтимал дейді<sup>119</sup>.

-*Кан, -хем, -кем* формаларына аяқталған гидронимдердің Сібір өлкесінде таралу ареалы

---

<sup>117</sup> Кляшторный С. Г. Кангюйская этнотопонимика в орхонских текстах. — «Советская этнография», 1951, № 3, с. 63.

<sup>118</sup> Мурзаев Э. М. Природа Синьцзяна. М., 1966, с. 349.

<sup>119</sup> Никонов В. А. Краткий топонимический словарь. М., 1966, с. 172.

туралы А. П. Дульзон жазды. Ол Эвенкі ұлт округінде — *кан* сөзіне аяқталған гидронимдер өте көп екенін көрсеткен. Бұл типтес атаулар бұдан әрі Хабаровск өлкесінде Амурға дейін, Лена өзенінің жоғары жағында және Бурят АССР-інде де көп екенін айтқан-ды. Оның үстіне автор *-хем (-кем)* терминіне аяқталатын өзен атаулары бүкіл Тува жерінде және Таулы-Алтай облысының оңтүстік-шығысында көптеп кездесетіндігін айтқан болатын <sup>120</sup>.

Орта Сібір гидронимдеріндегі *-кан* ареалы жөнінде арнайы мақала жазған Ким Чер Лен-*кан* элементінің қатысуымен жасалған атаулар Хабаровск өлкесінен Енисейге дейін, одан солтүстікке қарай Эвенкі ұлт округын қамтитынын айтады. Ол мақаласын былай деп қорытындылайды: «Итак, топоформант *-кан* с вариантами, распространенный по всей территории эвенкийского языка, выполняет две различные функции словообразовательного характера: он служит для выражения уменьшительности и для образования гидронимов.

Вторая его функция, более распространенная и важная, возникла, очевидно, потому что этот формант восходит к слову, имевшему значение река» <sup>121</sup>.

Қ. Ф. Гриценко мен Л. И. Калининаның зерттеулеріне қарағанда — *-кан//ган, -еган* гид-

---

<sup>120</sup> Дульзон А. П. Топонимы Средней Сибири. — «Известия Сибирского отделения АН СССР. Серия общественных наук», 1965. Вып. 2, № 5, с. 111—112.

<sup>121</sup> Ким Чер Лен. Гидронимический ареал-кан в Средней Сибири. — В кн.: Топонимика Востока. Новые исследования. М., 1964, с. 146—149.

роним форманттары Якутия мен Ханты өлке-сінде де жиі кездеседі <sup>122</sup>.

Сөйтіп, жоғарыдағы шолудан «өзен» дегенді білдіретін *-қан//ған, -кем//хем* формаларына аяқталатын гидронимдер сонау Қиыр Шығыс пен Якутиядан бастап Қазақстанға дейін созылып жатыр. Қазақстанда Талдықорған облысында *Басқан, Сарықан* атты өзендер «бас, үлкен өзен», «сары өзен» дегенді білдіреді.

Бұл келтірілген фактілер *қан* сөзінің «өзен» мағынасында ертеде түркі тілдерінде де қолданылғанын дәлелдейді. Көне түркілер үш нәрсені — жер, су, көкті — тәңірі тұтқан, аса құрметпен қадірлеген. Сол себептен *қаңлы* этнонимінің түбірі *қаң* осы «өзен», «су» мағынасындағы сөзбен байланысты болса керек. Ал этнонимнің екінші *-лы* бөлегі *оғлы* сөзінен қысқарған деген С. П. Толстов пен С. Г. Кляшторныйдың пікірі ойға қонымды. Көне *қаноғлы* формасының осы күнгі *қаңлы* түріне көшуін мына схемамен көрсетуге болады: *қаноғлы > қанұ/ғ/лы > қаңұлы > қаңылы > қаңлы*.

Бұл процесте *н* дыбысының *ң*-ға айналуында *ғ* дыбысы көмекші болған. Басқа түркі тілдеріндегі *оғлы* сөзінің қазақ тілінде *ұлы* болып айтылатынын ескерсек, *қанұлы* формасы осы заңдылықтан туады. Бұндағы *о* дыбысының *ұ* дыбысына айналуына соңғы *ы* дыбысы әсер еткен де, *Қаңұлы* түріне келген. Ал *Қаңұлы* формасынан *Қаңылы* түріне көшуде ортадағы *ұ* ды-

---

<sup>122</sup> Гриценко К. Ф. Названия рек и озер Якутии. Автореф. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. Томск, 1968, с. 15; Калинина Л. И. Ареалы распространения хантыйских топонимов... — «Учен. зап. Томского госпединститута», т. XIX, вып. 2. Томск, 1961, с. 211.

бысы соңғы қысаң *ы* дыбысының әсерімен қысаң *ы* дыбысына айналған. Ортадағы қысаң *ы* дыбысы буын арасында екі үнді дауыссыз дыбыстың ортасында келгендіктен, ол түсіп қалып, қаңлы түріне көшкен. Проф. Ә. Т. Қайдаровтың да пікірі осы этимологияға жақын келеді (ҚСЭ, 6-т. Алматы, 1975, 456-б.).

Қорыта келгенде қаңлы этнонимінің алғашқы мағынасы қан оғлы яғни «өзен, су бойындағы адамдар, рулар» дегенді білдірген де, кейін бұл атау жоғарыдағы фонетикалық өзгерістерден кейін қаңлы түріне көшкен. Осы түрде этноним XI ғ. М. Қашқари еңбегінде кездеседі. Қаноғлы типтес этнонимдер ертеде көп болған. Бурджоғлы, Анджоғлы т. б.<sup>123</sup>. Мұның өзі қаноғлы, қаңлы этимологиясына қосымша дәлел болады.

Осындай қорытынды жасай отырып, біз осы этноним туралы жазылған ең соңғы зерттеулерді де келтіре кетуді жөн көрдік. Проф. Ә. Қайдаров қаңлы жөнінде көлемді мақала жазды<sup>124</sup>. Атаудың этимологиясы туралы автор былай дейді: «Осы негізде қаңлы (кейбір тілдерде қаңны, қаңды) Қаң өзенінің атына -лы жұрнағын (лық формасының қыпшақ тобына тән вариантын) жалғау арқылы жасалып, «Қаң бойындағылар», «Қаң өзенін мекендеушілер» немесе «өзенді ел» деген ұғымды аңғартқан»<sup>125</sup>. Сөйтіп, автор атаудың «қаң» бөлімін өзен аты деп, ал «-лы» бөлімін жұрнақ (туынды сын есім жұрнағы —А. Ә.) деп есептейді.

---

<sup>123</sup> Тизенгаузен В. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды, т. I. Спб., 1884, с. 128.

<sup>124</sup> Қайдаров Ә. Қаңлы. Қазақ Совет Энциклопедиясы, 6-т. Алматы, 1975, 455—457-б.

<sup>125</sup> Сонда, 456-б.

І. Қ. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақов атау этимологиясы туралы былай деп жазды: «... этноним канглы состоит из двух морфокомпонентов. Его первый компонент *кан* (*қаң*), «река», а второй *-лы* — показатель множественности и собирательности. Таким образом, этноним *канглы* означает «племя, живущее на берегу реки», то есть речники»<sup>126</sup>.

Жоғарыда келтірілген үш түрлі пікірдің қабысатын да, айырмашылық та жақтары бар. Сондықтан, біздіңше, бұл этимологиялар осы мәселені әлі де зерттей түсуді талап етеді.

**СОЗАҚ.** Оңтүстік Қазақстан облысындағы елді пункт және аудан аты. Атаудың екінші компоненті біздің эрамызға дейін белгілі болған сақтармен байланысты болса керек.

Біздің эрамызға дейінгі VIII ғасырдан III ғасырға дейін белгілі сақтар туралы орасан көп зерттеулер жазылды. Соның ішінде осыдан 100 жыл бұрын жазылған В. В. Григорьевтің еңбегі атап өтерлік<sup>127</sup>. Сақ жөнінде жазылған бүкіл әдебиетке шолу жасау мүмкін емес. Мұндай әдебиет пен сақ туралы деректер Қ. А. Акишев пен Г. А. Кушаевтың еңбегінде толық келтірілген<sup>128</sup>. Бұл авторлар сақтар андронов тайпаларының ұрпағы және олар біздің эрамызға дейін солтүстіктен оңтүстікке қарай бірнеше рет көшкен деп қарайды. Олар былай деп жазды: «Перемещение потомков андроновских племен продолжалось в VII—V вв. до н. э. В это

---

<sup>126</sup> Кеңесбаев С. К., Жанұзақов Т. Д. О лексических пластах..., с. 83.

<sup>127</sup> Григорьев В. В. О скифском народе саках. Спб., 1871.

<sup>128</sup> Акишев К. А., Кушаев Г. А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата, 1963.

время произошло не передвижение отдельных племен, а массовое переселение андроновских по антропогенезу племен — носителей культуры сакского типа — на территорию Семиречья и юга Казахстана... Таким образом, материальная культура Семиречья и Южного Казахстана, известная под названием сакской, создана племенами-пришельцами — потомками андроновцев Центрального Казахстана и Южной Сибири. Сакская культура зародилась еще на родине андроновцев, а окончательно сформировалась и оформилась на новых местах расселения»<sup>129</sup>.

Белгілі совет тарихшысы С. П. Толстов қазақ халқының этногенезі далалық сактар мен үйсіндердің негізінде басталды деп көрсеткен болатын <sup>130</sup>.

Жоғарыда көрсетілген Созақ топониміне бірінші рет көңіл аударған А. Н. Бернштам еді. Ол атау екі бөлімнен құралған: *су* (вода) + *сак*, яғни «су сактары» дегенді білдіреді — деп жазды <sup>131</sup>. Проф. А. Н. Бернштамның осы пікіріне қосыла отырып, біз төмендегідей дәлелдермен толықтыра түскіміз келеді. Біріншіден, мұндай екі зат есімнен топоним жасалуы заңды құбылыс, өйткені осы типтес Жарқамыс, Шөлдала, Жалағаш т. б. атаулар Қазақстанда көптеп кездеседі. Екіншіден, С. П. Толстовтың зерттеулері бойынша карақалпақ-

---

<sup>129</sup> Там же, с. 134—135.

<sup>130</sup> Народы Средней Азии и Казахстана, т. I. М., 1962, с. 85.

<sup>131</sup> Бернштам А. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана. — «Известия АН КазССР, Серия истории и археологии», вып. 2, 1950, № 67, с. 94—95.



тардың арғы атасы—Арал бойындағы массагеттер, соның ішінде печенегтердің атасы—апасиактар<sup>132</sup>. Страбонның апасиак (*apa — saka*) этнонимінің этимологиясы «су сақтары» дегенді білдіреді<sup>133</sup>. Осыған байланысты мынадай бір ғажайып фактіге көңіл аудармай болмайды: қазақ халқы мен қарақалпақтардың кең тараған шежірелерінде қазақ пен созақ ағалы-інілі, созақтан қарақалпақтар тарайды деп айтылады<sup>134</sup>.

Үшіншіден, В. Ф. Шахматов пен С. Ибрагимовтың мына пікірлерін де ескеру керек: «огузы... участвовали преимущественно в этногенезе туркмен, а печенеги — каракалпаков (апасиаки являются предшественниками печенегов!— А. А.). Однако обе эти группы племен оказали известное влияние и на этногенез казахского народа»<sup>135</sup>. Сондықтан *созақ* этнонимінің Қазақстан топонимінен орын алуы әбден заңды. Созақ елді пункті Сырдария өзенінен алыс емес екенін де ескерте кеткеніміз орынды.

Міне, осы айтылған дәлелдер нәтижесінде *созақ* этнонимі ертедегі апасиактардың (су сақтарының) түркі варианты екенін анық аңғаруға болады. Мұның өзі қазақ пен қарақалпақ халықтарының құрамына сақтардың енгенін көрсетеді.

Енді бұл этнотопонимнің этимологиясына көшейік. Сөз этимологиясы А. Н. Бернштам көрсеткендей бірден *су+сақ > сузак* түріне

---

<sup>132</sup> *Народы Средней Азии и Казахстана*, т. I, с. 84.

<sup>133</sup> *Сонда*, 51-б.

<sup>134</sup> *Аманжолов С. А.* Вопросы истории и диалектологии..., с. 29; *Жданко Т. А.* Очерки исторической этнографии каракалпаков. М., 1950, с. 107.

<sup>135</sup> *Народы Средней Азии и Казахстана*, т. II, с. 324.

көшкен емес, өйткені *су* сөзінің ертедегі көне түркі тілдеріндегі түрі — *суғ//сув*, міне осыдан *су* формасы кейін туған. Сөз ортасындағы *с* дыбысының *з* дыбысына айналуы да дәлелдеуді қажет етеді.

Осыған орай белгілі тюрколог А. М. Щербактың түркі ата тіл (праязык) бірлігі ажырағаннан кейін *β* және *γ* (*ғ*) дыбыстарынан *в* дыбысы пайда болды дейтін/пікірін еске ала кетейік <sup>136</sup>. Ендеше *суғсақ* > *созақ* түріне көшуі де заңды, өйткені үнді *ғ* дыбысының өзінен кейін тұрған *с* дыбысына ілгері ықпалмен әсер етіп, *з* дыбысына айналдырған. Тіпті, атау *сувсақ* > *созақ* түрінде өзгеріске түссе де, осыны айтуға болады. Қалай болғанда да *ғ//в* дыбыстарының *с* қатаң дауыссыз дыбысын *з* үнді дыбысына айналдырғаны анық. Сонымен этнонимнің этимологиялық схемасын былай көрсетуге болады: *Суғ* > *сув* + *сақ* > *созақ*. Бұл атау «су сақтары», «өзен бойындағы сақтар» деген мағынаны білдіреді.

ДУЛАТ. Тарихи этнопоним және Ұлы жүздің құрамындағы этноним. Кейбір тарихи деректерде VI—VIII ғасырларда дулат хандығы Тарбағатайда және Оңтүстік Монғолияда болған <sup>137</sup>.

Дулаттардың тарихы жөнінде Н. Аристов, Н. Қатанов, Г. Грумм-Гржимайло, В. Бартольд, С. Аманжолов, Л. Гумилев, Ғ. Мұсабаев, Ю. Зуев, В. Востров пен М. Мұқанов т. б. авторлар жазды. Олардың барлық пікірін кел-

<sup>136</sup> Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970, с. 192.

<sup>137</sup> Қатанов Н. Ф. Этнографический обзор турецко-татарских племен. Казань, 1894, с. 12.

тіру мүмкін емес және оның қажеті де жоқ болар. Дулаттардың көне тарихы жөнінде Л. Гумилевтің еңбегінде анық та дәлелді айтылған. Соны қысқа ғана келтіре кетелік. Түркілердің (Л. Гумилевтің термині бойынша «тюркюттер») ханы Естеми-қаған 552 жылы батысқа қарай бастаған жорығын 558 жылы Еділге дейінгі жерді басып алумен аяқтайды. Міне, бұл түркі қағанатына барлық Орталық Қазақстан және Жетісу аймағы кіреді. Шу бойын мекендеген дулу мен нушибилердің түркілерден тілі жағынан айырмасы болмайды<sup>138</sup>. Түркі қағанаты батыс және шығыс түркі қағанаты болып екіге бөлінген кезеңде батыс қағанатын *он оқ* (*он тайпа*) тайпасы билеген: оның бесеуі (*чубань, чу-мугун, чуми, чуе, чуниши*) дулулардың қол астында болса, бесеуі нушибилерге қараған. Дулулар Жетісу мен Батыс Жоңғарияны, ал нушибилер Қырғызстан территориясын мекендеген<sup>139</sup>. 604 жылы Батыс түркі қағанаты құлайды да, 612 жылға дейін жоғарыда көрсетілген өлкені дулу тайпасынан шыққан Шөлехан билік етіп тұрады. Бұдан кейін билікті дулулар 635 жылы қайтарып алады. Дулулар мен нушибилер (*он оқ*) бөлініп, шекарасы Шу өзені болады<sup>140</sup>. 633 жылы бұл өлкеде Нишу Дулу-хан хан болады, бірақ ол бір жылдан соң 634 жылы қайтыс болады<sup>141</sup>. Ал 638 жылы Юкүк дегенді батыс түркі-дулулар Ирбис-Дулу-хан деген атпен хан етіп сайлайды<sup>142</sup>. Оған

---

<sup>138</sup> Гумилев Л. Древние тюрки. М., 1967, с. 35.

<sup>139</sup> Там же, с. 150—153; Аманжолов С. Вопросы истории и диалектологии..., с. 88—89.

<sup>140</sup> Гумилев Л. Аталған еңбегінің 154, 213-беттері.

<sup>141</sup> Сонда, 443-б.

<sup>142</sup> Сонда, 444-б.

Іледен бастап, Сібір аймағына дейінгілер — Жоңғариядағы басмылдар, Алтайдағы қыпшақтар, Минусин ойпатындағы қырғыздар, Енисейдегі бома (*алаатшын > алшындар*), оңтүстік Тарбағатайдағы чумугуньдер бағынады <sup>143</sup>.

Ол кейін оңтүстікте Самарқандқа дейінгі жерді басып алады.

Бірақ Юкук (Ирбис-Дулу-хан) сол маңда дулулардың қолбасшыларымен олжаға тала-сып, оны дулулар қуып жібереді. Юкук 653 жылы Амударияның жағасындағы Тохаристан елінде қайтыс болады. (*Сонда*, 219-беті). 679 жылы алғашқы Батыс түркі қағанаты жойылғасын, түркіт деген ат мүлде жоғалып, оның орнына *он оқ* деген атау орын алды. Кейінгі тарихи оқиғалардан кейін *он оқ* одағы ыдырап, дулу тек тайпа одағының аты ретінде ғана сақталып қалған. X—XII ғасырларда дулулар қарақанид мемлекетінің құрамына енген. XIV ғасырда дуглаттар (дулу) Шағатай ұлысының басты тайпасы болған. Осы кезде дулаттар Моғолистанның құрамындағы ең күшті тайпа одағы болған. Көне заманнан Жетісу, Іле және Шу бойын мекендеген дулаттар XVII ғасырдың ортасында жоңғарлардың шабуылынан Шу, Талас, Келес өзендерінің бойына қарай ығысады <sup>144</sup>.

Көне қытай нұсқаларында кездесетін *нэм-туғлук* деген атаудың *туғлук* бөлімін Ю. Зуев дулумен қатар қояды және дулулардың (*туг-*

---

<sup>143</sup> *Сонда*, 217-б.

<sup>144</sup> *Востров В., Муканов М.* Родо-племенной состав и расселение казахов..., с. 36—37.

луг) қытай нұсқаларындағы тарихын толық баяндайды <sup>145</sup>.

Алғашқы *дулат* (кей нұсқаларда *дуглас*, *дулгас*, *дуглат* деп аталады) хандығы туралы Н. Ф. Катанов былай деп жазды:

«Дулгасское царство существовало с VI века до VIII в. по Р. Х., около 200 лет, в Тарбагатае и Южной Монголии. Столица этого царства находилась у подошвы Алтая. Руна или Сибирская писаница (т. е. орхоно-енисейская письменность.— А. А.)... принадлежали именно дулгасцам. Дулгасцы частью покорили, частью вытеснили из Азии племя жужан, известных в Европе под именем обров и аваров, которые в VIII веке беспокоили даже Францию. Дулгасское царство сменилось уйгурским»<sup>146</sup>.

Н. Аристов *дулат* этнонимі Шарыш өзенінің саласы *Тулати* өзенінің атынан қойылған деп есептеді <sup>147</sup>. Бұл *Тулати* өзені және *Тулата* селосы Шығыс Қазақстандағы Лениногорск қаласының батыс жағында. Біздіңше, *дулат* пен *Тулати* өзенінің арасында байланыс бары рас, бірақ, керісінше, өзен және жер аты *дулат*//*тулат* (көне формасы *тұғлуғат*) этнонимінен қойылған. Өйткені, біріншіден, сөз этимологиясы өзен атының мазмұнына сай келмейді. Бұл туралы кейінірек айтамыз. Екіншіден, Целиноград облысында Керей, Қыпшақ деген өзен аттары бар, бұлар да, біздіңше, тайпа атынан алынған, өйткені, керей мен қыпшақтар бұл төңірекке кейін келген.

---

<sup>145</sup> Зуев Ю. А. Из древнетюркской этнонимии по китайским источникам.— «Труды ИИАЭ АН ҚазССР», т. 15. Алма-Ата, 1962, с. 117—122.

<sup>146</sup> Катанов Н. Ф. Этнографический обзор..., с. 12.

<sup>147</sup> Аристов Н. Опыт выяснения..., с. 403

Акад. В. В. Бартольд *дулу* көне түркі тайпасы ретінде Батыс түркі қағанаты ханының атымен байланысты деп қараса<sup>148</sup>, проф. С. Аманжолов бұл пікірді аксиомаға айналдыруға тырысады. Ол былай деп жазды: «Итак, по моему мнению, современные дулаты — прямые потомки древних орхоно-енисейских тюрков V—VIII веков, которые свое домонгольское название *дулу* получили от имени западно-тюркского кагана Ду-лу (умершего в 635). По данным китайских источников, акад. Бартольд отмечает, что этому кагану подчинились многие племена, в том числе и кыргызы»<sup>149</sup>.

Мұндағы айтылған дулулардың аты Дулуханның атынан қойылды деген пікірге қосылуға болмайды. Өйткені жоғарыда көрсетілгендей дулулардың ханының аты керісінше тайпа атынан қойылған. Бірінші 633—634 жылдардағы ханның аты Нишу Дулу-хан, ал 638—653 жылдардағы ханның шын аты — Юук. Оны хан сайлағанда дулулар Ирбис-Дулу-хан деген атақ берген. Ендеше бұл хандар атынан тайпа аты қойылуы мүмкін емес.

Енді сөз этимологиясына келейік. Ю. Зуев VIII ғасырда басталып, X ғасырда жазылып біткен қытайдың көне шығармасы «Танхуйяо» («Обозрение танской династии») деген еңбектің 1955 жылғы Пекин басылымындағы *ну-ла* (-*puo* (*do*) — *lat*) деген этнонимді *дулат*, *долат* деп оқиды/да, төмендегідей пікір айтады:

«*Ну-ла-пуо* (*do*) — *lat* — одно из малоизвестных племен; его название не дешифровано.

---

<sup>148</sup> Бартольд В. Киргизы, 1934, с. 20.

<sup>149</sup> Аманжолов С. Вопросы истории и диалектологии..., с. 36.

Китайская транскрипция позволяет читать его *долат, дулат*. Этот термин можно сопоставить с наименованием крупного племени в составе казахов и киргизов (у монголов — дуглат), населяющих Семиречье. По тем скудным сведениям, которые имеются у китайских авторов, трудно судить о его истории и этнической принадлежности. Возможно, это племя монгольского происхождения, о чем свидетельствуют его описания в «Сокровенном сказании», «Сборнике летописей» Рашид-ад-Дина и в «Шэн-у цинь-чжен лу»... Полное отсутствие сведений о каких-либо связях *ну-ла* с тюрками и их политическая и географическая близость к монголоязычным тугухуням — тюркунам также показательны. Некоторое подтверждение своей гипотезы мы видим в том, что термин *дулат* (дулан) расшифровывается из монгольской лексики «хромой»<sup>150</sup>.

Ескерте кететін бір нәрсе Рашид-ад-диннің еңбегінде *дуклат* руы монғолға жатады деген сөз жоқ<sup>151</sup>. Еңбектің *дуклат* деген бөлімінде былай делінеді: «Племя *дуклат*. Оно ответвилось от восьмого сына Тумбинэ-хана, по имени Булджар. В то время, когда Чингиз-хан воевал с племенем тайджиут, это племя было в союзе с Чингиз-ханом и присоединено к его войску, однако в ту эпоху и в настоящее время не известен ни один из их эмиров, который пользовался бы авторитетом и известностью». Мұнда да *дуклат* тайпасы монғолға жатады деген сөз жоқ, тек олардың Шыңғыс ханға жақтас бол-

<sup>150</sup> Зуев Ю. А. Тамги лошадей из вассальных княжеств, с. 118.

<sup>151</sup> Рашид-ад-дин. Сборник летописей, т. I, кн. 1, с. 78, 193.

ғаны айтылады. Ал проф. С. Аманжолов *дулат-тардың* бір бөлегі XIV ғасырда монғолға айналуы мүмкін, сондықтан кейбір авторлардың *дулатты* монғол тұқымдас деуі осыдан деп көрсетеді...<sup>152</sup>.

Ал енді Ю. Зуевтің *дулат* (*дулан*) этнонимі монғолдың «ақсақ» (хромой) деген сөзі деуі де ойға қонымсыз. Монғол және бурят-монғол тілдерінен біз *дулат//дулан* (ақсақ) деген сөзді таба алмадық. Ал қалмақ тілінде *доһлн* — «ақсақ» деген сөз екені рас. Сонда, біріншіден, *доһлн* формасы қалайша *дулу//дулат* формасына айналуы керек, мұны лингвистикалық тұрғыдан дәлелдеу мүмкін емес, екіншіден, халық атына «ақсақ» (*доһлң*) деген сөз берілуі тән құбылыс емес. Ру, тайпа аттарының қойылуы да кездейсоқ болмайды, онда да белгілі заңдылық бар. Ал халықты «ақсақ» деп атау бұл заңдылыққа сыймайды.

Алайда *дулат* этнонимінің этимологиясын дұрыс табуға Ю. Зуев пен С. Қляшторныйдың зерттеулері жол ашады. Түркілердің соның ішінде дулулардың шығу тегі туралы алғаш рет 556—581 жылдары жазылған «Чжоу тарихы» атты көне қытай нұсқасында екі әңгіме берілген<sup>154</sup>.

Бұл аңыздың бірі С. Қляшторныйдың еңбегінде келтірілген және оның бұл арада принциптік маңызы болғандықтан көрсете кетейік.

«По второй легенде, предки племени турк происходят из владения Со, которое локализуется Н. А. Аристовым в районе впадения р. Ле-

<sup>152</sup> Там же, с. 35.

<sup>154</sup> Зуев Ю. А. Древнетюркские генеалогические предания. Автореф. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. Алма-Ата, 1967, с. 7.



беди в р. Бю, на северных склонах Алтая. Глава племени, Абанбу, имел семнадцать братьев, один из которых, Ичжинишиду, назван «сыном волчицы». Владение Со уничтожено врагами, а спасшиеся роды рассеялись. Благодаря сверхъестественным способностям «сына волчицы» Ичжинишиду и его род оказался в наиболее благоприятном положении. Один из его сыновей стал «белым лебедем», что, по толкованию Н. А. Аристова, должно означать р. Лебедь. Другой сын основал владение Цигу, расположенное между реками Афу и Гянь (Абакан и Кем, т. е. Енисей). Третий сын правил на р. Чжучже, а старший сын, Нодулу-шад, поселился в Цзянсы Чжучжеши (вариант: Басычусиши). К роду Нодулу-шада присоединился и собственный род Абанбу. Нодулу-шад имел десять жен, сыновья которых носили родовые имена матерей. Сыном его младшей жены был Ашина. После смерти Нодулу-шада его сыновья решили, что вождем племени станет тот из них, кто окажется более сильным и ловким, чем другие. Победил в состязании Ашина, который, став вождем, принял имя Асянь-шад. Ему наследовал его сын или племянник Туу. Сын Туу — Тумынь, Бумын рунических текстов, стал основателем каганата (далее имеется ссылка: По Тан шу, цз. 215). Прародителем западных тюрков был Туу, внук Нодулу. Он прозывался великий ягбу. Тумынь был старший сын Туу... Следовательно, Асянь-шад, сын Нодулу, мог быть отцом или дядей Туу)»<sup>155</sup>.

---

<sup>155</sup> *Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники, с. 105.*

Бұл айтылған аңыздағы шежіре бойынша ру басы Абанбу, оның інісі Ичжинишиду (қасқырдың баласы), оның баласы Нодулу-шад, оның оныншы әйелінің де, ұлының да аты Ашина, Ашинадан Асянь-шад, одан Туу, ал Туудан туған Тумынь немесе Бумын қаған — түркі қағанатының негізін салушы. Бұл келтірілген Нодулу-шад түркілердің атасы Ашинаның арғы атасы екенін аңғаруға болады.

Мұндағы және басқа да қытай нұсқаларында кездесетін *Нодулу* атауын (варианттар: *на-дулу*, *нэм-туглу*) Ю. Зуев толық зерттеген <sup>156</sup>.

Жоғарыда келтірілген аңыздағы *надулу* атауы жөнінде Ю. Зуев былай деп жазды: «В древних преданиях о происхождении тюрков местожительством их родоначальника Ашина обычно считают Алтай (Циньшань). По одной из древнетюркских легенд, предки тюрков обитали в горах на севере от сюнну, и старейшиной был некий Абанбу, природная глупость которого стала причиной поражения их государства. Однако у него был сын, обладавший сверхъестественными качествами и спасший народ от гибели. Он носил имя *На-Дулу* (пар-dou — luk > Nāb-?tuylug). У него было десять жен, от которых родилось десять сыновей. Ашина, самый младший из десяти братьев, был впоследствии избран владельцем той страны. Эта легенда, как и ряд других, является мифическим воплощением реально существовавшего деления западных тюрков на десять основных

---

<sup>156</sup> Зуев Ю. Из древнетюркской этнонимии..., с. 117—122.

групп, пять из которых были объединены под общим наименованием *дулу*»<sup>157</sup>.

Мұндағы *на-дулу* — түркілердің атасы және түркі қағанатындағы бес тайпа дулулармен дәл келеді. Көне заманда ру аттарын аңыздарда кісі етіп көрсететінін ескерсек, *на-дулу* белгілі бір адам аты емес, тайпа аты. Ендеше алғашқы түркі қағанатының негізін қалаған *дулулар* мұнда түркілердің де арғы атасы болып көрінеді. Ал қытай нұсқаларында *дулу* болып жазылатын сөз түркіше *тұғлуқ* болатынын, сол сияқты дулулардың көне тарихын Ю. Зуев әбден жақсы баяндаған<sup>158</sup>. Міне, осы келтірілген материалдар *дулат* этимологиясын шешуге бір табан жақындата түседі.

*Дулаттың* этимологиясы туралы Ғ. Мұсабаев былай деп жазды: «*Дулу* — осы күнгі *дулат*. Өйткені олар ерте кезде атауына көптік жұрнағы *т* қосылмай айтылып, бертін келе көптік жұрнағы *т* қосылып, *дулат* болған. Сонау батысқа дейін барып, бұлғарлар құрамына қосылған. *Дулаттар* осы *дулудың* бір бөлігі екенін талайлар айтқан. Негізгі көпшілігі Ханғай тауынан, Орхон өзенінен бері қарай жылжыған. Түргештер (Шу алқабы, Таразда болғандар) дулудың 5 аймағының бірі еді (он оқтың 5-уі дулу болған). Бұлар көне заманда *Дұғлық* <*тұғлық* екен де, берірек *дулу*> *дулат* атанған, соңындағы *-т* дыбысы көпшесі. Бұл *дулуларды* (дулаттарды) *дұғлат* — деп те атайды және *дулу* туралы материал көп<sup>159</sup>. Мұнда Ғ. Мұсабаев *дулу//дулат* түбірінің *тұғлуқ*>

<sup>157</sup> Сонда, 118-б.

<sup>158</sup> Сонда, 118—120-б.

<sup>159</sup> Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан, I-бөлім. Алматы, 1968, 79-б.

>дұғлуқ екенін және оған *t* көптік жалғауы қосылып жасалғанын дұрыс айтады, алайда бұл талдаудан сөз мағынасы, ендеше этимологиясы толық ашылмай қалған.

Біздіңше сөз түбірі — көне түркі тілдеріндегі *туғ//дуғ//дуғ//дұғ* (знамя) сөзі. Қазіргі өзбек, ұйғыр тілдерінде де «туғ» (знамя), қырғыз тілінде — «туу», қазақ тілінде — «ту». Сөздің түбірі *туғ//дуғ* дейтін себебіміз кейбір тарихи документтерде бұл этноним *дуклат*, *дуглат*, *дұғлас* формаларында келеді. Міне, бұлардағы сөз түбірі де — *дук//дұғ*. Этноним осы түбірге *-луғ* > *лұ* (зат есімнен сын есім тудыратын көне жұрнақ) + (*a*) *t* (көптік жалғауы) қосымшаларын қосу арқылы жасаған. Түркі тілдеріндегі сын есім туғызатын *-луғ//лұ* жұрнағы екіден он алты түрлі вариантқа дейін кездеседі<sup>160</sup>. Ал сөз аяғындағы *t* дыбысының көптік жалғауы екенін жоғарыда аталған еңбектерінде С. Аманжолов та, Ғ. Мұсабаев та айтқан болатын.

Алтай тілдеріндегі көптік *-t*, *-ut*, *-d*, *-ud* жұрнақтарын белгілі тюрколог Г. И. Рамстедт талдаған еді<sup>161</sup>. Ол *қаған*, *тарқан*, *тегін* (принц) сөздерінің көптік *-t* қосылғанда *қағат* (қағандар), *тарқат* (тарқандар), *тегіт* (тегіндер) түріне көшетінін көрсеткен. *-t* көптік жалғауы ретінде М. Қашқари еңбегінде де бар<sup>162</sup>.

Ендеше бұл айтылғандардан *дулат* этнонимінің этимологиясы былай жасалған деуге болады: *туғ* (знамя) + *луғ* > *туғлу* + (*a*) *t* > *туғ-*

<sup>160</sup> Исхаков Ф. Г. Имя прилагательное. — ИСГТЯ, II. Морфология. М., 1956, с. 149—151.

<sup>161</sup> Рамстедт Г. И. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, с. 57—58.

<sup>162</sup> Диван, т. I, с. 337, 391; Индекс, 483-б.

лат > дуғлат > дулат. Мұндағы туғ > дуғ // ту // // ду өзгерісі түркі тілдерінде ешбір шүбә келтірмейді. Сонда дулат (< туғлуғ-ат) сөзінің мағынасын қазіргі қазақ тіліне аударсақ «тулылар» (люди, имеющие знамена) болады.

Қосымша айта кететін нәрсе көне түркілердің туы осы күнгідей матадан жасалмаған, құрыққа орнатылған қасқырдың басы болған<sup>163</sup>. Сол себептен де көне аңыздарда түркілердің атасы Ашина қасқырдан туған делінетін аңыздың да осыған қатысы болуға тиіс. Ал «Огуз-намедегі» Огуз қағанды басқарып жүретін көк бөрі де — мифтік символ — тотем.

Сөйтіп, қазақ, монғол т. б. халықтардың құрамына енген *дуғлат* — *дулаттар* осындай тарихи-лингвистикалық факторлар негізіне қалыптасқан.

**АЛШЫН//АЛАШЫН.** Тарихи этнотопоним. Оның ертеде ел аты болғандығына Ю. Зуевтің мына зерттеулері куә: «Выражение бо-ма («пегие кони») является китайской калькой соответствующего тюркского этнонима. Вставка в тексте «Тундянь» гласит: Туцзюе пегих коней называют хэла; еще известна страна Хэла (*Алаат > Ала + ат*)»<sup>164</sup>.

Кіші жүз қазақтарының құрамына кіретін *алшын* тайпа одағының тарихы туралы А. Левшиннің, Ш. Уәлихановтың, Н. Аристовтың, А. Харузиннің, В. Бартольдтың еңбектерінде айтылған. Олардың пікірлері С. Аманжоловтың<sup>165</sup>, В. Востров пен М. Мұқановтың еңбек-

<sup>163</sup> Гумилев Л. Древние тюрки, с. 217.

<sup>164</sup> Зуев Ю. А. Из древнетюркской этнонимии по китайским источникам, с. 106.

<sup>165</sup> Аманжолов С. А. Вопросы истории и диалектологии... Алма-Ата, 1959.

терінде <sup>166</sup> және Ю. Зуевтің жоғарыда көрсетілген мақаласында толық келтірілген. Алшын атауының этимологиясы жөнінде І. К. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақов та жоғарыда аталған мақаласында пікір айтты.

Алшын этнонимінің этимологиясы жөнінде алғаш рет Н. Аристов былай деп жазды: «По варианту, приводимому Казанцевым же, во владениях Алача хана или Алчена стали рождаться пегие и чубарые люди, называемые (должно быть, от оспы) *ченчак* (рябые)...»<sup>167</sup>. Ал И. Березин *-чин* — монғол тілінің жұрнағы, бұл атаулардың аяғында келіп «женский роды» білдіреді деген <sup>168</sup>.

Келтірілген пікірлерді айта келіп, проф. С. Аманжолов сөз этимологиясы жөнінде былай деп жазды: «Мне кажется, что в основе слова *алшын* нет семантики *ала* (пестрый). Нельзя утверждать также, что аффикс *-чин// -шын* в слове *алшын* является монгольским, ибо монгольский аффикс *-чин* прибавляется к словам, означающим женский пол (см. выше Рашид-ад-дин), а слова *ал, ала, алак* и т. п. мы не можем отнести к словам женского пола. Вообще окончание *-чин* в тюркских языках не имеет того значения, которое оно имеет у монголов. Поэтому я полагаю, что *-чин// -шын* в слове *алшын* — то же самое, что *-тын* в слове *алтын*. Следовательно, *алшын* и *алтын* происходят путем расщепления от одного корня. Недаром одна из ветвей алшынского союза называется

---

<sup>166</sup> Востров В., Муканов М. Родо-племенной состав и расселение казахов... Алма-Ата, 1968.

<sup>167</sup> Аристов Н. Опыт выяснения..., с. 424.

<sup>168</sup> Березин И. История монголов, с. 51—52.

*алтыном*. Названия рода или племени *алшын* в этом союзе нет»<sup>169</sup>. С. Аманжолов этимологиясында сөздің түбірі, жұрнағы қайсы деген сұрақтар ашылмаған. Сол сияқты *алшын*//*алтын* сөзінің қайсы негіз, қайсы туынды екені де көрсетілмеген. Сондықтан да сөз этимологиясының сыры ашылмай қалған.

Проф. С. Аманжолов осы этимологияны айта келіп, алшындардың отаны Алтай болған, өйткені ондағы көптеген жер-су аттары *алшынмен* және оған кіретін ру-тайпа аттарына байланысты қойылған деген қорытындыға келеді. Ал *алшын* этнониміне *ала* деген сөздің қатысы жоқ деген пікірін жоғарыда келтірдік.

Ал І. Қ. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақов *алшын* этнонимінің этимологиясы Геродот еңбегінде айтылып, біздің эрамызға дейінгі V ғасырда Қара теңіздің жағасында өмір сүрген алозондармен тығыз байланысты деп қарайды. Оның алғашқы *ала* компоненті түркі тілдерінде (башқұртша — *оло*, якутше — *улахан*, қазақша, қырғызша — *ұлы*) «үлкен», «ғаламат» (громадный), «ұлы» деген мағынада кездеседі, ал *зон* монғол, тунгус-маньчжур және түркі тілдерінде «халық», «тайпа» дегенді білдіреді. Сөйтіп атаудың өзгеру схемасын авторлар былайша көрсетеді: *алазон* > *ализон* > *алзон* > *алсын* > *алшын* <sup>170</sup>.

Бұл этимологияның даулы жағы — ол кезде, яғни біздің эрамызға дейінгі V ғасырда және онан кейінгі дәуірде алшындар (тарихи: алаатшындар) Алтай маңында жүрген. Сон-

<sup>169</sup> Аманжолов С. Вопросы истории и диалектологии..., с. 40—41.

<sup>170</sup> Кеңесбаев С. К., Жанұзақов Т. Д. О лексических пластах, с. 84—85.

дықтан тарихи хронология мен территория қашықтығы бұл этимологияға күмән келтіреді.

Бұл атауды көне қытай нұсқаларынан тауып зерттеу жүргізген автор — Ю. Зуев. Оның зерттеулері бойынша 652 жылы бома, гуй, яньмо және кэшидань елдерінің жолнамасы (дорожник) жазылған. Жолнаманың мазмұны VIII ғасырдың авторы Ду Юдың «Тундянь» деген еңбегінде келтірілген. Ал жолнаманың өзі жоғалып кеткен. Ю. Зуев «Тундяньдағы» деректерді орыс тіліне аударып, зерттеулер жасаған <sup>171</sup>.

«Тундянь» нұсқасындағы *бо-ма* сөзін Ю. Зуев *алат* деген түркі этнонимінің калькасы (аудармасы) деп қарайды. Осы сөзге берген түсініктемеде «Тундяньның» авторы «ала аттарды», «туцзюелер» (түркілер.— А. Ә.) *хэла* деп атайды деген. Көне қытай нұсқасындағы *хэла* сөзін Ю. Зуев түркіше *ала-ат* деп түсіндіреді. Көне тексте «бұл елде жылқының бәрі ала, сондықтан халық аты да содан алынған» деп көрсетілген <sup>172</sup>. Тань дәуіріндегі документтерде бұл тайпаның аты *элочжи* және сәл өзгеріске түскен *гэлочжи* түрінде кездеседі. Ю. Зуев мұның алғашқысын *алачи*  $\left\langle \begin{array}{l} \text{алач} \\ \text{алчи} \end{array} \right.$ , соң-

ғысын *аласі* деп оқиды.

Осы *алачи* тайпасының тарихын, көшу-қонысын, таралу аймағын зерттей келіп Ю. Зуев төмендегідей қорытынды жасайды.

1. Көне қытай нұсқаларында VII ғасырда кездесетін *бома* термині *алачи*, *алақ-бұлақ* (?), *алка булақ* (?) *бұлақ-ат*, *ала йондлуг*, *алан* (?)

<sup>171</sup> Зуев Ю. Жоғарыда көрсетілген еңбегінің, 105—107-беттері.

<sup>172</sup> Сонда, 106-б.



*алачин* т. б. түрлерінде кездесетін көне түркі *алат* этнонимінің қытайша аудармасы болып табылады.

2. *Алаттар* жөніндегі қытай нұсқаларындағы алғашқы деректер IV ғасырдан кездеседі. Ол кезде *алаттар* Ордос және Иньшаньның солтүстік беткейі маңында мекендеген. Ендеше сол кездің өзінде-ақ олар екі немесе үш топқа бөлінген.

3. VII ғасырда *алаттардың* бір бөлегі Алтайдың солтүстігін мекендеген, кейінгі нұсқаларда олар Нарымда қоныстанған деген деректер де бар.

4. VIII ғасырлардағы және одан кейінгі нұсқаларда *алаттардың* бір үлкен бөлегі Алтайдан алшақтап, батысқа қарай көшкен және жергілікті тайпалармен араласып, бұрынғы бірлестігін жойған. Олардың жеке топтары огуз-түрікпен, печенег, болгар және қыпшақтармен араласып, жаңа этностық топтар құрған.

5. Осы батыс *алаттары* қазіргі түрікпен, өзбек және қазақ сияқты халықтардың да құрамына енген. Сол сияқты монғол шапқыншылығынан кейінгі *алачин* (тарихи *алаттардың* бір бөлегі) этносы да осы халықтар құрамына енуі мүмкін. Сөйтіп бір арнадан тараған *алаттар* мен *алачиндар* монғол дәуірінен кейін де осы аймақта қайта тоқайласқан.

Ю. Зуевтің көптеген көне қытай, европа авторлары, орыс нұсқалары арқылы зерттеу жүргізіп, *алаттар* туралы келген қорытындысы осындай. Автордың *бома*, *ала-ат*, *алачи*, *ала йонтлығ*, *алачин*, *алчин* атауларын байланыстыра қарауына біз толық қосыламыз. Бірақ осы қатарға жоғарыдағы *алақ-бұлақ*, *алка-бу-*

лақ, булақ-ат сияқты сөздерді жатқызуы тарихи тұрғыдан да, лингвистикалық тұрғыдан да жаңсақ нәрселер сияқты.

Ю. Зуевтің жаңсақ қорытынды жасауына өзінің мына пікірі негіз болған: «Фонетические варианты термина *ала* (в значении «пегий конь») многочисленны: *ала-бұла*, *алағ-булағ*, *булақ* и *алан-булан*, *алақ*, *әлкә булақ* и т. д. (здесь ссылка на работы И. Немета, а также А. Боровкова. «Бадаи ал-луғат». М., 1961, с. 76; *алақ-бұлақ* «смешанный в беспорядке»). В «Словаре» Махмуда Кашгарского это наименование встречается несколько раз применительно к разным группировкам «Пегих коней». В одном месте он говорит, что *алка-булақ* — название тюркского племени» (МК, 1, 149). В другом оно фигурирует под названием *булақ ат*: «Тюркское племя. Они были под зависимостью кипчаков, но потом спаслись от них с помощью Всевышнего и стали известны под именем *алка булақ*» (МК, I, 360)<sup>173</sup>. Біз осы келтірілген цитатадағы мәліметтерді М. Қашқари еңбегімен салыстырып шығып, Ю. Зуев аудармасынан айырмашылықтар таптық. Соларды келтірейік: «*Булақ: булақ ат* — бойы қысқа, арқасы жалпақ ат». «*Бұлақ* — бір түркі руы. Оларды қыпшақтар тұтқын қылған (бағындырған) еді, кейін құдай құтқарды және олар *алка булақ* деп аталатын болды. Бұл сөзді *بلاق بلق* түрлерінде, яғни созып, немесе қысқартып оқуға да болады» (М. Қашқарий, I, Ташкент, 1960, 360-б.).

Біз келтірген аудармада, М. Қашқари еңбегінің 360-бетінде *булақ ат* деген этноним жоқ,

---

<sup>173</sup> Сонда.

төк осылай аталатын жылқы аты бар. Мұнда *булақ*: *алқа булақ* деген ру аты бар. Бірақ бұл этноним атауы Ю. Зуев айтқандай *булақ ат* түрінде кездеспейді. Осы сияқты А. Боровковтың еңбегіне сілтеме жасап келтірген «алақ-бұлақ» (смешанный в беспорядке) сөзіне де *ала* сөзінің, сол сияқты *ала ат* сөзінің де ешбір қатысы жоқ. Өйткені «алақ-бұлақ ету» деген тіркес тіл білген кісіге «сасқалақтап жан-жағына қарау» екені белгілі емес пе? Сол себептен мұндағы келтірілген сөздердің бәрінің *алат, алачин, алшын* этнонимдеріне қатысы бар деп айта алмаймыз.

Сөз етіп отырған *ала-ат, алачин, алшын* этнонимдерінің көне формасы,— біздіңше, *ала-атчин*. Бұған тарихи жағынан VIII—X ғасырларда жазылған «Танхуйяо» деп аталатын көне қытай нұсқасындағы *гэ-ло-чжи* (дұрысы: *э-ло-чжи*) атауының түркі тілдерінде *алағчин//алачин* атауын беретіндігі дәлел бола алады. Бұл факті жөнінде Ю. Зуев басқа бір мақаласында былай деп жазған болатын-ды: «Безусловно, к *алағчин (алачин, алчин, алчи)* и восходит китайская транскрипция *э-ло-чжи*, наиболее ранняя передача названия основного этнического компонента казахов Младшего жуза и части узбеков»<sup>174</sup>.

Ал сөздің нақтылы этимологиясы туралы Ю. Зуевтің мына пікірі көңіл аударарлық: «Хорошо известно, что *алаты (алачин)* является основным этническим компонентом в составе казахов Младшего жуза, части узбеков и туркмен. Монгольское оформление этнонима

---

<sup>174</sup> Зуев Ю. А. Тамги лошадей из вассальных княжеств, с. 124.

(ала+монгольский аффикс действующего лица -чин) говорит, казалось бы, о том что их отко-  
чевка произошла после монгольского завоева-  
ния, но есть факты, могущие опровергнуть это  
положение и датировать переселение части  
алатов на запад домонгольским периодом»<sup>175</sup>.

Автор осы мақаласында *хэла* этнонимін  
*ала-ат* — «пегие кони» *элочжи* этнонимін «ала-  
чи» — пеголошадники деп аударған болатын <sup>176</sup>.  
Сөйтiп, Ю. Зуев сөз этимологиясын бiрде *ала+*  
*+чин* (монгольский аффикс действующего ли-  
ца) деп, бiрде *ала-ат-чи* (пеголошадники) деп  
түсiндiредi.

Жоғарыдағы пікірімізге қайта оралайық.  
Егер сөз түбірі Ю. Зуев айтқандай болса, онда  
*ала(а)тчы* сөзінен *алачын* > *алшын* этнонимі  
тумайды. Өйткені *алачын* > *алшын* формала-  
рындағы сөз соңындағы *н* дыбысының түсіп  
қалмай, сақталып келуі біздің пікірімізді дә-  
лелдейді. Ендігі гәп сөз аяғындағы *-чын//шын*  
аффиксінің не екендігінде. Біздіңше, бұл  
Ю. Зуев айтқандай монғол тілінің ғана жұрна-  
ғы емес, ертедегі түркі-монғол тілдеріне ортақ  
жұрнақ. Дәлелдер келтірейік. Қазіргі бурят  
тілінде *-шан* (*-шон, шэн*) жұрнағы ең өнімді  
жұрнақ:

1) мал бағушы және өсіруші адамдарды біл-  
діреді: *адуу(н)* (*табун*) + *шан-адуушан* (ко-  
нюх, табунщик), *мал* (скот) + *шан-малшан*  
(скотовод) т. б.

2) сөз түбіріндегі затты өндіруші: *сабхи*  
(сапоги) + *шан-сабшан* (сапожник).

---

<sup>175</sup> Зуев Ю. А. Из древнетюркской этнонимики,  
с. 112—113. \*

<sup>176</sup> Сонда, 111-б.

3) сөз түбіріндегі затты қолданушы немесе пайдаланушы: *сана* (лыжи) + *шан-санашан* (лыжник) т. б.

4) адамның әлеуметтік жағдайын, қызметін білдіреді: *тагнуул* (разведка) + *шын-тагнуул-шан* (разведчик) т. б.

5) сөз түбіріндегі жануарды, аңды аулаушы: *булга(н)* (соболь) + *шан-булгашан* (охотник на соболя) т. б.<sup>177</sup>.

Бурят тілінде сөз тудыру жұрнақтарын арнайы зерттеген У. Дондуков *-ша* жұрнағы туралы былай деп жазыпты: «Аффикс *-ша* (автор сілтемеде бұл аффикс монғол тіліндегі *-ч*, түркі тілдеріндегі *-чы//шы//сы* жұрнағына сәйкес келеді деп көрсетеді.— А. Ә.) в тюркско-монгольских языках с древних времен стабилизировался как аффикс существительных, обозначающих имена деятелей»<sup>178</sup>.

Автор бурят тіліндегі *-ша* аффиксінен *-шан* аффиксін бөліп қарап, соңғысы мамандықты білдіретін жұрнақ деп есептейді: *оро* (олень) + *+шон* (оленовод), *загаһа(н)* + *шан* (рыбак) т. б. Бұдан әрі ол бурят тіліндегі *-ша* және *-шан* аффикстерін, монғол тіліндегі *-ч* және *-чин* аффикстерін көптеген зерттеушілер бір жұрнақ деп қараса кейбір бурят тіл мамандары *-ша* аффиксін тек сын есімге тән жұрнақ деп қарайтынын айтады.

Автор бұл құбылыстың сыры өте ертеде зат есім мен сын есімнің бір-бірінен ажырамағанын, сондықтан олардың сөз тудыратын жұр-

---

<sup>177</sup> *Грамматика бурятского языка. Фонетика и морфология.* М., 1962, с. 66—67.

<sup>178</sup> *Дондуков У. Ж. Ш. Аффиксальное словообразование частей речи в бурятском языке.* Улан-Удэ, 1964, с. 14—15.

нақтары да ортақ болып келетінін орынды айта келіп тілдің даму барысында бұл аффикстер әр түрлі лексика-семантикалық мағынаға ие болғанын, яғни сараланғанын көрсетеді <sup>179</sup>.

Бурят-монғол тілдеріндегі *-чин* жұрнағының шығуы мен даму барысы туралы проф. Г. Д. Санжеевтің пікірі, біздіңше, ғылыми дәлелді сияқты. Ол былай деп жазды: «Этот показатель *-н* превратился в показатель множественности не потому, что он стал наращиваться на основу с конечным *-чи ~ -ша*. Здесь дело обстоит совершенно иначе, нежели с другими показателями множественности, ибо в монгольских языках *-чи, -ша* как форма единственного числа сложилась позднее: первоначально именно с окончаниями *-чин* обозначали наименования целых коллективов, целых социальных групп и употреблялись в качестве родовых и племенных названий (*керемучин* — «керемучины» от *керему* «белка», *булагачин* — «булагачины» от *булага* «соболь» и т. д.). И лишь потом путем отсечения или выпадения конечного *н* образуется форма единственного числа на *-чи ~ ша*. Таким образом, в данном случае сначала было множественное число, а потом единственное. Иными словами, суффикс *-чин ~ -шан* с исторической точки зрения является неделимым и неразложимым показателем множественности»<sup>180</sup>.

Проф. Г. Д. Санжеев бұл аффикстің даму жолын *-тан* жұрнағымен салыстыра келіп, бұлардың бір негізден шыққаны және олардың

---

<sup>179</sup> Сонда, 17-б.

<sup>180</sup> Санжеев Г. Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. Т. I, М., 1953, с. 134.

мағыналық жағынан өзгеріске түскені туралы былай дейді: «Более того, суффикс *-тан* исторически, несомненно, является вариантом другого суффикса, описанного выше, а именно *-чин←-тін ~ тін*. Это расщепление некогда единого суффикса на *-тін→-чин*, *-тан* и *-ту* имело место, надо думать, в очень ранний период. В результате этого расщепления суффикс *-чин* стал обозначать непосредственных производителей (отсюда его дальнейшее и современное значение показателя профессии или деятеля), тогда как суффикс *-тан* обозначает уже не непосредственных производителей, а лиц, чем-либо обладающих, в том числе готовыми дарами природы, т. е. группового владельца: *мал* — «скот», *малчин* — «скотовод», *малшан* — «скотовладельцы»<sup>181</sup>.

Сөйтіп, жоғарыда келтірілген фактілер бурят-монғол тілдеріндегі *-\*-тін*, *-чин*, *-тан*, *-ша*, *-шан*, *-ч* аффикстерінің бір арнадан шыққандығын дәлелдейді. Ал түркі тілдерінде осы аффикс бұрын болған ба? Я болған, — деп жауап беруге болады. Өйткені *-чын* жұрнағы арқылы жасалған сөз М. Қашқари еңбегінде кездеседі: «*Балықчын* — қарқара, ақ құтан, балық аулайтын ақ құс<sup>182</sup>. Мұндағы *балықшын* формасы қазіргі қазақ тіліндегі *балықшы* түріне сай келеді. Соңғы формада қазақ тілінде *жылқышы*, *балықшы* деген құс атаулары бар екені белгілі. Бұдан қазіргі қазақ тіліндегі *-шы* жұрнағының көне формасы *-шын* екенін анық байқауға болады.

---

<sup>181</sup> Сонда.

<sup>182</sup> Махмұд Қашғари. Диван лұғат түрк, I-т. Ташкент, 1960, 468-б.

Келтірілген фактілерден фонетикалық варианттағы *-чын* аффиксі ертеде түркі-монғол тілдерінде ортақ болып, одан монғол тілінде *-чин*, *-ч*, бурят тілінде *-шан*, *-ша*, ал түркі тілдеріне *-чы//шы* (*сы//сі* башқұрт тілінде) жұрнақтары туындағанын байқаймыз. Бұл құбылысты мынадай схемамен көрсетуге болады:

*-Чын*  $\left\{ \begin{array}{l} -чин, -ч \text{ (монғол тілінде)} \\ -шан, -ша \text{ (бурят тілінде)} \\ -чы//шы//сы//сі \text{ (түркі тілдерінде)} \end{array} \right.$

Енді *-чын* жұрнағының *алаат* этнониміне ертедегі жалғанған дәуіріндегі мағынасына келейік. Біздіңше *-чын* жұрнағы ертеде, жоғарыда проф. Г. Д. Санжеев көрсеткендей, сөз аяғында жалғанып, ру және тайпа аттарының көрсеткіші болған. Бұл дәстүр сол ертедегі түркі тайпаларының тілдерінде де қатар өмір сүрген болуы керек. Айтылмыш жұрнақтың көне дәуірлерінде түркі-монғол тілдерінде екі қызметі болған: 1) көбіне жануар, аң аттарына т. б. байланысты сөздерге жалғанып, оны тиянақтап, сол рудың, я тайпаның атын айналдыратын болған. Мәселен, жоғарыда Г. Д. Санжеевтің еңбегінде келтірілген *керему* (белка), *булага* (соболь) сөздері (хайуан аттары) жеке тұрып ру атын жасамайды, оларға *-чин* жұрнағы қосылғанда ғана ру атына айналған. Сол сияқты *алаат* сөздері де тайпа атына айналмай, бұған *-чын* жұрнағы қосылғанда ғана *ала(а)тшын* этнониміне айналған. Бірақ кейінгі дәуірлерде *-чын* жұрнағы қосылу міндетті болмаған, өйткені осы *ала(а)тшын* (алачын) этнонимінің өзі де кейбір тарихи нұсқаларда *алат* түрінде кездесетіні жоғарыда көрсетілген



Ю. Зуевтің мақалаларында келтірілген. Мәселен, қоңырат этнонимінің соңында *-чын* жұрнағы жоқ. 2) *-чын* жұрнағының ертедегі екінші қызметі жинақтау, көптік мағынаны білдіру сияқты. Сонда *ала(а)тшын* дегенде бұған *ала(а)ттарға* жататын көп адамдар енетінін аңғартқан. Сөйтіп бұл жұрнақты біз шартты түрде рулық-жинақтау (собирательно-родовой) мәндегі аффикс деп атаймыз.

Жоғарыда айтылғандардан *алшын* этнонимінің этимологиясын былайша көрсетуге болады:

*ала+ат+чын (шын) > ала(а)тшын > алачын > алашын > алашын//алшын.*

Келтірілген этимология *алшын* этнонимінің өзгерісін тарихи және лингвистикалық жағынан дұрыс ашады деп ойлаймыз.

АРҒЫН. Этнотопоним. Бұл этнотопоним туралы XI ғасырда М. Қашқари былай деп жазған болатын: «*арғу* — екі тау арасы. Тараз және Баласағұн арасындағы шахарларды һәм *Арғу* дейді. Өйткені ол екі тау арасында» (I, 48). Осы территорияны С. Г. Кляшторный да «*Арғу елі*» (страна Аргу) дейді<sup>183</sup>.

*Арғын* тайпа одағы туралы А. Левшин, Н. Аристов, А. Харузин, Ш. Уәлиханов, Г. Е. Грумм-Гржимайло, В. Бартольд, С. Аманжолов, І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақов, Ә. Марғұлан, Ғ. М. Мұсабаев, Ю. Зуев, С. Кляшторный («*Арғу елі*»), В. Востров пен М. Мұқанов т. б. жазды.

*Арғын* жөніндегі жазылған пікірлерде басмыл мен арғынды бір деп қараушылық байқа-

---

<sup>183</sup> Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники, с. 122—135.

лады. Ең алғаш бағмыл мен арғын бір тайпа деген Н. Аристов болды. Ол осы екеуінің де мағынасы «будан» «қоспа» (помесь) дегенді білдіреді, сондықтан әуелі басмыл аталғандар кейін арғын аталған деп жазды<sup>184</sup>.

Бұл пікірді В. В. Бартольд қолдап, былай деп жазды: «Слово *арғын*, по интересной и очень правдоподобной догадке г-на Аристова, означало «помесь». Такое значение Марко Поло придавал слову *Аргон* и отождествлял его со словом *Gasmuli*. Г-н Аристов, ссылаясь на Потье, приводит свидетельство Дюканже., что *Basmaile* именовались в византийской империи потомки отца-француза и матери-гречанки; отсюда делается вывод, что «басмылы» орхонских надписей («басими» китайских источников) также были «смесью» многих, вероятно, разного происхождения родов (Заметки..., с. 91—92). Термин с таким значением мы, как известно, имеем и в новейшей истории тюрков (құрама)»<sup>185</sup>.

Бұл пікірді Г. Е. Грумм-Гржимайло да қолдады. Бірақ ол кейінірек осы пікірінен айнып қалды, өйткені V ғ. қытай нұсқаларындағы гаогуй тайпа одағына жататын а-лунь тайпасы мен арғын бір болса, онда басмыл мен арғын бір деген пікір жоққа шықпай ма? Сондықтан ол а-лунь қытайлар нұсқасындағы арғын сөзінің транскрипциясы деп қарайды<sup>186</sup>. Оның үстіне ол арғындар (а-лунь) Шығыс Тарбаға-

---

<sup>184</sup> Аристов Н. Заметки..., с. 465.

<sup>185</sup> Бартольд В. В. Критика на книгу Н. Аристова. «Заметки...—Записки ВОИРАО», т. II, 1897—1898. Спб., 1899, с. 352—353.

<sup>186</sup> Грумм-Гржимайло Г. Е. Западная Монголия и Уранхайский край. Т. II, 1926, с. 256.

тайдан оңтүстікке қарай, яғни Шығыс Тянь-Шанға көшкен (жоғарыда көрсетілген М. Қашқари территориясы.— А. Ә.), бірақ олардың көшкен уақыты белгісіз деп қорытады<sup>187</sup>.

Біз бұл арада басмыл дегеніміз арғын ба дегеннің басын ашып алуымыз керек. Проф. С. Аманжолов Н. Аристовтың арғындар басмылдан шыққан деген пікірін теріс деп таниды: «По моему мнению, уже один тот факт, что тюркские племена басмыли и аргу или аргыны жили в XI веке параллельно, как это мы видим в трудах М. Қашқари, говорит о том, что предположение Аристова о происхождении аргынов от басмылов не соответствует действительности<sup>188</sup>.

С. Аманжолов басмыл, арғын екеуі бір емес екеніне дәлел етіп, екеуінің де М. Қашқари еңбегінде кездесуін келтіреді. Біз де басмыл мен арғын бір емес деген пікірдеміз. Оған келтірер қосымша дәлелдеріміз мынадай:

1) *Гасмул-Басмул* түркі халықтарының сөзі емес, жоғарыда көрсетілгендей француз бен гречанканың буданынан туған «қоспа». Осылай деп Византия империясында айтылған. Ендеше оның түркі тайпасы деп аталатын басмылға (қытайша *баси-ми*) қатысы жоқ.

2) М. Қашқари еңбегінде *басмыл* этнонимі 4 рет кездеседі. Онда басмыл Румға жақын бажанақ, қыпшақ, оғуз, йемек, башқұрт, қай, йабаку, татар, қырғыз сияқты халықтардың ішінде айтылады (I, 64-б.); одан кейін қай, иабаку, татар, басмыл қабилаларының әрқайсы-

---

<sup>187</sup> Сонда, 59-б.

<sup>188</sup> Аманжолов С. Вопросы истории и диалектологии..., с. 37.

сының өз ерекшелігі бар екені, бұлар да түркі тілін жақсы білетіні көрсетіледі (I, 66-б.), бұдан соң басмыл мен чумул руларының біріккені баяндалады (I, 427), содан кейін басмыл әскері Фази Арслан Тегинге қарсы айбат шеккені айтылады (II, 361). М. Қашқари еңбегіндегі басмылдар туралы бар дерек осы. Асылында басмыл жерін М. Қашқари араламаған болуы керек, өйткені олардың тіліндегі сөздер еңбекте келтірілмейді.

3) М. Қашқари еңбегінде арғулардың мекені дәл көрсетілсе, басмылдардың территориясы нақты айтылмайды. Әйтеуір Рум жақта делінеді.

4) М. Қашқари еңбегінде арғулардың тілі, мекені, тарихы туралы мәлімет 17 жерде айтылып, толық мағлұмат берілсе, басмыл туралы мәлімет 4 рет кездеседі және арғын мен басмыл туралы деректер бір-біріне жақындамайды. Міне, осы келтірілген дәлелдер арқылы біз басмыл мен арғын өзді-өзіне бөлек-бөлек тайпа одақтары деп есептейміз.

Егер жоғарыда көрсетілгендей V ғасырдағы а-луньдар арғын болса, онда олардың Шығыстан көшіп келуі анықтала түседі. Қалай болғанда да, XI ғасырда арғулардың Тараз бен Баласағұн (Тоқмақтың қасында) қалаларының аралығында болуы М. Қашқари еңбектерінен анық көрінеді.

Енді арғу мен арғын бір тайпа одағы ма деген мәселеге келейік. Бұл туралы алғаш пікір айтқан проф. С. Аманжолов еді. Ол былай деп жазды: «Мне кажется, что упомянутое выше сообщение Аристовы (из китайского источника) об «алунах», безусловно, заслуживает самого большого внимания; название их совпа-

даєт с қазақским названием *арғынов//арғунов*. Видимо, позднее, к XI веку, они передвигались к той местности, на которую указывает М. Кашкари. Арғыны среди тюркских племен, по крайней мере среди казахов, пожалуй, самое многочисленное племя. По утверждению М. Кашкари, они жили между Сайрамом и Баласагуном»<sup>189</sup>. Бұл айтылғандардан С. Аманжолов арғу мен арғын бір деп қарайтынын байқаймыз. Ал проф. Ғ. Мұсабаев өз еңбегінің бір жерінде бұл екеуінің бір екеніне күдіктенсе,<sup>190</sup> екінші бір жерінде екеуі екі бөлек деп қарайды: «Әйтеуір арғу жергілікті 5 нүшібидің бірі емес, сондай-ақ ол арғын да емес. Бірақ қазақ халқына енген бір тайпа екені анық... Арғын ұлысы басмыл аталып, Алтайдың теріс-шығысында Қарақорымды астана еткен тукю (түркітер) ұлысының көршісі болатын... Арғу мен арғын екеуі екі басқа, Қоқанның шығысындағы қарлы тау тізбегі Арғу тағ делінеді, оны да ескерусіз қалдыра алмасақ керек»<sup>191</sup>. Басмыл мен арғынның бір емес екенін біз жоғарыда айттық. Ал Арғын деген таудың аты Ибн-Халдунның еңбегінде Балқаш көлінің оңтүстігінде деп көрсетіледі<sup>192</sup>. Ендеше осы фактілер Ғ. Мұсабаевтың пікіріне сын көзбен қарауға мәжбүр етеді.

Біз арғу мен арғын бір деп қараймыз. Оған келтіретін мынадай дәлелдер бар:

---

<sup>189</sup> Сонда, 37-б.

<sup>190</sup> Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан. I-бөлім. Алматы, 1966, 72-б.

<sup>191</sup> Сонда, 75, 76-б.

<sup>192</sup> Муканов М. С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Автореф. на соиск. учен. степени канд. ист. наук. Алма-Ата, 1972, с. 8.

1) Арғулар XI ғасырда Талас пен Баласағұнның екі арасында мекен еткені М. Қашқарида айтылатынын жоғарыда көрсеттік.

2) Арғындардың XIV ғасырға дейін осы жерді мекендеп, кейін солтүстікке қарай көшуі туралы осы мәселені арнайы зерттеген М. Мұқановтың еңбегінде былай делінеді. «Опустошительные набеги Тимура в конце XIV в., а затем нашествие джунгар вынудили аргынов оставить Семиречье и перекочевать на север, заняв обширные пространства от Северного Прибалхашья до Южной Сибири. Продвижение аргынов на север подтверждается данными «Джами-ат-таварих» Кадыргали Жалаири. Описывая избрание Ураз-Мухаммеда в касимовские ханы, автор указывает, что по левую руку от престола было два бека — один из рода аргын, другой из рода кипчак. Как известно, Ураз-Мухаммед был пленен воеводой Данилой Чулковым в 1588 г. Этот факт говорит о распространении аргынов далеко на север от мест первоначального расселения, а также о существовании элементов государственности у аргынов, т. к. титул бека левой или правой руки мог иметь феодал, обладающий экономической и военной поддержкой своих соплеменников»<sup>193</sup>.

Арғындар М. Қашқари көрсетілген аймақтан XIV ғасырда кетуі анық болса, енді олар арғу болмағанда кім болады? Арғындардың бұл өлкеде қоныс тепкенін тіпті олардың қырғызбен тату-тәтті бір ел болғанын қырғыздардың «Манас» жырынан да көруге болады. Бұл жырдың ең басында қырғыздарды Әлеуке хан

---

<sup>193</sup> Сонда, 9-б.

шапқанда, арғын мен ноғай қырғыз елімен бір болады<sup>194</sup>.

3) Басмыл, арғу тайпа одақтары жөнінде пікір айтушылардың бәрі де жалаң тарихи деректерге ғана сүйенді. Жоғарыда көрсетілгендей бұл деректердің де күңгірт жағы көп еді. Ол пікірлердің кемістік жағы да тілдік материалдарға көңіл бөлмеушіліктен туған.

Арғу мен арғын бір дегенде біз М. Қашқари еңбегінде кездесетін төмендегідей лингвистикалық деректерге сүйендік. М. Қашқари өз еңбегінде сұғдақ, кенжек және арғулар екі тілде сөйлейтінін айтады (II, 65). Оның бірі түркі тілі екені белгілі, бірақ бұл арада олардың жақсы сөйлейтін екінші тілі қай тіл екені айтылмайды.

Арғулар тіліндегі дыбыс ерекшеліктері жөнінде М. Қашқари еңбегінің «Тілде және лахжаларда (говорларда) болған айырмашылықтар жайында» (I, 66) деген бөлімінде айтылады. Ол былай дейді: «Сөз ортасында немесе сөз соңында келген *й*-ды арғулар *н*-ға алмастырады. Мәселен, түркілер *қой* десе, олар *қон* дейді. Түркілер кедейді *чығай* десе, олар *чыған* дейді. Түркілер *қайу нәң* (қайсы нәрсе) десе, олар *қану* дейді» (II, 67).

Көне арғулар тілінде осылай айтылуы әбден ықтимал. Ал бұл фонетикалық өзгешеліктердің кейбірі қазақтың әдеби тілінде, жергілікті сөздерінде де сақталған: етіктің *қонышы* деп те, *қойышы* деп те, *шаңқан түс/шаңқай түс* деп те айта береміз. Ал М. Қашқаридың айтып отырған арғу тіліндегі *шыған* деген сөз қазақ тіліндегі «шығаннан шыққан кедей» деген фра-

---

<sup>194</sup> Манас, I-кітап. Фрунзе, 1958, 13-б.

залық тіркесте сақталған. Сонда бұл фразаның мағынасы «кедейден шыққан кедей (!)» болады. М. Қашқаридың көрсеткен *қану* түбірінен жасалған *қанда* (әдеби тілде — *қайда*) сөзі қазақтың батыс диалектісінде сақталған<sup>195</sup>.

Сөйтіп, жоғарыда келтірілген фактілер қазақ тілінен қазірде де толық табылып отыр, ендеше мұның өзі қазақ халқының этностық құрамына кірген арғындар мен көне арғулар тілінің бір екенін дәлелдейді.

Енді М. Қашқари еңбегіндегі басқа мағлұматтарға жүгінейік. Ол «білді» деген етістікті түсіндіре отырып, *ол білік білді* (ол білім білді) (*білгір, білмақ*) дегендерді басқалар осылай айтады, ал арғулар *білір* дегенді *білүр* деп айтады, мұның өзі басқалардың айтуына (произношение) тура келмейді — дейді (II, 50). Мұндағы *білүр* деп айтылуы қазіргі қазақ тілінде *білер*-ге жақын екені көрініп-ақ тұр.

М. Қашқари еңбегінің II томында «Ережелер, етістіктің түсінігі және сын есім баяндалуы және салыстыру орындары» (II, 30) деген тақырыппен арнайы бөлім берілген. Мұнда автор түркі тілдеріндегі етістікті араб тіліндегі етістіктермен салыстырып, типологиялық зерттеулер жүргізеді. Ол араб тілі мен түркі тілдерінің етістіктерін салыстыра келіп былай дейді: «Түркі тілдерінде мұндай емес. Түркі тілдерінде екі, үш, төрт, бес әріп және одан да көп әріптен жасалған етістіктердің өткен, келер шақ тұлғалары және етістіктің тұйық райы — бәрінде де сәйкестік болады. Өткен шақ етістіктің негізгі дейтініне дәлел сол, әріптердің қайталану ерекшелігі тек өткен шақ етістікте-

---

<sup>195</sup> Аманжолов С. Аталған еңбегінің 295-беті.



рінде ғана болады. Келер шақ және тұйық райда (инфинитив) бұл ерекшелік болмайды. Үшінші, іс иесін білдіруші есімшелер (исми фоиллар) оғуз, қыпшақ, ямак, яғма, арғулар және суварлардан пачанакка дейін болған одақтар (тайпалар) тілінде өткен шақ етістіктен жасалады. Сондықтан олар өткен шақ етістікте — *барды-дан бардачы* тұлғада іс иесін аңғартатын есімше жасайды» (II, 40—41). М. Қашқари осылай деп, арғу тілін оғуз, қыпшақ, ямак, яғма, сувар тілдерінің қатарына жатқызғанымен, кейін бұған бірнеше түзету жасайды. Мәселен, *бардачы* (барушы), *турдачы* (тұрушы) есімшелері оғуз, қыпшақ, яғма, ұғрақ, сувар, бажанак тілдерінде етістіктің өткен шақ тұлғасынан жасалған дейді. Мұнда арғу тілін атамайды (II, 53).

М. Қашқари кейінгі баяндауларында арғу тілін чиғыл, қашқар, барсаған, ұйғыр тілдерінің қатарына жатқызады. Ол былай дейді: «Чиғыл, қашқар, арғу, барсаған, ұйғыр және жоғары Чинға дейін болған тайпалар бәрі де осы мағынадағы іс иесін білдіруші есімшелерді бұйрықтан (бұйрық райдан — А. Ә.) жасайды. Өткен шақ етістік қосымшасы *ди* орнына *-қ*, *-ғ* әріптері бар, яғни қатаң айтылушы сөздерде *-ғ*, бұдан басқа жіңішке сөздерде *-ч* қосылады. *-ч* және *-ы* өз қалпында қалады. Бұлардың тілінде *бар* — бұйрық (бұйрық рай — А. Ә.), *барғучы* — іс иесі есімше. *Тұр* бұйрығының есімше формасы *турғучы* түрінде, қатаң сөздерде *йа құрғучы*, (жақ құрушы) *товар қапғучы* — мал ұрлаушы, *ат сувғаручы* — ат суарушы...» (II, 54—55).

Бұл айтылғандардан арғу т. б. тілдердегі *-ғу* формасынан қазақ тілінде *-у* тұлғасы туға-

нын байқаймыз: *барғушы* > *барушы*, *тұрғушы* > > *тұрушы*, *қапғушы* > *қабушы*//*қағушы*, *суғарушы* > *суғарушы*//*суарушы*.

Бұдан әрі М. Қашқари былай деп жазады: «Бұйрық тұлғасының соңы *ғ*- мен біткен сөздерде *ғ* әрпі *қ*-менен алмастырылады. Сондықтан *тағқа ағқыл* — тауға шық, *сүт сағқыл*—сүт сау сияқты сөздердің ережесі осы» (II, 55). Дәл осы форма қазақ тілінің оңтүстік диалектісінде сақталғаны туралы проф. С. Аманжолов былай деп жазған: «В южном диалекте глагол повелительного склонения иногда принимает окончание *-қыл*//*ғыл* или *-кіл*//*гіл*. Например, *Бу сөзін айтмағыл деп жауап салды*»<sup>196</sup>.

М. Қашқари етістіктің өткен шақ тұлғасын жасауда да *яғма*, *тухси*, *чигил*, *арғу*, *ұйғыр*... тілдері бір қатарда екенін айтады (II, 64). Мұнда сувар тілінде *мен ја курдук* (мен жай<sup>197</sup> құрдым) дегенді *арғу т. б. тайпалар мен ей құрдим* деп айтатыны көрсетілген (II, 64, 65). Бұл сөйлемдегі етістіктің өткен шақ формасы да (*құрдым*), *ей* (қазақша — «жай») сөзінің формасы да қазақ тіліне дәл келеді.

М. Қашқари бұдан кейін үшінші рет *арғу* тілін *чиғыл*, *яғма*, *тухси*, *ұйғыр*... тілдерінің қатарына жатқызып, оны *оғуз*, *қыпшақ*, *бажанақ*, *булғар* тілдерінен бөлектейді. Ол былай дейді: Шақ (время) аты, мекен аты және құрал аттары сөз түбірінің қатаң айтылатын соңында *-қ* әрпі болған сөздерде *-ғу* және жіңішке айтылатын соңында *-к* әрпі болған сөздерде *-гу* қосымшасы арқылы жасалады. Бұл қағида *чигил*, *яғма*, *тухси*, *арғу*, *ұйғыр* және жоғары

<sup>196</sup> Аманжолов С. Аталған еңбегінің 251-беті.

<sup>197</sup> Жақ (садақ) деген сөз.

чинға дейін болған барлық тайпалар тілдеріне жатады. Оғуздар және қыпшақ, бажанак, бұлғар тілдерінде бұл сияқты сөздер етістіктің бұйрық тұлғасы соңына *-асы* қосу арқылы жасалады. М. Қашқари бұған мысал ретінде арғу т. б. тілдерінде *бу ја құрғу оғур әрмәс* [бұл жаяқ (жай — садақ) құратын уақыт емес] деген сөйлемді оғуз тілінде «*бу ја курасы оғур тәгүл* (бұл жай құратын уақыт емес) делінетінін айтады (II, 71). Мұндағы арғу тіліндегі «құрғу» етістігі жоғарыда көрсетілгендей қазіргі қазақ тіліндегі «құру» формасына сай келеді.

Енді арғу тіліндегі жеке сөздерге келейік. М. Қашқари *Ол урағут бошатты* дегенді «ол қатынын босатты» деп түсіндіріп, бұған *арғуча* деген белгі соғады (II, 354). Мұндағы *урағут* сөзінің түбірі — *урағ//ұрығ*, оған *-ут* жұрнағы қосылып, «әйел» (қатын) мағынасын беретін сөз жасалған. Қазіргі қазақ тіліндегі *ұр(ы)-ғашы* сөзі осы түбірден өрбіген. Ал *бошатты* етістігінің «босатты» дегенге сай келіп тұрғанын дәлелдеудің қажеті жоқ.

М. Қашқари *тана* сөзіне мынадай түсінік береді: «*Тана* — күнжіт, әртүрлі дән (урұғ) түрлері. Уч және арғулар тілінде» (III, 254). Мұндағы *тана* сөзі дән мағынасында Қызылорда облысы қазақтарының тілінде сақталған. Ол жерде «Қарамықтың *данасы* болғанша, бидайдың қанасы бол» деген мақал бар<sup>198</sup>. Мақалдағы *дана* сөзі данышпан мағынасында емес, «дән» мағынасында. Өйткені мұндағы *қана* сөзі «қабық», «қауыз» дегенді білдіреді

<sup>198</sup> Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969, 188-б.

(Сонда). М. Қашқари сөздігінде «Арғулар тілінде» деп берілген осы *тана* сөзі қазақ тілінде жоғарыда көрсетілген *дана* сөзіне тым жақын келеді. Бұл сөз қырғыз тілінде — «дәнек», өзбек тілінде — «данак» формаларында. Бұлардағы *қ* көрсеткіші — ең көнесі. Түркі тілдеріндегі *дән//дан//дон* (зерно) сөзі де осы сөзден алынған болу керек: *данак* > *дана//тана* > *дән*.

М. Қашқари арғулар тіліндегі *қакіді* деген сөзге мынадай түсінік береді. «Қакіді» — ол ондін қакіді — ол одан ашуланды, қылған ісінен қапа болды (*қакі, қақімақ*). Бұл сөз арғулар тілінде *қакіјур* (*қақыйур*) түрінде қолданылады. Арғулар бұл бөлімдегі және келер шақ етістіктерді отырып сөйлесуге мүмкіндігі болмаған жағдайда *отыру қылып* (?) сөйлейді. Бұл ережеге сай келмейді. Бұл ерекшелік көрсетілген тілдегі кемістік» (III, 285).

*Қакіді* сөзі қазақша «қақиды, қақиып қалды» дегенге келеді. Мұның түбірінде *й* дыбысы бар екенін М. Қашқаридің *қақір* (*қақыйур*) дегенінен байқауға болады. Қазақ тіліндегі «қақиды, қақиып қалды» дегеннің екі мағынасы бар: 1) *үндемей тіпе-тік отырып қалды*; 2) *ашуланды*. Мәселен, «ол үндемей қақиып қалды» дегенді «ол үндемей ашуланып қалды» деп түсінуге болады. Басқа түркі (қырғыз, өзбек) тілдерінен бұл сөзді кездестіре алмадық. Сондықтан *арғулардың* бұл сөзі қазақ тілінде сақталған деп қорытуға болады.

Арғулар жайлы басқа да материалдар М. Қашқари еңбегінің мына беттерінде кездеседі: I, 94, 114, 308, 365, 374-беттерде, II, 56, 165 беттерде, III, 167, 184, 245, 246-беттерде. Олардың ішінде де арғулар тілі, территориясы туралы құнды-құнды деректер бар. Мәселен,

III томның 167-бетінде оғуздар мен арғулар көрші тұратыны да айтылады. Бұл да тарихи шындық.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келгенде М. Қашқари еңбегіндегі арғулардың территориясы, тілі жөніндегі мәліметтер арғу мен қазақ халқының құрамындағы арғын бір екендігін дәлелдейді. Арғу мен арғынды бөліп қараушылардың пікірі (ондайлар өте аз) М. Қашқаридағы арғу тілінің деректерін жете зерттемегендіктен орын алған.

Енді *арғу//арғын* этнонимінің этимологиясын сөз етейік. Бұл жөнінде проф. Ф. Ф. Мұсабаев былай деп жазды: «Өйткені *арғу* М. Қашқаридің айтуына қарағанда «тау арасы» деген сөз. Бұларды сұғдақ (соғды-тәжік), таңғұттар қатарына қосып, түркі тіліне көшкен бөтен халықтар дейді. Осылардың қатарына арғуды қосады. Бұлай деуі шығыстан VIII ғасырда, яғни 760 жылдары келген қарлықтардың біразы аталған өлкеде қалып қойған еді. Мүмкін бұрын Батыс Алтайда Ертіс — Алакөлдің арасын мекен еткен қарлықтардың келгендерін, немесе оған дейін орын тепкен түргештерді айта ма? Әлде 950 жылдары бір түнде Баласағұнды басып алған наймандарды айта ма екен, М. Қашқари түсіндірмейді. Әйтеуір арғу жергілікті 5 нүшібидің бірі емес, сондай-ақ ол арғын да емес. Бірақ қазақ халқына енген бір тайпа екені анық. Бұл сөз арабша *мал баққыш* деген *әргуй* дегенінен алса керек,— деп шамалаймын»<sup>199</sup>.

Ф. Мұсабаев мұнда арғулардың кім екенін (түргеш пе, найман ба?) дәл айтпайды. Оның

---

<sup>199</sup> Мұсабаев Ф. Аталған еңбегінің 74—75-беттері.

үстіне арғулар түркі тіліне көшкен бөтен халық дегені де дәл емес. Өйткені М. Қашқари арғулар екі тілде сөйлейді, — дейді (I, 65). Арғулар Алтайдан осы атпен көшіп келсе, оның аты қалайша араб тілінен алынады. Арабтар VIII ғасырда Талас өзенінен бері аспағаны белгілі емес пе! Сол себептен *арғу* араб сөзі деудің қисыны келмейтін сияқты.

І. Қ. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақов *арғын* атауын *аркагун* деген сөздің өзгерген түрі деп қарайды: *аркагун* < *арган* < *арғын* < *аргу* < *арка*<sup>200</sup>. Ал *аркагун* терминіне авторлар А. Н. Кононов еңбегінен мынадай сілтеме келтіреді: «Арка «поколение», где *-гун* — аффикс множественности, собирательности».

Ал бұл сілтемені тексергенімізде былай болып шықты: «Ср. так же *арқағун*» Familie, Verwandte (W. Radloff. Altturkische Inschriften der Mongolei, с. 161), где *-гун* — аффикс множественности, собирательности; *арқа* «поколение», см. прим. 63»<sup>201</sup>. Сонда *арқағун* сөзі «семья», «родственник» дегенді білдірген».

Ал бұл терминді *арғын* этнониміне жақындастыру үшін әлі де тарихи факторларды ойластыру қажет сияқты. Сол себептен де авторлардың «казахский этноним *арғын* является, на наш взгляд, усеченной формой или фонетическим вариантом от *арган*, *аргагун* со значением «племенное объединение», «племенной союз», «множество племен»<sup>202</sup> деген пікірлерін қызықты деп есептей отырып, өз көңілімізде

<sup>200</sup> Кеңесбаев С. К., Жанұзақов Т. Д. О лексических пластах..., с. 83.

<sup>201</sup> Кононов А. Н. Родословная туркмен, с. 81.

<sup>202</sup> Кеңесбаев С. К., Жанұзақов Т. Д. О лексических пластах..., с. 83—84.

көптен жүрген кейбір ойларымызды ортаға салмақшымыз.

Біздің ойымызша, *арғын* этнонимі екі компоненттен құрылған: *ар+ғын*. Бұның ең қиыны — бірінші компоненті. Асылында бұл этноним үйсін, қаңлы, алшын, түркі, қыпшақ сияқты көне атаулардың қатарына жатады. Сондықтан мұндағы сөз түбірін қазіргі тілдік деректермен түсіндіру мүмкін емес. Этноним ертеде жасалғандықтан, оның тілдік негізі де көне заманда жатыр.

*Ар* түбірінен бірнеше мағынадағы сөз тараған. Біз оның бәрін келтіруді қажет деп таппадық.

Белгілі тюрколог А. М. Щербак соңғы бір үлкен еңбегінде көне түркі тілінің бір түбірлі сөздерінің тізімін берген. Автор мұнда ата түркі тілінің бір туынды сөздерін қалпына келтіруді мақсат еткен. Ол өз еңбегінде бұл сөздер арқылы көне түркі жазуы пайда болғанға дейінгі дәуірден 7—8 ғасыр бұрынғы тіл деңгейін көрсетуге тырыстым,<sup>203</sup>— дейді.

А. М. Щербак мұнда *ар* сөзін омоним ретінде қарап, былай түсіндіреді:

\* *ар* I чистый.

\**ар* II 1) «противоположная сторона», «зад», «спина»; 2) «класть что-либо, перевешивая на другую сторону», «переходить через какой-либо предел, превышать что-либо». (Там же).

Бұл екі түбірден түркі тілдерінде бірнеше мағыналы сөздер өрбіген: *І таза, жақсы, қасиетті, сұлу* деген мағынадағы сөздерге

---

<sup>203</sup> Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970, с. 193.

В. В. Радлов сөздігінен мынадай деректерді келтіруге болады:

*ары* /alle Dialecte/... 3) [Kom. Kumd. Osm — *ару*] *чистый, святой*. 2) *арығ* [Schor. Leb. Sag. Koiv. Ktsch.— *ару, ары, арык, ерік, аріғ, аруғ*] 1) *чистый, святой*... (I том, I часть).

Қазақ тіліндегі «ару», «ару қыз» деген тіркестер осы сөздің қатарында. «Армысыз» деп амандасу да «аурудан тазасыз ба, амансыз ба» дегенді білдіріп, этимологиясы жағынан осы түбірге саяды.

II *ар* сөзінің омонимдік тағы бір мағынасы — «қарама-қарсы жақ», «арт жақ», «арқа» екені айтылды. Түркі тілдерінде осы түбірден шыққан *арқа* сөзі «батыс» дегенді де білдіреді. Яғни кісі бетін шығысқа беріп тұрады, сонда алды — шығыс (бет жақ), арқасы (арты) — батыс, оң қолы — оңтүстік, сол қолы — солтүстік.

Сондықтан *арқа* сөзіне В. В. Радлов сөздігінде мынадай түсінік беріледі: «*арқа* (Алт. Тел. Шор. Қир. Қкир. Қас. Ком.) 1) спина, затылок, часть спины между лопатками, задняя часть — *арқа йаны* (Тел.) «страна, куда обращена спина, запад». (Там же).

Біз жоғарыда келтірілген *ар* сөзінің омонимдік екі мағынасының соңғысы *арғын* этнонимінің этимологиясына тарихи жағынан жақын келеді деп ойлаймыз. Егер қытай нұсқасында көрсетілгендей алуындар (арғындар) V ғасырда Тарбағатайда өмір сүрген болса, онда бұл ат гундардың батысқа қозғалмаған кезінде, яғни ертеде қойылған болып табылады. Алуындардың (арғын) бұл жерде V ғ. өмір сүргені туралы Г. Е. Грумм-Гржимайло былай



дейді. «Они (т. е. алуны.— А. А.) первоначально населяли долину р. Кобук в Восточном Тарбагатае, т. е. жили к юго-западу от карлуков, откуда, очевидно, и передвинулись на юг, к подножьям Восточного Тянь-Шаня. Время этого переселения, однако, нам неизвестно»<sup>204</sup>.

Бұдан шығатын қорытынды: арғындар (алуны) V ғасырда және одан бұрын Тарбағатай маңында болса, онда олар көне гундардың батысында болады. Сонда *ар+ғын//ғун* — «батыс *гун//ғун* > *ғын*» деген болып шығады.

Арғын этнонимінің екінші компоненті *ғун//гун* > *ғын* дедік. Бұған төмендегідей дәлелдер келтіруге болады. Ю. Зуевтің зерттеулеріне қарағанда, *ғун//қун* сөздерімен келетін этнонимдер көп және олардың бәрі де көне қытай нұсқаларындағы хундармен бірдей<sup>205</sup>.

Біз *гун//кун* элементтерімен келетін бірер мысал келтірумен ғана шектелеміз. Көрнекті тюрколог А. Н. Кононовтың зерттеулеріне қарағанда *түрк* сөзінің этимологиясы былай: *түр+кун* > *түрк*<sup>206</sup>. Оның бұл жөніндегі ең қысқа пікірін келтірейік: «Само же слово *туркун*... состоит из двух элементов — *түр+аффикс* множественности-собирательности-*кун*, который, с известной долей вероятности, восходит к древнетюркскому слову *кун* — «народ» (Малов С. Е. Памятники, с. 397); «род», «фа-

---

<sup>204</sup> Грумм-Гржимайло Г. Е. Западная Монголия и Уранхайский край, с. 59.

<sup>205</sup> Зуев Ю. А. К этнической истории усуней.— «Труды ИИАЭ АН КазССР», 1960, т. 8, с. 11—13.

<sup>206</sup> Кононов А. Н. Опыт анализа термина турк.— «Советская этнография», 1949, № 1, с. 40—47.

милия» (Малов С. Е. Енисейская письменность тюрков, с. 108). Автор *арқағун* деген деген осы *-ғун* арқылы жасалғанын көрсетеді <sup>207</sup>.

А. Н. Кононов сол сияқты қырғыз этнонимінің этимологиясын талдағанда да *-ғын* түркі тілдерінде жинақ-көптік жалғауы екенін көрсетеді <sup>208</sup>.

Көне гундардың түркі тайпаларының құрамында жиі кездесетіні жөніндегі деректерді Ю. Зуевтың мына зерттеулерін келтірумен аяқтаймыз: «По нашим данным, китайской передаче *хунь* (варианты: *сюн, сюнну, кунь, кунь-у, хунь-у*; производные: *кунь-се, хунь-се*) в древнетюркских языках соответствует термин *құн* (*вар, ғун*) — «племя», «народ»... Вместе с тем эти племена имели и другие самоназвания: *гунны — усунь, гунны — агач-эри, гунны — киркуны, гунны — табгач, гунны — он-ок, гунны — команы, гунны — йомуты* и т. д. Иными словами, термин *құн* (гуни) служил для обозначения определенных родовых и племенных организаций и включал в себя понятие «рода» или «племени», связанного единством этнического происхождения.

Такая интерпретация термина, как кажется, только и может объяснить наличие большого числа древнетюркских племен, известных под названием *гуннских*» <sup>209</sup>. Бұл арада монғол, бурят-монғол, қалмақ тілдерінде *хун* сөзі «адам», «кісі» екенін ескерте кетейік.

Жоғарыда келтірілген фактілер гундардың

---

<sup>207</sup> Кононов А. Н. Родословная туркмен, с. 81.

<sup>208</sup> Кононов А. Н. Еще раз об этнониме «қырғыз». — Тюркологические исследования, Академику К. К. Юдахину. Фрунзе, 1970, с. 20.

<sup>209</sup> Зуев Ю. А. Тамги лошадей, с. 128.

түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының құрамына енгеніне ешбір шүбә қалдырмайды. Ал гундардың тілі түркі семьясына жататындығы да қазір ғылымда дау туғызбайтыны белгілі.

Енді *арғу* этнонимінің М. Қашқари заманындағы (XI ғ.) мағынасына келейік. Ол осы сөзге жақын келетін бірнеше сөздің мағынасын түсіндіреді: «*арғун* — ұзындығы жарым кез келетін тышқан жынысындағы бір жануар, жардың жарық жерлерінен шымшықтарды аулайды, қойға атылса, етін сарғайтып жібереді. Ұйқыдағы адамға атылса, ол кісінің несебі жүрмей қалады» (1, 142).

Бұл кішкене жыртқыш аңның аты ешбір түркі тілінде сақталмаған, сондықтан ол тотемдік мағынаға ие болып, үлкен елдің атына айналуына ешбір жағдай болмаған. Сол себептен *арғын* этнонимін бұл аң атымен жақындастыруға ешбір негіз жоқ.

М. Қашқари еңбегіндегі арғуларға байланысты мынадай түсінік беріледі: «*арғу* — екі тау арасы; Тараз және Баласағұн арасындағы шахарларды һәм Арғу дейді. Өйткені ол екі тау арасында» (1, 148). Мұнда екі тау арасы *арғу* деп аталатыны айтылған. Осы сөзден етістік те жасалған: «*арғулады* — аралады, арасынан өтті. *Ол іккі кіші ара арғулады* — ол екі кісі арасынан жүріп өтті (*арғулар, арғуламақ*)» (1, 308).

*Арғулады* етістігінің түбірі — *арғу*. Ал *арғу* сөзінің түбірі *ар* екенін М. Қашқари еңбегіндегі *арқучи*—посредник (1, 159), *арқуқ*—перекладина (1, 134) сөздерінен байқауға болады. *Арқун* сөзі де осы түбірден болса керек: «*арқун* — жабайы жылқыдан шыққан (қашқан)

үй байталының құлыны: ол бәйгеге түскенде ең жүйрік ат болады» (1, 132). М. Қашқари еңбегіндегі бұл сөз «будан», «қоспа», «арасынан шыққан» дегенді білдіреді. Қазіргі түркі тілдерінің ішінде ұйғыр және қырғыз тілдерінде ғана осы мағынада *арғын* сөзі бар.

Бұл келтірілген фактілердің бәрі көне түркі *ар* сөзінен бірнеше мағыналы сөз дамып шыққанын дәлелдейді:

\**ар*  $\left\{ \begin{array}{l} қа — противоположная сторона, зад, \\ \text{спина, запад} \\ \text{ғу//а (арғу//ара) промежуток между ка-} \\ \text{кими-либо предметами) ...} \end{array} \right.$

Біздіңше М. Қашқари заманында *арғын* этнонимінің «батыс гун» деген мағынасы ұмытылған, өйткені арғулар бұл кезде шығыс Тарбағатайдан оңтүстікке келіп қоныстанған болатын. Арғулардың Талас пен Баласағун аралығына көшуі ХІ ғасырдан көп ерте болуы да мүмкін. М. Қашқари заманында *арғу* сөзі «ара», «аралық» деген мағынада қолданылғандықтан, ол *арғу(н)* этнонимін де осы мағынада түсінген. М. Қашқари кезінде *арғын* этнонимінің *арғу* түрінде қолданылуының екінші себебі сөз соңындағы сонар *н* дыбысының түсіп қалғышытығынан болса керек. Бұл құбылыс туралы көрнекті тюрколог Н. Қ. Дмитриев былай деп жазған болатын: «Сонорные *р, л и н* в тюркских языках принадлежат к числу неустойчивых согласных. Явление это отмечается в некоторых современных языках, но, по-видимому, восходит к древним... Согласный *н* в тюркских языках также принадлежит к числу неустойчивых и часто выпадает, особенно в

исходе слова, создавая этим аналогию с монгольскими языками»<sup>210</sup>.

М. Қашқари еңбегінде бұл этноним көбіне көп *арғуча*, *арғулар* түрінде кездеседі, ендеше сөз аяғында жалғау қосылғанда *н* дыбысының түсіп қалуы — көне түркі тілдерінде болған құбылыс. Сол себептен де этноним *арғун* түрінде емес, *арғу* түрінде қолданылуы әбден заңды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайық:

1) Тарихи шығармаларда, әсіресе М. Қашқари еңбегінде кездесетін *басмыл* мен *арғын* бір тайпа емес.

2) М. Қашқари еңбегіндегі *арғулар* мен қазақ халқының құрамындағы *арғын* бір тайпа одағы. Оны тарихи деректер де және жоғарыда М. Қашқари еңбегінен келтірілген лингвистикалық мағлұматтар да толық дәлелдейді.

3) *Арғын* этнонимінің ең көне этимологиясы

*ар* («кері жақ», «арт жақ», «арқа», «батыс») + *ғун* (*құн//гунн*) — «ру», «тайпа», «кісі» сөздерінен құралған. Кейін М. Қашқари зама-

нында, орта ғасырларда, осы көне түркі *ар* сөзінен дамып шыққан *ар+ғу* (*ара* — промежуток, середина) сөзі *арғу* (*н*) этнонимі мағынасының өзгеруіне (десемантизация) ықпал жасаған. Бұл жағдайға, біріншіден, түркі-монғол тілдеріндегі сөз аяғындағы *н* дыбысының тұрақсыздығы себепші болса, екіншіден, *құн//күн*, *ғұн//гун* сөзінен жасалған этнонимдер

---

<sup>210</sup> Дмитриев Н. К. Неустойчивое положение сонорных *р*, *л*, *н* в тюркских языках.— ИСГТЯ, I. Фонетика. М., 1955, с. 279.

қысқаруға бейім келеді. Соңғысына А. Н. Кононовтың  $түр+құн > түр+к$  этимологиясы дәлел бола алады.

**КЕРЕЙ.** Этнотопоним. Целиноград облысы, Қорғалжын ауданындағы көл және соған құятын өзен аты. Керейлердің бір бөлегінің бұл маңда орналасу тарихы төменіректе айтылады.

Керейлердің тарихы, шығу тегі, қоныстану шегі туралы Н. Г. Потанин, Г. Грум-Гржимайло, Н. Аристов, В. Бартольд, А. П. Чулошников, С. Аманжолов, Ю. Немет, Ж. Болатов, В. Востров пен М. Мұқанов т. б. жазды.

Тарихи әдебиетте Рашид-ад-диннің еңбегінде керейлер тарихына, оның рулық құрамына және Шыңғыс-ханмен соғысына көп орын берілген<sup>211</sup>. Бұл тарихи мәліметтерге қарағанда Шыңғыс үстемдігіне дейін керейлердің өз мемлекеті болған<sup>212</sup>. Олар Ұлы Қытай қорғанына шекаралас орналасқан: яғни керейлер Онон, Керулен өзендерінің бойын, Урғаның оңтүстік батысында таулы Долон өлкесін, Көке-нор көлі маңын, Селенгі, Арғын өзендерінің бойын мекендеген.

Есукей баһадур мен Шыңғыс-ханның тұсында олардың Он-хан деген патшасы болған. Он-хан (Ван-хан) деген атты оған қытайлар берген, ал оның шын аты — Тогорил. Маркуз, Бұйрық-хан, Он-хан бастаған керейлер Шыңғыс-ханмен 10 жылдан астам соғысып, ақыры 1203 жылы жеңіліс табады<sup>213</sup>.

---

<sup>211</sup> Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. I, кн. I, М.—Л., 1952, с. 126—135.

<sup>212</sup> Сонда, 75-б.

<sup>213</sup> Рашид-ад-дин. Сборник летописей, т. I, кн. I, с. 130—131; Аманжолов С. Көрсетілген еңбегінің 50—51-беттері.

Керей мен наймандар мәдениет жағынан монғолдардан жоғары болған. Бұл туралы В. Бартольд былай деп жазды: «...несомненно, что монголы Чингис-хана находились на очень низкой ступени культуры, даже по сравнению со своими соплеменниками керейтами и найманами, от того тотчас после объединения Монголии, еще до покорения культурных областей, явилась необходимость сделать заимствование у покоренных народов»<sup>214</sup>. В. Бартольд бұдан кейін көне ұйғыр жазуын монғолдар керей мен наймандардан алды деп көрсетеді (*Сонда*).

Монғолдардан жеңіліс тапқан керейлер батысқа қарай қашуға мәжбүр болды. Керейдің біразы Алтайда қалғанымен көпшілігі Ертіс бойымен Омбыға дейін, одан әрі оңтүстік-батысқа қарай орналасты. Көне керейттердің кейбірі Батыс Қазақстанға дейін көшіп, Кіші жүздің құрамына кірді де, Орталық Қазақстанға қоныстанған керейлер Орта жүздің құрамына енді.

Басқыншылықпен келген Жоңғар қалмақтары қуылғаннан кейін, ХІХ ғасырдың аяғында Семей (Зайсан, Қарқаралы, Өскемен, Павлодар уездері) және Ақмола (Омбы, Петропавл, Көкшетау, Ақмола уездері) облыстарын мекендейді. Керей деп аталатын кейбір тайпалар татар, алтай, тува, ноғай, қарақалпақ, өзбек, башқұрт халықтарының құрамында кездеседі<sup>215</sup>. Керейлердің қысқаша тарихы осындай.

Керейлердің шығу тегі туралы ең алғаш

---

<sup>214</sup> Бартольд В. В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Ч. II, 1900, с. 416.

<sup>215</sup> Востров В., Мұқанов М. Аталған еңбектерінің 57—58-беттері.

жазған Н. Аристов, Ховорс сияқты ғалымдар бұларды түркі тайпалары деп қараса, Грумм—Гржимайло бұған шүбә келтірді. Ал В. Бартольд керейлерді де, наймандарды да монғол тектес деп есептеді. Бұл мәселенің егжей-тегжейіне дейін және керейлердің түркі тектес екендігі С. Аманжоловтың еңбегінде <sup>216</sup> дәлелденгендіктен, біз тоқталып жатпаймыз.

*Керей* этнонимінің этимологиясы туралы пікір алғаш рет Рашид-ад-диннің еңбегінде кездеседі. Ол былай деп жазды: «Кераит. Рассказывают, что в древние времена был один царь; он имел семь (восемь) сыновей, и все они [были] смуглые. По этой причине их называли кераитами. После того, с течением времени, каждое из ответвлений и потомства тех сыновей получило особое имя и прозвище. До самого последнего времени собственно кераитами называют одну [племенную] ветвь, в которой был один [действительный] государь; остальные сыновья стали слугами того брата, который был государем, из них же государя не было. [Впрочем], Аллах больше знает» <sup>217</sup>. Рашид-ад-диннің бұл айтып отырғаны, біздіңше, халық аузындағы аңыздың негізінде жазылған. Сондықтан да ол «мұны бір алла біледі» деп шүбә келтіреді. Біздіңше, бұлардың бәрі—«халықтық» этимологиядан туған нәрселер.

*Керей* этнонимінің этимологиясы туралы арнайы мақала жазған венгр ғалымы Ю. Неметтің пікірі ерекше көңіл аударарлық. Ол «Керейт, керей, гирай» деген мақаласында, бұл этноним Алтайдан Венгрияға дейін таралға-

---

<sup>216</sup> Аманжолов С. Аталған еңбегінің 46—52-беттері.

<sup>217</sup> Рашид-ад-дин. Аталған еңбегінің 128-беті.



нын айтады. Ол *керей* термині венгрдің «кер» және түркіше «кер» («высокий», «поднимающийся») деген сөздерінен алынған, *кер* сөзі әуелі көне түркі тілінде «высокий», «поднимающийся» деген мағынада болған, қазір бұл сөз венгр тілінде осы мағынада қолданылады және мадьярлардың (венгрлердің) ішінде «кер» деген тайпа бар дейді <sup>218</sup>.

*Керей* этнонимінің этимологиясын ашуға акад. Ю. Неметтің бұл пікірі негіз болып табылады. *Кер* түбірі бір кезде түркі тілдерінде «тау», «қыр», «жота», «тау басы», «биігі» ретінде қолданылғанына мына деректер дәлел бола алады.

«*Кэриш* — басына шығу мүмкін болған әрбір таудың басы (уғуз тілінде)» <sup>219</sup>. Мұнда М. Қашқари *керіш* сөзіне «тау басы» деп түсінік беріп тұр. Мұндағы сөз түбірі *кер* және оған сөз тудыратын *-иш* жұрнағы қосылып жасалғанын аңғару қиын емес. Осы мағынадағы *керүү* сөзі қазіргі қырғыз тілінде сақталған.

«*Керүү* 1 верх горы или склон высокой горы, покрытый травой; *керүү тартқан бел* — длинный и широкий склон горы» <sup>220</sup>.

Абайдың: *Керенау кердең бір керім, Жақпайды-ау маған сол жерің*, — деген өлеңіндегі *кердең, керім* сөздері өзін жоғары, паң ұстайтын адам жөнінде айтылып тұр. Осы сөздердің де түбірі — *кер* (биік, тау басы). Алтай тілін-

---

<sup>218</sup> Nemeth J. (Bt). «Kereit, Kerey, Giray». Ural-Altäische Jahrgüher, Vol, 36, Fase. 3—4, 1965, с. 360—365.

<sup>219</sup> Қашқари М. Диван лұғат түрк, I-т, 1960, 350-б.

<sup>220</sup> Юдахин К. К. Киргизско-русский словарь. М., 1965, с. 379.

де — *кер куш* — огромная сказочная птица; *кер балық* — кит; *кер бұқа* — мамонт <sup>221</sup>.

Топонимдердің құрамында кездесетін алтай, үндіевропа, семит-хамит семья тілдеріндегі «тау» мәніндегі *қар//кер, ғар//гер, қара//гара (гора)* сөздерін алғаш салыстырған Э. М. Мурзаев болды: Орта Азия, Қазақстан, Жоңғария және Монғолияда *қара, гара, хара* — «сопка» «возвышенность», ягнобша *гар* — «гора», афганша *гар//гур* «гора», санскритше *гири* — «гора», грузинше *гори* — «гора», авестийше *гаігі* «гора», хотанша — *гаг, гагі* — «гора» т. б. <sup>222</sup>. Автор бұл параллельдерді келтіргенімен, бірінен екінші тіл алды деп көрсетпейді. Мұнысы дұрыс та.

Семит-хамит, картвель, үндіевропа, урал, дравид және алтай семья ата тілдері туыстас деп қарайтын В. М. Иллич — Свитычтың еңбегінде *кар//кер//қр* формадағы сөздер «тау, тас, шың» мағынасында осы семья тілдерде тарағандығы көрсетіледі: Семит-хамит семья тілдерінде: арабша *гага* «скала, холм», сомали тілінде *қаг* — «край, высокая гора», галла тілінде: *қага* — «вершина, край», герка тілінде *кіг* — «гора» т. б. Үндіевропа семья тілдерінде: армянша *каг* (<*кoг*) — «камень, скала», көне ирланд тілінде *саггас* — «скала, камень» т. б. Картвель семья тілдерінде: грузинше *каг* — «высокий утес», алтай семья тілдерінде: көне түрікше *қугууқ* — «край, предел», туваша *куг*, қарағасша *куг* — «грань, горный хребет», көне

---

<sup>221</sup> Баскаков Н., Тоцакова Г. М. Ойротско-русский словарь. М., 1947, с. 80.

<sup>222</sup> Мурзаев Э. М. Природа Синьцзяна..., с. 342—343.

ұйғырша (Қашқари) қуғ — «гора», көне қыпшақша (Булг.) қуған — «край, берег», түркменше, азербайжанша гуғаг — «край, берег», чувашша хеге, хеггі — «берег, край, кромка», монғолша кіга — «гребень, возвышенность», тунгуз тілдерінде кіга — «край, холм, возвышенность» т. б. <sup>223</sup>.

Бұл келтірілген фактілер *кер* сөзінің «тау, қыр, қырат» мағынасында алтай тіл бірлестігі заманынан да бұрын бар екенін және оның өзі ностратикалық тілдерде кең тарағанын дәлелдейді. Оның осы «тау, қырат биік, үлкен» мағынасы көптеген түркі — монғол тілдерінде сақталған.

Сөз түбірінің *кер* екеніне бұдан жасалған сөздер дәлел бола алады. Мәселен, қырғыз тіліндегі *кереч* сөзіне Қ. К. Юдахин мынадай түсінік береді: «*кереч* — название горного лекарственного растения» <sup>224</sup>. Шор халқында *кереш* деген тайпа бар екенін В. В. Радлов жазған болатын <sup>225</sup>. Бұл сөздердің де түбірі — *кер*.

Сонымен керей этнонимінің түбірі *кер(е)* болса, + (*е*) *й* қосымшасы не? Біздіңше, бұл — сөз тудыратын көне жұрнақ. Мәселен, мұндай сөз тудыратын жұрнақ ертеде болғанын, Алтай топонимі сол арқылы жасалғанын Б. Я. Владимирцов жазған болатын <sup>226</sup>.

Г. И. Рамстедт монғол тілінде *ai* сөз туды-

<sup>223</sup> Илич-Свитыч В. М. Опыт сравнения ностратических языков. М., 1971, с. 340—341.

<sup>224</sup> Юдахин К. К. Аталған сөздігінің 378-беті.

<sup>225</sup> Радлов В. В. Опыт словаря..., т. II, ч. 2, с. 1093.

<sup>226</sup> Владимирцов В. Я. Географические имена орхонских надписей, сохранившиеся в монгольском.— «Доклады АН СССР», 1929, В. № 19. с. 170.

ратын жұрнақ екенін айта келіп, алтай тобына жататын басқа тіл фактілерімен салыстырған-ды <sup>227</sup>.

Бұл жұрнақтың сілемі қазақ тілінде *ана-й, әке-й, жеңге-й, шеше-й, ата-й* т. б. сөздерде сақталған. Оны проф. А. Ысқақов «Зат есімнің рендік мән тудыратын жұрнағы» деп атайды <sup>228</sup>. Азербайжан тілінде бұл жұрнақ әй түрінде <sup>229</sup>.

Келтірілген фактілер *-(е)й* жұрнағының бір кезде өнімді болғанын, қазір қолданылуы сәреп, қызметі де өзгергенін байқатады. Ал оның көне мағынасы қазіргі қазақ тіліндегі *-лық* жұрнағына жақын. Сонда *кер(е)* (тау, жота, қыр) + *(е)й* (сөз тудыратын жұрнақ) түрінде жасалған *керей* этнонимі «таулық», «қырлық» («қыр қазағы» дегенді салыстырыңыз) дегенді білдірген.

Ал *керейт* деген этноним де осы керейдің бір тармағы, соңғы *-т* көне көптік жалғауы.

**НАЙМАН.** Этнотопоним. VIII—X ғасырлардан бастап Шыңғыс-хан дәуіріне дейін Монғолия мен Тарбағатайда Найман мемлекеті болған.

Наймандар жөнінде Н. А. Аристов, А. М. Позднеев, В. В. Бартольд, Б. Я. Владимирцов, Ә. Х. Марғұлан, С. Аманжолов, чех ғалымы П. Поуха, жапон ғалымы С. Мураяма, Л. Л. Викторова, М. Тынышпаев, В. Востров пен М. Мұқанов т. б. авторлар жазды.

<sup>227</sup> Рамстедт Г. И. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, с. 182—183.

<sup>228</sup> Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі, морфология. Алматы, 1964, 236-б.

<sup>229</sup> Севортян Э. В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. М., 1966, с. 180.

Наймандар тарихын соңғы кезде жете зерттеген автор — Ленинград ғалымы Л. Л. Викторова. Оның зерттеулеріне қарағанда, «сегіз оғуздар» VIII ғасырдың орта шенінде Хангайдың батысын Тарбағатайға дейінгі жерді мекендеген. 947 жылы қидандар қазіргі Монғолия территориясынан қырғыздарды қуып шыққаннан кейін, осы жерде сегіз тайпа одағының басын құраған найман деген ұлыс аты пайда болады. Дәл осы жерде наймандардың мемлекеті құрылады <sup>230</sup>.

Рашид-ад-дин өз еңбегінде наймандар тарихына арнайы бөлім беріп, олар туралы толық мағлұмат келтіреді. Мұнда наймандар Шыңғыс үстемдігіне дейін үлкен мемлекет болғаны, олар жоғарыда көрсетілген территорияны қырғыздарды қуып жіберіп алғаны, наймандардың шежіресі және Шыңғыс-ханмен ұзақ соғысы егжей-тегжейіне дейін баяндалады <sup>231</sup>.

Шыңғыспен көп соғысқан Таян хандығы кезінде наймандар Орхон өзені мен Ертіске, Қалба тауынан Шыңғыс жотасына дейінгі аралықты мекендеген. Шыңғыс-ханның империясы құрылған кезде, наймандар Үгедей ұлысына енген де, Алтай тауының батысы мен оңтүстігінде, Нарым жотасында, Зайсан маңында және Ертіс бойында көшіп жүрген. Наймандар Шыңғыстан жеңілгеннен кейін, Балқаш көлінің батысы мен Алакөлге дейінгі жерге көш-

---

<sup>230</sup> Викторова Л. Л. К вопросу о найманской теории происхождения монгольского литературного языка и письменности XII—XIII вв.—«Ученые записки ЛГУ», № 305, Серия востоковедческих наук», вып. 12, 1961, с. 149—151.

<sup>231</sup> Рашид-ад-дин. Сборник летописей, т. I, кн. I, с. 135—140.

кен. Ал олардың біраз бөлегі Сырдария мен Ұлытауға, Есіл өзенінің маңына қарай ауған. XV ғасырда Ұлытау наймандары Әбілхайыр ханға бағынған.

XIX ғасырдағы наймандардың мекені Ертіс бойы (Өскемен, Семей, Омбы, Павлодар облыстары), Жетісу (Талдықорған облысы), Сырдария маңы және Ақмола облысы болған<sup>232</sup>. Наймандардың қысқаша тарихы осындай. Наймандардың шығу тегі түркі ме, жоқ монғол ма деген мәселенің маңында соңғы кезге деген айтыс болып келді.

А. М. Позднеев, И. Н. Березин, В. В. Бартольд, Б. Я. Владимирцов сияқты ғалымдар наймандардың тегі — монғол деді. Бұл авторлар *найман* этнонимі монғолдың *найм* (сегіз) деген сөзінен қойылған, сондықтан олар монғол болуы керек деп жорамалдады.

Ал Н. Аристов, Г. А. Бобровников, Х. Ховорс, чех ғалымы П. Поуха, жапон ғалымы С. Мураяма, Ә. Марғұлан, проф. С. Аманжолов, Л. Л. Викторова наймандар тарихын, тілін және ономастикалық деректерін терең зерттей келіп, наймандардың шығу тегі түркі екендігін бұлтартпай дәлелдеді және ғылымда осы пікір қабылданды<sup>233</sup>.

Проф. С. Аманжолов наймандардың түркі тектес екендігіне мынадай дәлелдер келтіреді: 1) Рашид-ад-диннің еңбегінде наймандар Оғуз ұрпақтарына жатады; 2) Рашид-ад-диннің өзі найман хандары мен бектерінің аты түркі екендігін анықтап түсіндірген: *Кучлук хан* — «ұлы,

---

<sup>232</sup> Востров В. В., Муқанов М. Родо-племенной состав и расселение казахов, с. 64—65.

<sup>233</sup> Там же, с. 60—62.

күшті хан», *Инанч-Еке-Туку* — «сенімді, ұлы Туку», *Еді-Туклук* — «жеті тулы», *Бай-барах-Белчир* — Бай-Барақ — кісі аты, *белчир* — «жайлау, сазды жер»; 3) қазақ және қырғыз халықтарының құрамындағы наймандардың ру аттарының этимологиясы түркі тілдерінен табылады: *бура* (верблюды), *қаратай* (черный жеребенок), *бағаналы* (бағана таңбалы), *балталы* (балға таңбалы), *ергенекті* (ергенек таңбалы), *теріс-таңбалы*, *күн-найман* (солнечный найман), *бүйі-найман* (тарантул-найман), *киік-найман* (джейран — найман) т. б. <sup>234</sup>.

Екінші автор Л. Л. Викторова монғол тілдес кидандар X ғасырда *segiz oгуз* деген этнонимді өз тілдеріне аударып, *найман* деп атай бастады, наймандардың негізі түркілер деп қарайды. Наймандар түркі тектес деген пікірге қосыла отырып, біз де өз тарапымыздан төмендегідей дәлелдер келтірмекпіз.

Рашид-ад-дин Шыңғыс-хан үстемдігіне дейін наймандардың Нарқыш-Таян және Эниатқаан деген хандары болды, Эниат-ханның Бұйыруқ және Таян деген ұлдары бар еді, «бұйыруқ» деген сөздің мағынасы «бұйырық беруші» деп жазды <sup>235</sup>. Мұндай етістіктен зат есімнің жасалуы — *бұйыр* (етістік) + *ық* (етістікті зат есімге айналдыратын жұрнақ) — түркі тілдерінде әбден заңды <sup>236</sup>.

Сол сияқты Бұйырық-ханның бір бегінің аты — Коксэку-сабрақ *كوكساكوسابراق* мұны

---

<sup>234</sup> *Аманжолов С.* Вопросы истории и диалектологии..., с. 52—61.

<sup>235</sup> *Рашид-ад-диннің* аталған еңбегі, 136-б.

<sup>236</sup> *Севортян Э. В.* Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке, с. 200—202.

Көксаку-Сабрақ деп те оқуға болады. Бұл ат жөнінде Рашид-ад-дин былай деп жазыпты: «В тех пределах той зимой обитал бек из беков Буюрук-хана, его имя Куксэку-сабрақ; Куксэку означает человек, у которого голос, вследствие кашля и боли в груди, стал густой, а Сабрақ есть название места, которое называют по тому человеку»<sup>237</sup>. Мұндағы *куксэку* (дұрысы көксаку) сөзін қазақтың *көксау* (чахотка), башқұрттың *кукһау* (чахотка) сөздерімен салыстыруға болады. *Көксаку* > *көксау* өзгерісі түркі тілдеріне тән. (*Тақ//тағ* > тау формасымен салыстырыңыз). Рашид-ад-дин *куксэку* «көкірек ауруы» деп дұрыс көрсеткен. Найман бектері мен әмірлерінің аты осылайша түркі тілінде түсінікті болып келеді. Бұл айтылғандардың бәрі наймандардың түркі тектес екенін берік дәлелдейді.

*Найман* этнонимінің этимологиясы туралы проф. С. Аманжолов былай деп жазды: «В дополнение к мнению Аристова следует сказать, что монголы не могли нумеровать все в соседстве с ними живущие племена. И следа такого акта нумерации племен вообще нет. Поэтому корень слова *найман*, возможно, состоит из тюркского (здесь ссылка на словарь Л. Будагова. — А. А.) *нажы//найы* — «друг» плюс *ман//мен* — как это в слове «тюркмен». Последний аффикс, по мнению М. Кашкари, означает «подобно» или «похож». Возможно еще, что слово — аффикс *ман*, заимствованное у арабов, вначале означало «человек», потом превратилось в аффикс. Доказательством это-

---

<sup>237</sup> Рашид-ад-дин. Сборник летописей, с. 111—113; Аманжолов С. Вопросы истории и диалектологии..., с. 55.



му служат еще такие древние слова-термины, как: *атарман* (букв: «стреляющий человек», «стрелок»), *шабарман* (посыльный, рассыльный, курьер), *аламан//аларман* («войско, букв. «человек берущий или забирающий») и др.»<sup>238</sup>.

С. Аманжоловтың бұл этимологиялық болжауына біз қосыла алмаймыз. Ол *нажы//найы* сөзі түркі тілінікі дейді де, Л. Будаговтың сөздігіне сілтеме жасайды. Ал сөздікте бұл сөз алтай тіліне монғол тілінен енген делінген: «алт. *نايي* найы или *ناص* (с монг.) друг»<sup>239</sup>.

Шынында да қазіргі алтай тілінде *нады* (дос) деген сөз бар. Бұл басқа түркі тілдерінен тува тілінде *найырал* (дружба), хакас тілінде *нанңы* (друг) формаларында кездеседі. Ал басқа түркі тілдерінде кездеспейді, сондықтан бұл сөз монғол тілінен ауысқан деген пікір әбден дұрыс. Монғол тілінде *найз* сөзі «дос» дегенді білдіреді<sup>240</sup>. Ендеше алтай, тува, хакас тілдеріндегі жоғарыда көрсетілген сөздер — осы монғол тіліндегі *найз* сөзінің өзгерген түрлері. Олай болса, монғолдың *найз//найдж* сөзі мен арабтың *ман* сөз жұрнағынан бірігіп *найман* этнонимінің жасалу мүмкіндігі жоқ.

*Найман* сөзінің этимологиясы монғол тілінен түсіндіріледі деген Л. Л. Викторованың пікірі, біздіңше, тарихи жағынан да, лингвистикалық жағынан да дұрыс. Өйткені VIII—X ғасырларда сегіз оғуз аталған түркі тайпалары X ғасырдан бастап *найман* аталады. Ал

---

<sup>238</sup> Аманжолов С. Вопросы истории и диалектологии..., с. 53—54.

<sup>239</sup> Будагов Л. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Т. II. Спб., 1871, с. 280.

<sup>240</sup> Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 116-б.

*найм//найма* (н) сөзі монғол және бурят-монғол тілдерінде «сегіз» дегенді білдіреді<sup>241</sup>. Ендеше *сегіз* (*огуз*) этнонимін монғолдар өз тіліне аударып қолданған да, осыдан түркі тайпа одағының аты *найман* аталып кеткен. Этнонимдерді бұлай кальки жолымен аударып қолдану тарихта көп кездеседі: *қыпчақ* — половцы, *қарақалпақ* — черные клобоки т. б.

Сөйтіп, наймандар тегі жағынан түркі болғанымен, олардың атын тарихи ситуацияға байланысты монғолдар қойған.

**ҚОҢЫРАТ.** Этнотопоним. Қарағанды облысындағы қала аты. Қоңыраттар өзбек, қарақалпақ, қырғыз, қазақ халықтарының этностық құрамына енген. Қоңырат тайпасының тарихы жөнінде А. Левшин, Н. Аристов, В. В. Радлов, В. В. Бартольд, С. П. Толстов, Т. А. Жданко, С. М. Абрамзон, С. Аманжолов В. В. Востров, М. С. Мұқанов т. б. жазды.

*Қоңырат* жөніндегі тарихи, этнографиялық және географиялық мәліметтер Т. А. Жданко, С. Аманжолов, В. Востров пен М. Мұқанов еңбектерінде толық айтылғандықтан, біз бұл деректерді барынша қысқа түрде ғана келтіріп өтеміз<sup>242</sup>.

Тарихи әдебиетте қоңыраттар туралы толық мағлұмат Рашид-ад-диннің еңбегінде кездеседі. Ол былай деп жазады: «Примерно за две тысячи лет до настоящего (времени) у того

---

<sup>241</sup> Черемисов К. М. Бурят-монгольско-русский словарь, с. 335.

<sup>242</sup> Жданко Т. А. Очерки исторической этнографии каракалпаков. М., 1960, с. 118—121; Аманжолов С. А. Вопросы истории и диалектологии..., с. 61—65; Востров В. В., Муканов М. С. Родо-племенной состав и расселение казахов, с. 75—78.

племени, которое в древности называли монгол, случилась распря с другими тюркскими племенами и закончилась сражением и войной. Имеется рассказ, [передаваемый со слов] заслуживающих доверие почтенных лиц, что над монголами одержали верх другие племена и учинили такое избиение среди них, что в живых осталось не более двух мужчин и женщин. Эти две семьи в страхе перед врагом бежали в недоступную местность, кругом которой были лишь горы и леса и к которой ни с одной стороны узкой и труднодоступной тропы, по которой можно было пройти туда с большим трудом и затруднением. Среди тех гор была обильная трава и здоровая по климату степь. Название этой местности Эргунэ-кун. Значение слова *кун* — косогор, а *эргунэ* — крутой, иначе говоря, «крутой хребет». А имена тех двух людей были Нукуз и Қиян. Они и их потомки долгие годы оставались в этом месте и размножались»<sup>243</sup>.

Рашид-ад-дин еңбегінің «Қоңырат тайпасы» деген бөлімінде бұл тайпа сол Эргунэ-кун деген жерге кеткен екі кісіден тараған деп көрсетеді. Бұлардан туған үш ұл «алтын құмырадан» жаралған, бұл сөздің мәнісі — әкелері ақылды, білімді адам болған дегенді білдіреді, — деп жазады Рашид-ад-дин<sup>244</sup>. Тегінде бұл еңбекте қоңыраттар тарихына көп орын берілген<sup>245</sup>. Ондағы мына бір қызық мәліметті айта кетпей болмайды. Жоғарыда айтылған Қиян

---

<sup>243</sup> Рашид-ад-дин. Сборник летописей, т. I, кн. I, с. 153.

<sup>244</sup> Сонда, 160-б.

<sup>245</sup> Сонда. 153—165-б.

деген кісіден тараған ұрпақ көбейіп, сан-сан руға бөлінгендіктен, оларды Қият деп атаған. Осы Қияттан қоңырат тарайды. Ал Қият огуз тайпаларының бірі екенін, қарақалпақта Нөкіс (астанасы осы атаудан алынған) деген тайпа одағы бар екенін ескерсек, қоңыраттардың түркі тайпасы екендігіне шүбә қалмайды.

Қоңыраттар Дешті-Қыпшақта Әбілхайырханның үстемдігін күшейтуде және Ақсақ Темір мен оның ұрпақтарымен күресте үлкен роль атқарған. Мәселен, XIV ғасырдың 60-шы жылдарында қоңырат тайпасынан шыққан Хұсайын Хорезмді жаулап алады да, кейінірек Хорезмнің солтүстік-шығыс аймағы қоңыраттардың билігіне көшеді. Одан соң өзбек және қазақ хандарының талас-тартыс кезеңінде олар Дешті-Қыпшақты тастап, Мәуереннахр жаққа көшіп, Хиуа хандығында қоныстанып, қарақалпақ халқының құрамына кіреді. Бірақ қоңыраттардың басым көпшілігі қазақ жерінде қалады, оның тұқым-әулеті осы күндері де Шымкент облысының Шәуілдір, Түркістан, Арыс, Созақ аудандарында және Қызылорда, Қарағанды облыстарының кейбір аудандарында өмір сүреді. XVIII ғасырда Қаратау қоңыраттары мен Жетісу наймандары Абылайханның әскери күшін құрады. XIX ғасырда Қаратау қоңыраттарының бір бөлегі солтүстікке, Қорғалжын көліне дейін жайлауға барып жүрген.

Уәли-хан заманында (1716—1821) қоңыраттар Орта жүзден бөлініп Бұхар, Қоқан, Ташкент аймақтарында көшіп жүрген. (В. Востров пен М. Мұқановтың көрсетілген еңбегінің 75—78-беттері). Қоңыраттардың қысқаша тарихы осы. *Қоңырат* этнонимінің этимологиясы

хақында С. Толстов, Т. Жданко, С. Абрамзон, С. Аманжолов жазды. Т. Жданко қазақ, өзбек және қарақалпақ халықтарының құрамындағы қоңырат тайпаларына жататын ру аттарын зерттей келіп, бұлар бірдей емес екенін көрсетеді. Ол ру аттары жағынан өзбек пен қарақалпақ қоңыраттары жақын екенін, ал қазақ қоңыраттары олардан бөлек екенін нақтылы фактілермен дәлелдейді. Ол қазақ қоңыраттары туралы былай деп жазыпты: «Списки родовых названий казахского племени конграт подтверждают, что в его состав входили тюркские, а не монгольские роды»<sup>246</sup>.

Шынында да Рашид-ад-дин еңбегіндегі, өзбек, қарақалпақ және қазақ халықтарының құрамындағы қоңыраттар арасында қандай байланыс бары жөнінде әлі де зерттеу жұмысын жүргізу керек, сондықтан біз қазақ халқының құрамындағы қоңыраттардың ғана этимологиясын сөз етеміз.

*Қоңырат* этнонимінің этимологиясы жөнінде С. Аманжолов былай деп жазды: «Однако само название *конграт* (*конгр* — караконь, *ат* — конь) показывает, что это одно из древних тюркских племен, носящее тотемическое название. Монголы называли бы его по-монгольски. Тотемическое название — это собственный выбор данного рода и племени»<sup>247</sup>.

С. М. Абрамзон да *қоңырат* атауы екі сөзден құралған деп қарайды: *қоңыр* (бурый) + *ат* (конь). Бірақ осылай деп қойылуын ол басқаша түсіндіреді. «Среди родовых названий, ука-

---

<sup>246</sup> Жданко Т. А. Очерки исторической этнографии каракалпаков, с. 119.

<sup>247</sup> Аманжолов С. Вопросы истории и диалектологии..., с. 62.

зывают на большое значение масти лошадей в войсковых формированиях у киргизов, отметим следующие: *боз* — белый, сивый, серый и т. п. (племя найман), *тору* — гнедой (племя черик), *тору-айғыр* — гнедой жеребец (племя кыпчак), *күрең* — темно-рыжий и др. Не исключено, что и название племени конырат (под таким же названием известны племена в составе узбеков, казахов и др. тюркских народов) имеет прямое отношение к древней военной организации (не выступали ли воины из этого племени на темно-бурых конях?)»<sup>248</sup>.

Сөйтп, себептерін әр түрлі көрсеткендерімен С. Аманжолов пен С. Абрамзонның пікірі бір жерден шыққан: *қоңыр+ат*. Біз осы этимологияны қостай отырып, өз тарапымыздан төмендегідей дәлелдермен толықтыра түспекпіз.

Біздіңше, атаудың қойылуы осы тайпа одағы жауынгерлерінің жауға қоңыр атқа мініп шығуына байланысты болуы ықтимал деген С. Абрамзонның пікірі ойға қонымды. Өйткені көне заманда арнайы әскери форманың болмағаны белгілі. Ендеше өз әскерін басқадан айыру үшін бірыңғай түсті атқа мініп жаугершілік жасау заңды да. Түркі халықтарының ішінде *алаатшын* (қ. *алшын*), *қарат* (*қара+ат*) деген рулардың аты да жылқының осы түстеріне байланысты қойылған. Кей жағдайда өз әскерін жаудан ажырату үшін бір түсті бас киім де пайдаланылған: *қара қалпақ*, *қызыл бас* (жауға басына қызыл орамал тартып шапқан) т. б. Мұндай атаулар кейін халық атауына айналып отырған. Ертеде тайпалар бір-бірімен

---

<sup>248</sup> Абрамзон С. М. К семантике киргизских этнонимов.— «Советская этнография», 1946, № 3, с. 129.

малы араласып, жоғалып кетпеуі үшін бір тайпа бірыңғай түсті мал ұстайтын болған. Әсіресе жылқы малы осылай екен. Бұл жағдайлар қырғыз халқының атақты «Манас» жырында жиі айтылады.

Енді қоңыраттар түркі ме, монғол ма деген мәселеге келейік. Проф. С. Аманжолов қоңыраттардың Жорлық-мерген, Кубай-шері (сері), Тасбода, Дай-ноян, Елші-ноян сияқты ру және кісі аттарының түркі сөздерінен жасалғандығын тірек ете отырып, қоңыраттар түркі нәсілінен деген қорытындыға келеді.

Біздің байқауымызша жалғыз бұл атаулар ғана емес, Рашид-ад-диннің қоңырат руынан шыққан басқа да кісі аттары монғол тілінен емес, түркі тілінен түсіндіріледі: *Даритай* (дәрі+тай кісі атын жасайтын жұрнақ), *Буюр* (бұйрық), *Қалмыш-ака* (қалған аға), *Кутукту* (бақытты), *Үтемен* (Өтеген — алдыңғы ұл өлгесін туған бала), *Кутлуг-Тимур* (күтты темір) т. б. Бұл келтірілген фактілер *қоңырат* этнонимі түркі сөзінен жасалғанын және өздері де түркі тайпасы екенін дәлелдейді.

**ШАПЫРАШТЫ.** Жергілікті жерде айтылуы *чапырашты*. Жамбыл облысындағы қыстақ аты. Ұлы жүзге енетін үлкен тайпа аты. ХІХ ғасырдың аяғындағы, ХХ ғасырдың басындағы тарихи деректерге қарағанда шапырашты тайпасы қазіргі Алматы, Жамбыл облыстарының шекаралас аудандарында мекендеген. Қазақтың атақты дүлдүл ақыны Жамбыл Жабаев шапырашты тайпасына жататын екей руынан шыққан. Шапырашты тайпасы жөніндегі ертелі-кешті тарихи деректер В. Востров пен М. Мұқановтың еңбегінде толық келтірілген, біз оларға тоқталмаймыз <sup>249</sup>.

Бұл этнотопонимнің этимологиясы жөнінде жазылған пікір жоқ. Алайда проф. С. Аманжоловтың мына пікіріне көңіл бөле кетейік: «Чапырашты — основное племя. К нему относятся бестамгалы и чымыр. Все они из Старшей орды. Возможно, что они имели в общественной жизни равный вес, но мы должны выделить именно род чапырашты, поскольку название и рисунок его тамги соответствует названию этого племени»<sup>250</sup>. Мұнда ру таңбасы атына сай келеді делінген. Бірақ таңба нені білдіретінін автор айтпағандықтан, *шапырашты* сөзінің мағынасы күңгірт қалған. Авторлардың диалектизм деп берген *шабара* (арбаның қанаты — оңтүстік диалектісінде), *шабра* (шыбық кәрзеңке — корзинка из прутьев — Жамбыл ауданы, Жамбыл облысы тұрғындарының тілінде) сөздері<sup>251</sup> *шапырашты* сөзіне қатысы бар-жоғын біле алмадық.

Дегенмен сөз этимологиясын толық шешіп тастамағанымен, осы сөзге қатысы бар-ау деген төмендегідей деректерге көз салайық.

Біздіңше, *шапырашты* атауы парсының (иран тілдес) *чапраз* деген сөзінен алынған. Л. З. Будагов, сөздігінде *чапраз* сөзіне мынадай түсінік берілген: «тур.

چاپراز  
 в.м. персид. چپراست сокращ. из چپراست  
 1) пуговица в форме шарика с кисточками, с петлями из золотой нашивки; 2) большой ме-

<sup>249</sup> Востров В. В., Муканов М. С. Родо-племенной состав и расселение казахов, с. 50 и сл.

<sup>250</sup> Аманжолов С. Вопросы истории и диалектологии..., с. 16.

<sup>251</sup> Сонда, 277, 415-б.



таллический пояс, который носили янычарские капралы, называвшиеся *قرموللقپى*, они били ими солдат; *چىرازلر* клетки на шахматной доске»<sup>252</sup>. Бұл сөзге В. В. Радлов мынадай түсінік береді: «*Чапраз* (Осм, КРМ) из персид. *چپراست* 1) поперечная пуговка; 2) *ашчы чапразы* — жилет с двойным рядом пуговиц, 3) *марангоз чапразы* — пила для заострения зубьев пилы». «*Чапразлы* (Осм. Р). 1) снабженный пуговицами, застежками и т. д.; 2) носящий особого рода пояс или жилет; 3) пила о трех зубцах»<sup>253</sup>. Мұндағы келтірілген екі мысалда да авторлар *чапраз* сөзі парсынікі деп көрсетеді. Бұл сөз түрікмен тілінде мынадай мағыналарға ие:

«*Чапраз I* 1) женское серебряное или позолоченное украшение, пришиваемое к полам халата вверху; 2) моток нити (обычно шелковой) в виде восьмерки; *Чапраз II* бот. бурачек пустынный, бурачек полевой. *Чапраз III* разводка пилы»<sup>254</sup>. Бұл сөз түрік тілінде «перекрещивающийся, скрещивающийся» деген мағынаны береді<sup>255</sup>. Ұйғыр тілінде «*чапрас* — крест на крест; *чапрас қилип қоймақ* — положить крест на крест»<sup>256</sup>.

Жоғарыда келтірілген *чапраз* сөзі мағыналарының ішінен Л. Будагов сөздігіндегі «пуговица в форме шарика с кисточками» деген атаудың мағынасын дұрыс ашатын сияқты,

<sup>252</sup> Будагов Л. Сравнительный словарь..., т. I, с. 453.

<sup>253</sup> Радлов В. В. Опыт словаря..., т. III, ч. 2, с. 924.

<sup>254</sup> Туркменско-русский словарь. М., 1968, с. 723.

<sup>255</sup> Карманный турецко-русский словарь. М., 1968.

с. 59.

<sup>256</sup> Уйгурско-русский словарь, с. 212

өйткені бұл сөздің мағынасы шапыраштылардың ру таңбасына да дәл келді. Сөйтіп, Ұлы жүз үйсін тайпа одағына кіретін екей, асыл, шыбыл, теке, есқожа, кеней, еміл, айқым руларының басын қосқан тайпа одағы таңбасына сай (түйме — парсыша *чапраз*) *шапырашты* атанған. Этимологиясы: *чапраз* (ескі парсыша — түйме) + *ты* -*шапырасты* > *шапырашты*. Мұндай түрде жасалған ру-тайпа аттары қазақта толып жатыр: балталы, бағаналы, ергенекті, сіргелі, тарақты т. б. және осы рулардың таңбалары да балта, бағана, ергенек, сірге, тарақ суреттеріне ұқсас.





## ҚОРЫТЫНДЫ

Біз жоғарыда түркілердің арғы атасы саналатын *ашина* атауына, *үйсін*, *қаңлы*, *дулат*, *алшын*, *арғын*, *керей*, *найман*, *қоңырат*, *шапырашты* сияқты қазақ халқының құрамына енген ең ірі этнонимдерге тарихи-этимологиялық талдау жасадық. Бұл атауларды тарихи-лингвистикалық тұрғыдан талдау арқылы біз қазақ халқы негізінен жоғарыда аталған түркі тайпа одақтарынан құралғанын байқаймыз. Бұның өзі қазақ халқының негізі түркі тайпа одақтарынан құралған деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Алайда қазақ халқының құрамына иран, араб, монғол тектес компоненттер де енгенін жоққа шығаруға болмайды. Мәселен, иран тілдес болған сақтардың бір тобы өз тілін жоғалтып, қазақтың ертедегі құрамына мүлдем сіңіп кеткен.

Бұған *Созақ* (су сақтары) атауының жер атында, шежіреде сақталуы дәлел болады.

Ал *Созақ* атының этноним ретінде сақталмауы бұл процестің өте ертеде болғандығын дәлелдейді.

Ал араб әулеті болып саналатын қожалар-

дың қазақ халқының құрамына енгенін Ш. Уәлиханов айтқан болатын <sup>257</sup>.

Қожа деп аталатын кейбір рулар оңтүстік аймақтарда күні кешеге дейін сақталып келген. Бұдан шығар қорытынды там-тұмдап болса да қазақ халқының этностық құрамына арабтар да енгені байқалады.

Қазақ халқының құрамына аз-аздап монғол элементтері де енген. Бұл туралы С. Аманжолов былай дейді: «Отуречены только не монголы, точнее отдельные группы монголов, которые были оторваны от основной массы, служили в ясах, в отрядах монгольских войск и в силу других обстоятельств не могли больше вернуться к себе на родину»<sup>258</sup>.

Қазақ халқының құрамына монғолдар енгенін Ш. Уәлиханов та айтқан болатын <sup>259</sup>. Бұларды төрелер деп те атаған <sup>260</sup>. Осы мәселеге байланысты проф. Г. Д. Санжеевтің де мына пікірі көңіл аударарлық. «В результате завоевательных походов человеконенавистника Чингис-хана монголы оказались разбросанными далеко друг от друга — от Волги и Кавказа до Желтой реки в Китае, где отдельные крупные массы монголов осели навсегда, порвав всякие связи со своей исконной родиной, когда вскоре же империя Чингис-хана, не имевшая под собою никаких прочных экономических основ, рухнула и распалась на ряд самостоятельных государств и уделов. Все это привело к тому,

---

<sup>257</sup> *Валиханов Ч.* Собрание сочинений. Т. I. Алма-Ата, 1961, с. 214.

<sup>258</sup> *Аманжолов С.* Вопросы истории и диалектологии..., с. 33.

<sup>259</sup> *Валиханов Ч.* Собр. соч., т. I, с. 210.

<sup>260</sup> *Мұқанов С.* Аталған еңбегінің 17, 31-беттері.

что еще только складывающаяся единая монгольская народность, вышедшая на широкую арену в начале XIII в., оказалась обескровленной и обессиленной в результате завоевательных походов своих эксплуататоров»<sup>261</sup>.

Осынша аймаққа тараған монғолдар өз тілі мен мәдениетін сақтап қалуы мүмкін емес еді. Сондықтан монғол топтары жалғыз қазақ халқының құрамына ғана емес, басқа да түркі халықтары құрамына енгені ақиқат.

Қазақ халқының құрамында қатаған, маңғытай рулары бар<sup>262</sup>. Рашид-ад-динде катакин — монғол руы<sup>263</sup>. Ал маңғыт та монғол руы екенін Т. Жданко айтады<sup>264</sup>. Ендеше осы сияқты ұсақ рулар қазақ халқының құрамына енуі әбден ықтимал. Бұл мәселелерді зерттеу — келешектің ісі.

Қазақтың ірі этнонимдерін этимологиялық зерттеу арқылы кейбір тарихи-лингвистикалық тұжырымдар да айтуға тура келеді. Жоғарыда талдау жасалған сөз түбірлері де, қосымшалары да—сонау көне заман көрсеткіштері. Олардың кейбірінің түбірі ностриатикалық тілдер тұрғысынан (*керей*) каралса, кейбірі (*ашина, үйсін, қаңлы, созақ, дулат, алшын, арғын, қыпшақ*) көне замандағы түркі-монғол тіл ортақтастығы және көне түркі тілдері дәуірінде жасалған деп танылды. Ал кейбір атаулар (*най-*

---

<sup>261</sup> Санжеев Г. Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. Т. I. М., 1953, с. 5.

<sup>262</sup> Востров В. В., Муканов М. С. Родо-племенной состав..., с. 26, 77.

<sup>263</sup> Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. I, кн. I, с. 178.

<sup>264</sup> Жданко Т. А. Очерки исторической этнографии каракалпаков, с. 123.

ман, шапырашты) иесінің тегі түркі тайпалары бола тұрса да, басқа халықтар тілінен қойылған.

Ертедегі түркі-монғол тілдеріндегі *-сын// //шын* (үйсін, алшын), *-/a/т, -/e/ й, -ты* сияқты ру-тайпа аттарына қосылатын көне қосымшалар сыры ашылды.

Көне замандарда этнонимдер құрамында кездесетін бұл жұрнақтар арқылы кейінгі дәуірлерде де ру, тайпа аттары жасалды. Мәселен, көптік мағынаны білдіретін *-т* жұрнағы арқылы *керейт* (керейт деп те аталады), *күрлеу-іт*<sup>265</sup>, *меркіт*<sup>266</sup>, *түркіт* (тарихи этноним)<sup>267</sup> т. б. этнонимдер құралған.

Ал *-ай, -ей, -и* жұрнақтары қосылып жасалған атауларға, біздіңше, мына этнонимдер жатады: *адай, жантекей, матай, өгей, шөмекей* т. б.

Қазақ этнонимдерінің жасалуындағы ертеден келе жатқан өнімді жұрнақтың бірі *-ты* (*-ті, лы//лі, ды//ді* варианттарымен). Бұған сөз түбірінің этимологиясы әлі зерттелмеген *байбақты, жағалбайлы, шекті, ысты* сияқты атаулар жатады. Тарихи жағынан алғанда көптеген ру, тайпа таңбаларының аты этнос атына өтіп отырған. Мәселен, *балталы, бағаналы, бестаңбалы, шанышқылы, сіргелі, ошақты, тарақты, ергенекті, оңтаңбалы, терістаңбалы* т. б. атаулардың түбір сөздері таңба атын білдірсе, оларға *-лы* (варианттарымен) жұрнағы қосылу арқылы этнонимдер жасалған.

Этноним және этнотопоним жасауда осындай көптеген ескілі-жаңалы жұрнақтар қолда-

<sup>265</sup> Мұқанов С. Халық мұрасы. Алматы, 1974, 24-б.

<sup>266</sup> Аманжолов С. Вопросы истории и диалектологии..., с. 65.

<sup>267</sup> Гумилев Л. Н. Древние тюрки, с. 66 и сл.

нылған және оларды тереңдете зерттеп ашу — келешекте істелетін шаруалар.

Біздің бұл ізденістеріміз этнонимдерді, этнотопонимдерді және олардың этимологиясын тарихи-лингвистикалық тұрғыдан зерттеудің басы деп есептейміз. Қазақ халқының этногенезі, шежіресі және басқа да этнонимдердің этимологиясын зерттеу сияқты күрделі мәселелерді шешу үшін тарих, этнография және тіл мамандарының тізе қосуы керек. Аталған проблемаларды марксистік ілім тұрғысынан жүйелі және ғылыми бағытта тереңдете зерттей беру совет ғалымдарының алдында тұрған ардақты борышы деп білеміз.

Ең соңында айтарымыз: еңбекте қазіргі социалистік ұлт болып қалыптасқан қазақ халқының ертедегі этностық құрамы, этногенезі тек қана тарихи тұрғыдан сөз етілді, бүгінде Совет Одағының басқа да халықтарымен бірге кемелденген социалистік қоғам құрып, коммунизмге сеніммен ілгері басып бара жатқан қазақ халқының ежелгі тарихы лингвистикалық тұрғыдан да қызықты екені баяндалды.



## МАЗМҰНЫ

Кіріспе . . . . .	3
Түркі және қазақ этнопонимдері мен этнонимдері бойынша тарихи-этимоло- логиялық зерттеулер . . . . .	16
Қорытынды . . . . .	121





**Абдрахманов Айтым**  
**ЭТНОТОПОНИМИКА КАЗАХСТАНА**  
(из истории исследования)  
(на казахском языке)

*Утверждено к печати Ученым советом Института  
языкознания Академии наук Казахской ССР*

Рецензенты: член-корреспондент АН КазССР  
А. И. Искаков, кандидат филологических наук Е. Койчубаев.

Редактор *Егеубаева З.*  
Худож. редактор *Мальцев А. Б.*  
Оформление художника *Мальцева А. Б.*  
Техн. редактор *Ророкина З. П.*  
Корректор *Оспанова З.*

**ИБ № 510**

Сдано в набор 7.02.79. Подписано в печать 16.04.79.  
УГ03043. Формат бумаги 70×90<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Типографская № 1.  
Литературная гарнитура. Высокая печать. Усл. п. л. 4,6.  
Уч.-изд. л. 5,3. Тираж 1650. Заказ 20.  
Цена 80 коп.

Издательство «Наука» Казахской ССР.  
Типография издательства «Наука» Казахской ССР.  
Адрес издательства и типографии: 480021, г. Алма-Ата,  
Шевченко, 28.

